



ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ
ТҰРАҚТЫ ДАМУ
ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015

БАЯНДЫ БОЛАШАҚҚА
ҰМТЫЛУ ЖОЛЫНДА



МАЗМҰНЫ

I КІРІСПЕ

Бас директордың жолдамасы	4
Маңызды аспектілер және мүдделі тараптармен әрекеттесу	6

II ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШОЛУ

КПО өндірістік нысандары	12
Біздің өнімдер мен экспорттық бағыттарымыз	13
2015 жылындағы өндірістік қызметтер	14
Кен орнын игеру жұмыстары	16

III ЖАУАПТЫ ОПЕРАТОР

Басшылық және басқару жүйелері	17
Этикалық тәртіп	21
Қауіпсіздік техникасы	23
Өндіріс тұтастығын басқару	33
Денсаулықты қорғау	38
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету	44
Қызметкерлермізді дамыту	46

IV ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Экологиялық басқару жүйесі	58
ҚОҚ бойынша 2015 жылына арналған шаралар жоспарын орындау	59
Атмосфераға тасталатын шығарындылар	62
Қоршаған орта мониторингі	66
Энергия тұтынуды реттеу	73
Су қорларын пайдалану	76
Қалдықтар мәселесін басқару	79
Биологиялық алуан түрлілік	83

V ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫҚПАЛ

Әлеуметтік инфрақұрылымға демеу	86
Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік	89
Экономика дамуына қосқан үлесіміз	95

VI ЕСЕП БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Есеп туралы мәлімет	101
GRI есептілігі көрсеткіштерінің кестесі	102
Даму кепілдігіміз	114
Терминдер мен қысқартулар	116



Жұмыс уақытын жоғалтумен тіркелетін оқиғалар көрсеткіштері

0,11

Жол-көлік оқиғалар көрсеткіштері –

0,03

Жалпы тіркелетін оқиға көрсеткіштері –

0,30



ҚПО-ның тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді өндіру

141,7 млн б.м.э.

рекордтық деңгейге жетті



Кадрлардың ұлттандыру тұрғысы жетекшілер санатында

79%-ға,

ал кәсіби мамандар мен орта буын басшылар санатында

96%-ға жетті

Қарашығанақ кенішінде өндірілген газды пайдаға асыру

99,85%

құрады



Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ҚПО-ның қазақстандықамту көрсеткіштері

48,78%

құрады



1 400 м

көлденең ығысып бұрғыланған, тереңдігі

6 662 м

құрайтын ұңғыма бұрғыланды



Қарашығанақ кен орнында айтарлықтай шикізаттардың төгілуіне байланысты

0 оқиға орын алды

БІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕМІЗ



КАРАЧАГАНАК ПЕТРОЛИУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б.В. (КПО) ШЫҒАРҒАН СЕГІЗІНШІ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП, БІЗДІҢ КОМПАНИЯМЫЗДЫҢ ДАМУЫ БОЙЫНША АТҚАРАТЫН БҰЛЖЫМАС ҰСТАНЫМЫЗ БЕН МІНДЕТТЕМЕМІЗДІ АЙҚЫН КӨРСЕТЕДІ. 2009 ЖЫЛЫ КПО ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА САЙ ДЕРБЕС ШЫҒАРҒАН БІРІНШІ КОМПАНИЯ БОЛДЫ. АЛ 2014 ЖЫЛЫ КПО ЕСЕПТІЛІК ЖӨНІНДЕГІ 4 ЖАҒАНДЫҚ БАСТАМА (GRI G4) НҰСҚАУЛЫҒЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ ЖАРИЯЛАҒАН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ АЛҒАШҚЫ КОМПАНИЯ БОЛДЫ.

Тұрақты дамудың қағидаларын басты назарда ұстай отырып, біз «тұрақты даму – бүгінгі күн талаптарын қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне өз кесірін тигізбейтін даму процессі деп айқындалған Брутланд комиссиясының «тұрақты даму» туралы жалпыға бірдей арналған анықтамасына бағдар жасаймыз.

КПО коммерциялық ұйым ретінде тұрақты дамуға өз үлесін қосу тұрғысынан келесіні қарастырады:

- компанияның қатысуына байланысты туындаған мүмкіндіктерді барынша пайдалану және оның кері әсерін азайту;
- қабылданған шешімдердің ұзақ мерзімді салдарын назарға алу;
- мүдделі тұлғаларды конструктивтік диалогқа тарту;
- корпоративтік басқару мен айқындықтың ең жақсы тәжірибелерін практикалық тұрғыдан енгізу.

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ЖОЛДАМАСЫ

Құрметті оқырмандар,

Мен, сіздердің назарларыңызға, «Қарачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстан филиалының сегізінші тұрақты даму туралы есебін ұсынуға өте қуаныштымын. Бұл есеп біздер үшін ұзақ уақыт бойы негізгі байланыс құралы болып келеді және тұрақты дамуға бағытталған үздіксіз міндеттемелеріміздің жарқын көрінісі болып табылады.

Есептілік жөніндегі жаһандық бастамасының (GRI) жаңа G4 нұсқаулығында ұсынылған стандарттарына сай, бейқаржылық есепте ең үздік халықаралық тәжірибені ұстануға тырыса отырып, мүдделі тараптармен тұрақты ынтымақтастықтың арқасында 2015 жылы қол жеткізген әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салаларындағы көрсеткіштері көрсетілді. Бұл көрсеткіштер осы бөлімде қысқаша, ал келесі тиісті бөлімдерде толық қорытындыланып, сипатталған.

2015 жылы КПО бүкіл әлем бойынша мұнай-газ өнеркәсіп саласындағы туындаған барлық қиындықтарға қарамастан, жоғары өндірістік нәтижелерді сақтай алды. Қарашығанақ сияқты ауқымды жобаларды дамыту – ағымдағы нарықтық жағдайында күрделі болып келеді.

Қауіпсіздік техникасы және нысандардың тұтастылығы

Мұнай-газ өндірісі жоғары технологиялық өнеркәсібі болса да, қауіпті материалдармен жұмыс жасауды қамтиды және біз осы саладағы қол жеткен жетістіктерге мұнымен тоқтамауымыз қажет. Өндірістік жұмыстарды қауіпсіз түрде жүзеге асырып, жазатайым оқиғалар санын нөлге келтіру – біздің негізгі мақсатымыз.

2015 жылы КПО мен мердігер ұйымдардың жарақат алу нәтижесінде еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар көрсеткіші (LTI) 0,11 құрады. Бұл 2014 жылы қол жеткізген 0,20 көрсеткіштен төмен. Жол-көлік оқиғалар көрсеткіштері де 2014 жылы тіркелген 0,10 деңгейден 2015 жылы қол жеткізген 0,03 деңгейге дейін төмендеді. Дегенмен, өткен жылы тіркелген 8 оқиға өндірістік жұмыстарына қатысты емес.

Біз кез келген әлеуетті оқиғалардың алдын алу және Қарашығанақ кенішінде қызмет көрсетіп, жұмыс жасап жүрген өзіміздің, мердігер және қосалқы мердігер ұйымдар қызметкерлерінің хабардарлығын арттыруға тырысамыз. Осы мақсатта, 2015 жылы КПО технологиялық қауіпсіздік жөніндегі бөлімі мен нысандар тұтастығы бойынша бөліміөзара біріктіруін жалғастырды. Осы бірігу барысында нысандардың тұтастығын басқару жүйесі, тосқауыл модельдері және өзгерістерді басқару жүйесі енгізілді.



Өндіру және өнімді өткізу

2015 жылы Қарашығанақ кенішінде, көмірсутек өндіру мұнай баламасында 141,7 млн баррелді құрады. Құрғатылған қышқыл газдың қабатқа қайта айдау көлемі 8,7 млрд текше метр құрады. Бұл өндірілген газдың жалпы көлемінің 47,4%-на сәйкес келеді. 2015 жылы жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары бекітілген кесте бойынша еш бір оқиғасыз жүзеге асырылды, атап айтқанда, күрделі жөндеу жұмыстары ГҚДҚ-3-те толығымен, ал ҚӨК-де және ГҚДҚ-2-де ішінара жоспарланып, орындалды.

2015 жылы тұрақтандырылған мұнайдың батыс нарығына жеткізілімі 10 млн тонна құрады. Бұл көрсеткіш 2014 жылы қол жеткізген көрсеткіштермен үйлеседі. «Жазғы газды» сату қосымша бағдарламаның сәтті жүзеге асыру нәтижесінде, КПО Орынбор газ өңдеу зауытына 8,8 млрд текше метр тазартылмаған газды жеткізді. Бұл газ жеткізу бойынша КПО-ның тарихи рекордтық жоғары көрсеткіші болып табылады.

2015 жылдың маусым айында КПО және «КазРос-Газ» арасындағы газ сатып алу-сату шарт мерзімінің ұзартылуы газдың Орынбор зауытына 2038 жылға дейін жеткізілуін меңзейді. Біздің жаңа ұңғымаларды бұрғылап, өндірістік нысандарына қосу бағдарламасы, өндірісті оңтайландыру және өндірістің көлемін төмендетуін болдырмау мақсатында әрі қарай жалғастырылды. 2015 жылы Қарашығанақ кенішінде бұрғылау тұрғысыдан рекордтық көрсеткішке №9848 ұңғыма арқасында қол жеткіздік. Бүгінде ол тереңдігі 6 662 м. құрайтын, 1 400 м. көлденең ығысып, бұрғыланған ең терең ұңғыма болып саналады.

Қоршаған ортаны қорғау мен іс-әрекет жасау

2015 жылы КПО-ның газды ішкі қажеттіліктер үшін пайдалану көрсеткіші 99,85% құрады. Бұл әлемдік деңгейге сай болып табылатын көрсеткіш. 2015 жылы КПО нысандарының парниктік газдар шығарындыларының үлестік көлемі (ПГ) өндірілген көмірсутектің әр бір мың тоннасына СО₂ баламасында 2014 жылы тіркелеген 75 мың тоннадан 72 тоннаға дейін төмендеді. Мұнай-газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығы жариялаған деректеріне сәйкес, мұнай өндіру өнеркәсіп бойынша КПО көрсеткіштері орташаландырылған еуропалық және халықаралық көрсеткіштерінен бұрынғыдай едәуір төмен.

Техникалық қажеттіліктері үшін тұщы су тұтыну көлемін азайту мақсатында, Компания тазартылған ағын суларды қайта пайдаланады. 2015 жылы бұрғылау ерітіндісін дайындау және шаңды басу үшін жалпы Коншубай балкадан алынған техникалық суды тұтыну көлемінен, тазартылған ағын суларды қайта пайдалану көлемі 8% -ды құрады, нәтижесінде табиғи көздерден су тарту көлемі қысқарды.

2015 жылы біздің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бақылау жүйесі ISO 14001 және OHSAS 18001 стандарттарына сәйкестік тұрғыдан бақылау аудиттен сәтті өтті. 2015 жылдың энергия аудит есептілігіне негізделі отырып, КПО 2016-2020 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған жоспарын жүзеге асыра бастайды.

Біз 2015 жылы Табиғатты қорғау туралы шаралар жоспары бойынша ұйымдастырылған екі қоғамдық тыңдауларға қатыстық.

Қарашығанақ кенішіні кеңейтуге байланысты болашақ жұмыс қарсаңында, мемлекеттік органдар есептілік жылда жаңа санитарлық қорғау зонасының (СҚЗ) жобасын ұсынып, бекітті.

Қызметкерлерді дамыту

КПО Батыс Қазақстан облысы аймағындағы ең ірі компания бола отырып, жалақысы бәсекеге қабілетті мыңдаған ұзақ мерзімді жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Өткен жылы ұлттандыру (шетелдік жұмыс күштерін жергілікті мамандармен алмастыру) бағдарламасын жүзеге асыру аясында, қосымша 8 жоғары мансап басқарушылық лауазым және 13 орта буынды басқарушылық лауазым ұлттандырылды. 2015 жылдың аяғындағы жағдай бойынша, біздің жергілікті қызметкерлер жалпы білікті лауазымдар бойынша 96%, барлық басқару лауазымдар бойынша 79% құрады.

Бұл есептік кезеңде біз қызметкерлердің дамуын қаржыландыруды жалғастырдық. Қаржыландыру көлемі бұрынғы есептік кезеңге қарағанда аз болса да, басты назарды міндетті оқу курстарына, өткен жылдары басталған үздіксіз халықаралық және кәсіби бағдарламаларына, түптілға компанияларында өткізілетін тағылымдамаларға қойдық.

Экономикаға инвестиция тарту

2015 жылы, КПО-да тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі 48,8%, ақшалай баламасында 581 млн АҚШ долларын құрады.

2015 жылы біз жергілікті қамтуды дамыту саясатымызды қайта қарастырдық, сондай-ақ, Қарашығанақ жобасында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы отандық тауарларының үлесін арттыра отырып, импорт көлемін азайтуды негізге алдық.

КПО 2015 жыл бойы түрлі деңгейдегі бірқатар бастамаларды іске асырды. Осы бастамалар ағымдағы жұмыстар барысында және жобаны болашақ кеңейту бойынша дайындау аясында әлеуетті жеткізушілердің КПО-ның сатып алу үдерісіне қолжетімділігін жеңілдетуге және олардың жоспарлау үдерісіне қосылуына бағытталған.

КПО Батыс Қазақстан облысының (БҚО) бірнеше ірі инфрақұрылымдық жобаларын қаржыландырады және осы мақсаттарға жыл сайын 20 млн АҚШ доллар бөледі. Сонымен қатар, компания 2014-2016 жылдары БҚО-ның Бөрлі ауданының жобаларын жүзеге асыру мақсатында жыл сайын 10 млн АҚШ доллар бөлді.

Жалпы алғанда, 2015 жылдың соңындағы жағдай бойынша, БҚО-ның әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту аясында КПО атынан 270 млн АҚШ долларынан астам қаржы бөлінді.

Жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынас

2015 жыл бойы жергілікті билік органдары мен жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасымыздың сәтті жалғасуының арқасында КПО Қоршаған ортаны қорғау жоспары бойынша екі қоғамдық тыңдауды жүзеге асырды.

КПО Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан ауыл сондай-ақ, Ақсай қаласының тұрғындарымен 18 консультативтік кеңес отырысын өткізді. Бұл отырыста экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелер талқыланды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 595 қаулысына сәйкес, жаңа есептік санитариялық-қорғау аймағында орналасқан елді мекендердің тұрғындары 2015 жылы көшіріле бастады. Батыс Қазақстан облысының өкімдігі болса, тұрғындардың қауіпсіз көшірілуін қамтамасыз етті.

2015 жылы желтоқсан айында көшірудің бірінші кезеңі аясында Березов және Бестау ауылдарына қарайтын 82 отбасы Ақсай қаласында орналасқан жаңа пәтерлерге қоныс аударды. Есептік жыл бойы ауыл тұрғындарымен әртүрлі консультациялар өткізілді және көшірудің екінші кезеңінің бөлігі ретінде 2016 жылы да жалғасатын болады.

Сонымен қатар, КПО есептік жыл бойы бірнеше қарттар мен балаларға қолдау көрсетуге негізделген ауылдық елді мекендерінің даму жобаларын жүзеге асырды. Осыған орай, қызметкерлеріміздің ұйымдастыруымен бірнеше қайырымдылық акциялар өткізіліп, мектеп жасындағы жергілікті мұқтаж балаларға көмек көрсету үшін қаражат жиналды.

Жолдауымыздың қорытындысында біз әрі қарай табыстарға және тұрақты дамуға бағытталған жалпы мақсаттарға, сәтті қол жеткізуге шынайы ұмтылып барлық мүдделі тараптармен ұзақ мерзімді қарым-қатынастарымыздың әрі қарай дамуына ықпал ететінімізді білдіріп, оқырмандарымызды сендіргім келеді.

Ренато Мароли
Бас директор, КПО

МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ



Қауіптер мен мүдделі тараптарды қатынасты басқару тұрғысынан, құзақ мерзімді қызметіміз үшін тұрақты дамудың біздер үшін атқаратын маңызы зор. Бұл жайлы 2009 жылда жарияланған КПО-ның тұрақты даму негіздері құжатында айқын белгіленген.

Құжатқа сәйкес, КПО-ның басты міндеті – Қарашығанақ кен орнын экологиялық қауіпсіз және экономикалық тиімді жолмен игеру, сонымен бірге жергілікті тұрғындардың әлеуметтік және экономикалық даму мүмкіндіктерін арттыру. Ұлттық қызметкерлердің кәсіби жетілу жолында, жергілікті жеткізушілерді қатыстыруда және оларға демеу көрсетуде, сонымен қатар, аймақтық қоғамдастықтардың әлеуметтік дамуында мүмкіндіктеріміз зор.

Орасан күш-жігерді талап ететін, аса нәтижелі болып келетін осындай жобадағы Кәсіпорынның ілгері жылжу барысы сегіз жыл бойы шығарылып келген Тұрақты даму туралы есептерінде айқындалып келеді.

Бұл Есепті дайындау барысында, біз қаржылық емес есеп берудің танымал және үздік халықаралық тәжірибелерін ұстанамыз. Негізгі қағидалар ретінде Есептеме жөніндегі жаһандық бастамасының (GRI) G4 нұсқамалары пайдаланылса, тұрақты даму жөніндегі тиісті ақпарат Мұнай және газ өндірудің халықаралық ассоциациясының ережелеріне сәйкес жарияланады.

Маңызды аспектілер

Біз тұрақты даму саласындағы есеп беру үдерісін жетілдіру мақсатында жылдан жылға өз жігерімізді салып келеміз. Маңызды аспектілерді және жыл сайынғы Тұрақты даму туралы есебіне қойылатын шектеулерді айқындауда GRI нұсқамаларын ұстанамыз.

Маңызды аспектілеріміз бақылаушы билік органдарымен, құрушы компанияларымызбен, «PSA» ЖШС-мен, бизнес серіктестерімізбен, мердігерлермен, жергілікті қауыммен және БАҚ өкілдерімен көп тарапты әрекеттестік нәтижесінде анықталады. Күдік тудырған мәселелерді мүдделі тараптар сабағаттық кеңестерден бастап, форумдар мен көпшілік талқылаулар, аудиттер сияқты көптеген жиналыстарда, тіпті наразылық хаттарында да білдіре алады. Сонымен қатар, тұрақты даму мүддесіне КПО-ның әртүрлі бөлімдерінің қосар үлесін өлшеу үшін жоспарлы мақсаттар мен салыстырмалы бағалар жүйесі жетілдірілген. Есеп мазмұнын дайындау барысында тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдау да жүзеге асырылады.

Материалды мәселелер КПО-ның барлық активтеріне, өнімдеріне, қызмет көрсетулеріне және қатынастарына қатысы бар тиісті экономикалық, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік әсерлерді немесе олардың мүдделі тараптармен жүзеге асырылатын бағалау және шешім қабылдау үдерісіне

ықпал етеді. Бұндай әсерлердің ішкі де, сыртқы да орын алуы анықталады.

Әрі қарай материалдық аспектілер басымдықтарына орай реттеледі және GRI жариялаудың тиісті стандартты нұсқалары таңдалады. Есептің GRI талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін, Есептеме жөніндегі жаһандық бастамасының G4 тұрақты даму саласындағы нұсқамалары (GRI 4) құжаты және оның Мұнай және газ жөніндегі қосымшасы жете зерттелген болатын. Өткен есеп беру мерзімінің маңызды аспектілері келесі есеп беру кезеңінде мүдделі тараптардың ықтимал жарияланулары жөніндегі пікірлері ескеріле отырып, қайта қаралады.

Тұрақты даму туралы есеп беру үрдісі ақпарат алмасу, деректер жинау және салааралық ішкі мен сыртқы қатынасыды қамтиды. Сонымен қатар, бұл есеп Компания ішіндегі ынтымақтастық және өзара әрекеттесуді жетілдіруде үлкен үлес қосып, есеп берудің үздік тәжірибелерін түсіну және қолдану деңгейін арттырады. Тұрақты даму бойынша есеп беру жетілдірілген сайын, Компания мен мүдделі тараптар арасындағы қатынастар да өзара жетілуін жалғастырады.

2015 жылы мүдделі тараптардың жарияланатын материалдық аспектілер жөніндегі пікірлерін жүйеленген түрде жинау мақсатында, 2014 жылдың

Тұрақты даму туралы есебі құжатының қағазға басылып шыққан даналарына пікір-жауап парағын қостық, сонымен қатар, www.kpo.kz электронды

сайтында онлайн сауалнамасын енгізу тәжірибесін қолдандық. Олардың пікірлері төмендегі 1-кесте бойынша қорытындыланды.

1-КЕСТЕ Тұрақты даму бойынша материалдық аспектілер

ӘЛЕУМЕТТІК	ЕҢБЕК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ЖӘНЕ АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕК	Қызметкерлеріміздің еңбегін қорғау және өндірістік қауіпсіздігі (біздің мердігерлер үшін де маңызды)
		Қызметкерлеріміздің денсаулығын сақтау
		Жұмысқа орналастыру және өтемақы
		Кәсіби дамыту және оқыту
		Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
		Қызметкерлер және басшылық арасындағы өзара қарым-қатынас
	АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ	Еңбек қатынастарының тәжірибесіне шағым түсіру механизмдері
		Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі
	ҚОҒАМ	Кәсіби одақтарға мүшелік және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі
		Мердігерлерді адам құқығы бойынша оқыту
Жемқорлыққа қарсы әрекет		
Жобалардың жергілікті қоғамға кері әсер еткен жағдайда шағымдану механизмдері		
Зиян шеккен жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу, зақым деңгейін бағалау және бәсеңдету тәсілдері		
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ	Төтенше жағдайларға дайындық және жергілікті қауымдастықтарды қатыстыру тәсілдері	
	Активтердің тұтастығы және өндірістік қауіпсіздік	
	Парниктік газдар мен ластағыш заттар шығарылуын азайту	
	Ауа тазалығын қадағалау	
	Қалдықтар мен қоқыстарды бақылау	
	Зиянды заттардың төгілуі	
	Су көздерін пайдалану	
	Қуат пайдалануды басқару	
	Биологиялық түрлендіру мен экожүйелерді қорғау	
	Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөнінде шағымдану механизмі	
Қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қаражат бөлу		
ISO 14001 және OHSAS 18001 куәландыру сертификаттары		
ЭКОНОМИКАЛЫҚ	Кадрларда жергілікті қызметкерлер санын ұлғайту	
	Өзіміз жұмыс жүргізетін аймақтардағы инфрақұрылымға, оның ішінде жергілікті ұйымдарға қолдау көрсетуге салынатын инвестициялардың әсері	
	Жергілікті қоғамның қуат пайдалану мүмкіндігіне бағытталған қаржы бөлу бастамалары	
	Жергілікті қамтуды дамыту және Қазақстандық тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алу үдерісіне қатыстыру	
	Сатып алу тәжірибелері мен жеткізілімдер	
	Мемлекетке жасалған төлемдердің ашықтығы	
	Есептелген айқын қорлар мен өндіріс мөлшері	

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік қатынастарын орнату – тұрақты даму үдерісінің іргетасы және бизнес өркендеуінің негізі екені әлемдік тәжірибе арқылы мойындалған жайт. Арақатынасымыздың дамуына үлес қосу мақсатында, біз мүдделі тараптарымыздың ойлары мен пікірлерін ескеруге шынайы түрде құштар болғандықтан, олармен өзара тығыз ынтымақтастық қатынастарын орнатамыз.

Тұрақты даму туралы есептегі өндірістік көрсеткіштерімізді төменде көрсетілген мүдделі тараптар тобымен бөлісеміз :

КПО бөлімдері өздерінің мүдделі тараптарын айқындай отырып, жалпыланған Есепке енгізу үшін олармен өзара қарым қатынас бойынша тәжірибелерімен бөліседі.

Жоғарыда аталып өткендей, бұл басылымда бар зейін-назарымыз мүдделі тараптарымыздың маңызды тобымен өзара әрекеттесу мәселесіне шоғырланды және, бұндай қатынасу барысында пайда болатын және шешілетін мәселелер жайы сипатталады. КПО қолданысындағы әрекеттесу тәртіптері мен әдістері есептер мен жиналыстарға, конференциялар, форумдар және талдауларға дейін түрленеді.

1-СУРЕТ КПО-ның мүдделі тараптар тобы



Бақылаушы органдар және Министрліктер

Ағымдағы іскерлік хат алмасулар мен есеп беруден басқа, біз мемлекеттік билік органдарымен қағидалық талаптарды орындау және парниктік газ шығарындыларын қадағалау, жергілікті қамту және тағы басқа сұрақтарға дейін ауысып отыратын мәселерді талқылау жиналыстарына қатысамыз.

Мысалы, КПО 2015 жылдың ақпан айында Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесін арттыру мәселесіне бағытталған өзара түсіністік жөніндегі көптеген бірлескен келісімдерге және меморандумдарға қол қойды.

2015 жылдың қыркүйек айында қазақстандық мамандардың кәсіби дағдыларын арттыру мақсатында КПО Қазақстан Республикасының Энергетика

министрлігі, «KazEnergy» қауымдыстығы, «PSA» ЖШС және «Норт Каспиан Оперейтинг Компани (NOC)» компаниясы арасындағы жасалған Түсіністік туралы меморандумның мүшесі атанды.

Кейінірек, 2015 жылдың қараша айында Қарашығанақты кеңейту жобасының 1 кезеңін жүзеге асырудың қажеттіліктерін анықтау мақсатында халықаралық және жергілікті өндірушілер үшін КПО электр жабдықтары мен кабель өнімдері тақырыбында семинар өткізді. Аталмыш шараның көздеген мақсаты қатысушылардың болжалды өнім көлемі туралы хабардар болу деңгейін арттыру және Қазақстан аймағында үлкен сұранысқа ие өнімдерді өндіруге мүдделі қазақстандық және батыс елдері компанияларының іскерлік серіктестіктерді құру ынталарына қолдау көрсету еді.



Еуразиялық ҚазЭнерджи форумы, Астана, қазан, 2015 ж.

Іскерлік серіктестер және қауымдастықтар

«KazEnergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қоғамдастығы, Қазақстан табиғат пайдаланушыларының орнықты даму қауымдастығы (КАПУР) және Қазақстандық мұнай мамандары ассоциациясы (КРА) сияқты бірлестіктермен серіктестік қарым-қатынас құру – біз үшін стратегиялық маңызы зор қадамдар. Бұл орайда, кәсіби әріптестерімізбен байланыс орната отырып, жұмыс топтары мен комитеттер секілді ықпал етудің ұжымдық әдістеріне қолымыз жететіндей мүмкіндіктеріміз бар.

2015 жылдың қазан айында «KazEnergy» қауымдыстығы мен «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ, сондай-ақ Қазақстандағы үш ірі мұнай-газ кен орындарының операторлары – «КПО», «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» және «Теңізшевройл» ЖШС Алматы қаласында «Бірлескен іс-қимыл туралы Ақтау декларациясы» тақырыбында өнім жеткізушілерінің бірлескен форумын өткізді. Форумның негізгі мақсаты – 2012 жылдың қыркүйек айында жарияланған, тауарлар мен қызметтер өндірісі бойынша отандық нарықты дамытуға қолдау көрсетуді және мұнай-газ секторы үшін қажетті және басымдығы зор тауарлық топтарды жергілікті нұсқалармен алмастыруды көздейтін Декларацияны орындау мәртебесі туралы қорытындылар жасау. Форум жұмысына 50-ден астам қазақстандық машина жасау және инженерлік кәсіпорындары, 30-дан астам астам шетел өндірушілері, сондай-ақ ҚР Энергетика министрлігі, ҚР Инвестиция және Даму министрлігі өкілдері қатысты.

Компаниямыздың 2014 жыл бойынша Тұрақты даму туралы есебі Қазақстан табиғат пайдаланушыларының орнықты даму қауымдастығы КАПУР өткізген корпоративті әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму жайында есеп берудің ашықтығы байқауында жеңімпаз атанды.

Есеп «Дизайн және ақпарат ұсынудың үздік үлгісі» номинациясында бірінші жүлдені жеңіп алды. Аталмыш байқау нәтижелері Астана қаласында 2016 жылдың 27, 28 сәуірінде өткен EcoTech 2016 – табиғатты қорғау технологиясы мен «жасыл» инновациясы атты 12

Орталық Азиялық халықаралық көрмесінде жарияланды. Дүниежүзілік табиғат пайдаланушыларының орнықты даму қауымдастығының аймақтық серіктесі болғандықтан, Қазақстанның табиғат пайдаланушыларының орнықты даму қауымдастығы Қазақстан аймағындағы корпоративті әлеуметтік жауапкершілік деңгейін осы байқау арқылы дамытуда. 2015 жылдың қараша айында мұнай, газ және энергетика саласындағы үлестерін құптау мақсатында, КПО компаниясының үш қызметкері «KazEnergy» қауымдыстығының сертификаттарымен марапатталды. Бұған қоса, бұл қызметкерлер еліміздің мұнай, газ және қуат саласындағы 80-нен астам ең негізгі тұлғалары жинақталған «Қазақстанның энергия саласындағы әйел қызметкерлері 2015» атты өмірбаяндық анықтамалыққа енгізілді.

Қызметкерлер

Қызметкерлерді тұрақты даму үдерісіне тарту – Компанияның жетістіктері мен дамуы жайында корпоративтік байланыс жасаумен қатар, оларды денсаулық сақтау мен қауіпсіздік ережелеріне қатысты зерттеулер, электронды оқытулар, форумдар және семинарлар сияқты әртүрлі мерекелер мен бастамаларға қатыстырып, басқа да еңбек қатынастарының шаралары арқылы жүзеге асады.

2015 жылы КПО-ның барлық нысандарында Қауіпсіздік Техникасы бойынша кезектен тыс жиналыстар өткізу тәжірибесі жалғасты. 2015 жылдың сәуір айында осындай жиналыстар күнделікті жұмысты қауіпсіз орындау қажеттілігін еске салу үшін 23 жұмыс орнында өткізілді. КПО жоғарғы басшылығының хабарламасы Компанияның қауіпсіздік сақтау мәселесіне ерекше мән беретіндігін көрсете отырып, ықтимал қауіптердің алдын алуда әр қызметкердің жауапкершілігінің маңызын арттыру мақсатында жеткізілді. Аталмыш шараға 2 000-нан астам адам қатысты.

2012 жылы енгізілген КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша мадақтау және марапаттау бағдарламасы әрбір қызметкерді қауіпсіз әрекет жасауға ынталандыруды көздейді. Бұл бағдарламаны қолдануға



ГКДҚ-2 операторлары ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша қосқан үлестері үшін марапатталды

өсіп келе жатқан сұраным мен елеулі нәтижелер қауіпсіздік ережелерін сақтау мәдениетінің жылдан жылға артып келе жатқанын білдіреді. Толық ақпарат осы Есептің «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ картасы бағдарламасы» бөлімінде беріледі.

Бұдан басқа, «Қызметкерлерімізді дамыту» тарауында сипатталғандай, қазақстандық университеттермен әртүрлі шаралар арқасында әрекеттесу арқылы 2015 жылы КПО мұнай және газ жас мамандарын жұмысқа тарту тәжірибесі жалғастырылды.

Кәсіподақтар

Қызметкерлердің құқықтарын сақтауда және қолдауда кәсіподақтардың маңызы зор. 2015 жылға жоспарланған жаңа Ұжымдық шартқа қол қою рәсімі Қазақстан экономикасындағы дағдарыс және Еңбек Кодексіне түзетулер енгізу жоспарлары салдарынан 2016 жылдың көктеміне дейін тоқтатылды.

Ұжымдық шартқа сәйкес, кәсіподақтар қызметкерлерді түрлі спорттық шараларға қатыстырып отырады. Солардың арасындағы ерекше есте қалғаны – халықаралық әйелдер күніне орай өткізілген сайыс. Бұл сайысқа түрлі спорттық жарыстарға қатысу үшін Бөрлі ауданынан 14 компания мен оқу орындарының өкілдері қатысып, КПО-ның әйелдер командасы бас жүлдені ұтып алды.

Мердігерлік ұйымдар

Түрлі мердігерлік ұйымдармен әрекеттесу КПО компаниясында бірнеше деңгейде жүзеге асады.

Жеткізушілерді дамыту шараларының жоспарына сәйкес, 2015 жылдың қазан-желтоқсан айлары аралығында 31 жергілікті мердігерлік ұйым үшін КПО 63 оқыту курстарын ұйымдастырды. Олардың негізгі мақсаты қатысушыларды жоспарлау мен жобаларды басқарудың халықаралық іскерлік тәсілдерімен, дүниежүзілік үздік тәжірибелерімен және ISO стандарттары бойынша сертификат алуға дайындықпен таныстыру еді. Оқуға қатысушылар бұл шараға оң баға беріп, жағымды лебіздерімен бөлісті.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдірудің жылдық жоспарына сәйкес, КПО өз мердігерлерінің қатысуымен ЕҚ,

ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша бірлескен форумдарды жүйелі түрде өткізіп тұрады. Бұндай шаралар КПО-ның және оның мердігерлік ұйымдарының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ деңгейін жетілдіруге мүмкіндік береді. 2015 жылдың 10 шілдесінде КПО компаниясы аса қауіпті өндіріс аймағында қызмет ететін өз мердігерлерінің жоғарғы басшылығы арасында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ Форумын өткізді. 30-ға жуық ұлттық және шетел мердігерлік ұйымдар қатысқан бұл форум қауіптен хабардар болу маңызын арттырудағы және қауіпсіздік мәдениетін ұластырудағы көшбасшылардың рөлі тақырыбына арналды.

Өткен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форумында мердігерлік ұйымдармен мақұлданған 2014 жылдың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жеке айнамастық құжатына сәйкес, 2014-2015 жылдар аралығында мердігерлер өздерінің кіші буын басшылары бақылайтын ең маңызды 10 салада ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша кәсіби бағалау шараларын өткізді. Кейбір мердігерлік ұйымдар КПО ұсынған нұсқаулықтар негізінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша кәсіби бағалау бағдарламасын жасап, толығымен қабылдады. 2014 жылдың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жеке айнамастық құжатын іске асырған мердігерлік ұйымдардың жасаған еңбегі КПО-ның жоғарғы басшылығы тарапынан бағаланып, марапатталды. 2015 жылғы форумда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ міндеттерін қою әрі қарай жалғастырылды. Сонымен қатар, бұл жиында КПО өз мердігерлерінің назарына және талқылауларына «КПО – қауіпсіз аймақ» бағдарламасын ұсынды. Осы форум арқылы КПО және оның мердігерлік ұйымдары ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін және басқару үдерісін үздіксіз жетілдіру мақсатында бірлескен күш жұмсайды.

КПО өз мердігерлерінің табиғатты қорғау жөніндегі хабардарлығын, ISO 14001 халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс орындау деңгейін арттыру мақсатында жігерлі еңбек етуде. 2015 жылдың 6 наурызында КПО өз мердігерлік ұйымдары үшін КПО-ның қоршаған ортаны қорғау саясатын жүзеге асыру және келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындауда экологиялық қауіпсіздікті сақтау мәселелеріне арналған конференция өткізді. Конференция КПО және мердігерлік ұйымдар арасында қоршаған ортаны қорғау аспектілерін анықтауда және бұл аспектілерді

бағалауда қолданылатын әдістер жөнінде ашық диалог орнату мақсатына бағытталып, оған жергілікті және шетелдік 50-ге жуық компания өкілдері қатысты. Конференция нәтижелері бойынша, КПО-ның өндірістік бөлімдері меншігіндегі қоршаған ортаны қорғау аспектілерін тіркеудің 15 кітабы жаңартылды немесе жаңадан шығарылды. Сонымен қатар, 39 мердігерлік компаниялардың, атап айтсақ, өзінің куәландырылған басқару жүйелері жоқ ұйымдардың тіркеу кітаптары жетілдірілді. Жоғарыда аталған шаралар арқасында, КПО жеткізілімдерді қамтамасыз етуде қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігін бақылайды, оған қоса мердігерлік ұйымдардың экологиялық хабардарлығын және өнімділігін арттыруға жағымды үлес қосады.

Жергілікті қауымдастықтар

КПО-ның жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттесу барысында қолданатын негізгі құралы – қоғамдық тыңдаулар мен сабағаттық кеңестер. Осындай жиындарда КПО жергілікті тұрғындар мүддесін қозғауы мүмкін өндірістік мәселелерді көпшіліктің талқылауына ұсынады. Жергілікті атқару комитеті – Бөрлі ауданының әкімдігінің қолдауымен қоғамдық тыңдаулар өткізіліп отырды. 2015 жылдың маусым айында КПО көпшіліктің талқылауына 2015 жылдың екінші жартысына арналған Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспарын ұсынып, бұл құжат тыңдау барысында мақұлданды. Бұл туралы толық ақпарат «Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік» (бет 89) және «Қоршаған ортаға қамқорлық» бөлімдерінде берілген (бет 59).

Садағаттық кеңестер КПО-ның өндірістік қызметі аумағында орналасқан ауылдарда тұрақты жүргізіледі. Мұндай кездесулерде жергілікті қоғамдастық өкілдері инфрақұрылымды жақсарту, соның ішінде жолдарды және сумен қамтамасыз ету жүйелерін

жөндеу, жұмыспен қамту және ауа сапасын бақылау секілді маңызды мәселелерді қозғайды. Қоғамдық жағдайларды дамыту бағдарламасы «Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік» бөлімінде толық сипатталған (бет 89).

Қоғамның төтенше жағдайларға әрекет ету жөнінде хабардарлығын арттыру және дайындығын қамтамасыз ету мақсатында, КПО компаниясы Бөрлі ауданының жергілікті басқару билік органдарымен және Қарашығанақ – Үлкен Шаған – Атырау экспорттық құбыр желісінің бойында орналасқан ауыл тұрғындарымен өзара белсенді әрекет ететін қауіпсіздік қызметі және апаттық шұғыл әрекет ету тобының қатысуымен өтетін жаттығу оқуларын өткізеді. Соңғы жылдардағы осындай әрекеттестік жұмыстары арқасында экспорттық құбыр желісіне заңсыз қосылу жағдайларының санын азайтуға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік емес ұйымдар (МЕҰ)

Біз жергілікті және аймақтық коммерциялық емес ұйымдармен белсенді жұмыс істеп, тұрғындардың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына қолдау көрсетуге бағытталған әртүрлі қайырымдылық шараларға қатысып, осы шаралардың өткізілуіне көмек көрсетіп келеміз.


2015 жылы КПО «Жас Дарын» Қоғамдық қорымен өзара әрекеттесу, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі және тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына қолдау көрсетуге жұмсалатын қаржылық көмек бөлу тәжірибесін жалғастырды.

Сонымен қатар, КПО компаниясының қаржылық қолдауымен Бөрлі ауданының Ардагерлер кеңесі ІІ дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің Ақжайық шипажайында демалысы мен емделуін ұйымдастырады.



Қазақстан табиғат пайдаланушыларының «КАПУР» орнықты даму қауымдастығы ұсынған «Дизайн және ақпарат ұсынудың үздік үлгісі» жүлдесі

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШОЛУ



Қарашығанақ кен орны Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан және 280 шаршы километрден астам аймақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатының бірі болып табылады.

Қарашығанақ кен орны шалғай және пайдалануға қиын, қоршаған ортаның температурасы қыста -40°C , жазда $+40^{\circ}\text{C}$ аралығында болуы мүмкін аймақта орналасқан. Үстіңгі қабаты 3 500 м. тереңдікте орналасқан қор қалыңдығы 1 600 м-ді құрайды және аса күрделі және ерекше болып табылады. Көмірсутектерінің құрамында 4,5%-ға дейін улылығы жоғары күкіртті сутегі және белгілі бір жағдайларда коррозиясы жоғары болуы мүмкін көмірқышқыл газ енеді.

ҚР Мемлекеттік қор жөніндегі комитетінің 18.03.2014 күнгі отырысында қабылданған Қарашығанақ кен орнындағы мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорын қайтара есептеу туралы КПО есебінің бағалауы бойынша Қарашығанақта 12 млрд баррель сұйық көмірсутек пен 57 трлн текше фут газ бар, оның 12%-на жуығы бүгінгі күнге дейін алынып болды.

Бүгінгі күні КПО-ның көп ұлтты ұжымында 4 401-ге жуық адам еңбек етеді. 1997 жылы Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге қол қойған сәттен бастап, Мердігер (Қарашығанақ реттеу туралы келісімі мен Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге сәйкес қазіргі кезде бірлескен бес негізгі компанияны білдіреді) экономикалық кірісті тұрақты көбейтуге және қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға бағытталған алдыңғы қатарлы технологияларды қолдана отырып, кен орнын игеруге 20,6 млрд-тан астам АҚШ долларын бөлді.

КПО ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРЫ

Көмірсутектерді шығару, дайындау және өңдеу жұмыстары негізгі үш қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГҚДҚ-2 мен ГҚДҚ-3. Негізгі нысандарды байланыстырып, өндірістік ағындарды ұңғымадан қондырғыларға қарай және қондырғылар арасында бағыттап, өнімдерді жинауға және бөлуге арналған ішкі өндірістік өткізгіш құбырлар жүйесі шамамен 2 000 км-ді құрайды. Сондай нысандардың қатарында Ерте мұнай өндіру серігі (ЕМӨС) және Эко-орталық бар.

Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектердің негізгі экспорттық бағыты – біреуі ҚӨК-де, ал екіншісі Үлкен Шаған ауылында орналасқан екі сорғы станциясы бар «Қарашығанақ – Атырау» тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ), сондай-ақ КПО-ның Атырау терминалында

өнімді қабылдау және сақтауға арналған нысандары – КПО-да қолданылатын тасымалдау жүйесіне кіреді. Екінші экспорттық бағыт – бұл көмірсутекті өнімді Ресей Федерациясында орналасқан Орынбор Газ өңдеу зауытына (ГӨЗ) тасымалдау үшін КПО қолданатын «Қарашығанақ-Орынбор» тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ).

2015 жылдың аяғында берілген ақпараттарға сәйкес Қарашығанақ кен орнында 100 пайдалану ұңғымалары және шикі газды кері айдайтын 17 ұңғыма іске қосылған, мұнымен қоса ұңғымалардың жалпы қорының саны 406-ны құрады.

Нысандар туралы толықтай ақпаратпен біздің 2014 жылғы Тұрақты даму туралы есебімізден таныса аласыздар (8-10 бет).



БІЗДІҢ ӨНІМДЕР МЕН ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАРЫМЫЗ

Алынған көмірсутек өнімдерінің басым көпшілігі сатудан түсетін кірісті көбейту мақсатында экспортқа жіберіледі. 2015 жылы алынған сұйық көмірсутегінің 95%-ы Каспий құбыр желісі консорциумы (КҚК) бойынша батыс нарықтарына және «Трансмұнай» құбыр жүйесі арқылы Атырау-Самара құбыр желісіне тұрақтандырылған мұнай қалпында сатылған болатын.

КҚК құбыр желісі КПО мұнайын Новороссийсктің Қара теңіз портына, ал Атырау-Самара құбыр желісі Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына жеткізуге пайдаланылады. 2015 ж. қолданыстағы ҚӨК-ні кеңейту жобасы КПО-ға КҚК құбыр желісі арқылы рекордтық көлемдегі 9,4 млн тонна мұнай экспорттауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, айтылмыш уақытта

Атырау-Самара құбыр желісі арқылы 0,7 млн мұнай тоннасы тиелді. Сұйық көмірсутектердің қалған бөлігі Орынбор арқылы Ресейге тұрақтандырылмаған конденсат түрінде экспортталды немесе жергілікті нарыққа шығарылды.

Кен орнында алынған газ, қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қайтадан қабатқа айдалады, сонымен қоса «КазРосГаз» ЖШС-мен жасалынған ұзақ мерзімді келісім бойынша тазартылмаған газ күйінде сатылады немесе КПО қажеттіліктері үшін электр энергиясын өндіру және жергілікті «БатысЭнергоресурстар» ЖШС және «АқсайЭнерго» ЖШС компанияларына сату мақсатында күкірт байланыстарынан тазартылады (яғни күкірт сутегі алынып тасталады).

2 СУРЕТ Біздің экспорт бағыттарымыз



2015 жылдың маусым айында КПО мен «КазРосГаз» ЖШС сатып алу-сату шартының мерзімін 2038 жылдың қаңтар айына дейін ұзарту туралы келісімге қол қойды. Аталмыш қосымша келісінде шарттағы мерзім аяқталғанға дейін «КазРосГазға» Орынбор кәсіпорындарындағы өндіріс үшін қосымша 120-135 млрд. текше метр газ көлемін жеткізу қарастырылған.

2015 жылдың маусым айында ҚӨК электр станциясында орын алған форс-мажор оқиғасы салдарынан Батыс Қазақстан облысына электр қуатын тасымалдау көлемдері азайды, дегенмен, КПО Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісінде белгіленгендей 20 МВт кем емес көлемінде электр қуатын жеткізу туралы міндеттемесін орындай алды және жергілікті электр қуатын таратушы компанияларына 26 МВт жеткізіп берді.

2015 жылы Орынбор газ өңдеу зауыты жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары (ЖАЖ) кезінде (мамыр

айынан бастап қазан айына дейін) КПО «Жаздық газ» сату бағдарламасын жүзеге асырды. Аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде КПО 2015 жылдың маусым-қазан айларында өңделмеген газдың қосымша 242 млн текше метр көлемін жеткізді. 2015 жылы «Жаздық газды» (ілеспе сұйық көмірсутектерді есепке алғанда) қосымша сату бағдарламасының нәтижесінде жалпы өнім мұнай эквивалентінің 1,7 млн баррелін құрады. 2015 жылы КПО Орынборға 8,8 млрд текше метр тазартылмаған газды жеткізді, бұл газ жеткізу бойынша КПО-ның тарихи рекордтық жоғары көрсеткіші болып табылады.

Қабат қысымын ұстап тұру және сұйық көмірсутектер қайтарымын алдағы жылдары арттыру мақсатында 2015 жыл ішінде компания қабатқа 8,7 млрд текше метр газ айдады, бұл алынған газдың жалпы көлемінің шамамен 47%-на тең келеді.

2015 ЖЫЛЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕР

2015 жылы КПО компаниясы тұрақты және тұрақсыз сұйық көмірсутек пен газ күйіндегі 141 млн баррель мұнай эквивалентін (б.м.э.) өндірді. 2015 ж. газды жеткізу 8,8 млрд текше метрге жетті.

2-КЕСТЕ 2015 жылғы өндіріс көлемі

		2013*	2014	2015
Жалпы өндіріс көлемі	млн б.м.э.	136,0	142,5**	141,7**
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың т	10 492	11 004	10 796
Газ өндірісінің жалпы көлемі	млн м ³	17 531	18 248	18 234
Газды кері айдау				
Сатуға арналмаған қабатқа кері айдалған газ көлемі	млн м ³	8 570	8 818	8 652
Тазартылған газ				
ҚӨК-де ішкі қажеттіліктер үшін пайдаланылған тазартылған газ	млн м ³	637,8	689	687,5

* Жоспарлы алдына ала жөндеу жұмыстарын жүргізу жылы

** Берілген көлем қабатқа айдалған газ көлемін қамтымайды

3-КЕСТЕ 2015 жылғы сатылымдар

		2013*	2014	2015
Жалпы сатылымдар көлемі	млн б.м.э.	132,1	137,9	137,6
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер Орынбор газ өңдеу зауыты мен кіші тазарту зауытына арналған конденсат	мың т	914	732	677
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер				
КҚК және Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай және тұрақтандырылған конденсат	мың т	9 700	10 269	10 127
Орынбор газ өңдеу зауытына арналған Шикі газ	млн м ³	8 197	8 594	8 799
БҚО тұрғындарының қажеттіліктері үшін арналған Отын газы	млн м ³	98,7	114,3	68,1

Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарына арналған тоқтатылыс (ЖАЖ)

КПО-ның жоспарлы алдын ала жөндеу стратегиясы қауіпсіз үздіксіз өндірісті және заң нормаларына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, тоқтатылыстар арасындағы интервалдарды арттыру және оларды іс жүзінде жүргізу уақытын азайту есебінен өнім алуды оңтайландыруға бағытталған.

ЖАЖ жұмыстарын жоспарлау барысында КПО қауіп факторларына негізделген инспекция тәсілін қолданады. Негізгі жабдықтардың барлық түрлерін қамтитын қауіп факторларына негізделген аралықтарды есепке алу арқылы, Қазақстанның нормативтік әрекеттегі талаптарды ұстанудың арқасында, тоқтатылыстар арасындағы интервалдар арттырылды. Басқа жұмыстарға жаңа немесе жетілдірілген қондырғыларды орнату және қажетті түрлендірулер арқылы ЖАЖ жұмыстарын техникалық жобалаудан өткізу тәсілдері жатады.

2015 жылы тоқтатылыс барысына жоспарланған жұмыстар кесте бойынша, ешбір жарақатсыз және жазатайым оқиғасыз сәтті аяқталды. Бұл көлемге ГҚДҚ-3-тің толық тоқтатылысы және ҚӨК мен ГҚДҚ-2-де жүргізілген шағын жұмыстар енгізілді.

Бұрғылау

2015 жылы үш бұрғылау қондырғысы және бір күрделі жөндеу қондырғысы пайдаланымда болды.

Жыл ішінде кен орындағы өндірісті және газды кері айдауды оңтайландыру мақсатында ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу бағдарламасының іске асырылуы жалғастырылды. 7 жаңа ұңғыма сәтті бұрғыланып, 5 ұңғыма ісінетін паркер арқылы бекітілді. 8 ұңғыма желіге қосылды.

2015 жылы 9848-ұңғыма Қарашығанақтағы бұрғылау жұмыстарының рекордтық көрсеткішін орнатты. Бұл тереңдігі 6 662 м., көлденеңінен жылжу ұзындығы 1 400 м. құрайтын ең терең ұңғыма. Мұндай рекордтық өнімділікке қол жеткізу мұнай-газ операцияларында қиғаш бағытта бұрғылау жүйесін кеңінен қолдану арқылы және жинақталған тәжірибенің арқасында мүмкін болды.

Сонымен қоса 9842-ұңғымада іріктелген кернмен үздіксіз 564 метр бұрғылаудың нәтижесінде қол жеткізген табыс 100%-ды құрады, бұл да айтарлықтай рекордтық көрсеткіш болып табылады.

Бұдан басқа бұрғылауы 2015 жылы басталған барлық ұңғымалар бұрғылау мұнарасының төменгі жабдықтарының динамикалық дірілін азайтуға бағытталған үздіксіз инновациялар мен зерттеулердің көмегімен жоғары кварталда болды. Бұл бұрғылау жұмыстары кезіндегі тоқтаусыз каротаж жасауға қолданылатын құралдардың пайдалану ұзақтығын арттыруды қамтамасыз етті.

Қолданылған технологиялардың арасынан келесі көрсеткіштерді айрықша атап өтуге болады:

- Бұрғылау кезіндегі каротаж барысында 6-дюймді бағананың көлденең секциясына қысым өлшеу құралының сәтті түсірілуі;
- Тұтас кен орын көлемінде, ұңғымалардың 16-дюймді бағаналарында пайда болған тұрақсыздық

мәселелерін кеңейткіш тәсілін қолдану арқылы шешілуі;

- Алаудағы өртеу көлемінің азаюына әсер еткен қышқылмен өңдеу кезіндегі қышқыл мөлшерінің азаюы;
- Өртеу көлемін азайту және ұңғымалардың тазартылуын тездету мақсатында жылдың соңында көп сатылы сорғының енгізілуі;
- 2014 жылы сыналған, қатты тоттанған және тозған бағаналары бар ескі ұңғымаларға қайтадан кіруге мүмкіндік беретін бағаналарды тоздудан қорғау жүйесі өзінің шешім ретіндегі қисындылығының растануы.

Су ресурстарын басқару стратегиясы

Қарашығанақ кен орнындағы басты мәселелердің бірі – өндіру барысында түскен сумен жұмыс істеу. Бастапқыда өнеркәсіптік судың мол көлемімен жұмыс істеуге арналмаған нысандарда өнеркәсіптік судың көбеюінен компания өндірістік шығындарға, қоршаған орта мен нысандарды қалпында сақтауға кесірін тигізетін жағдайларға ұшырап отырды.

Сонымен қатар компания алдында өндірістік үдеріске қажетті су көлемін және өндірістік персонал мен жаңа нысандардың құрылысына тартылған персоналға қажетті ауыз су көлемін үйлестірудің күрделі мәселесі түр.

КПО ӨБТК мерзімі аяқталғанша, өндірілетін және ауыз су мәселелерін шешуге бағытталған бүкіл кен орны аясындағы су ресурстарын басқарудың қысқа, орташа және ұзақ мерзімге арналған стратегиясын дайындады. Аталмыш стратегия бірқатар шағын жобалар мен өндірістік бастамалар көмегімен жүзеге асырылуда.

Электр қуатын өндіру стратегиясы

КПО 2001 жылдан бері БҚО тұрғындарына қажетті электр қуатын жеткізіп келеді. Қысқы кезеңде қуат 45 МВт-ға дейін, ал жаз уақытында 27-ден 45 МВт-қа дейін жеткізіледі.

2014 жылы БҚО әкімшілігі электр қуатын 80-100 МВт-қа дейін көбейту туралы сұраныс жасаған болатын. Бұл туралы «PSA» ЖШС уәкілетті орган хабардар болды. КПО газ-турбиналық электр станциясы (ГТЭС) мен Батыс Қазақстан аймақтық электр энергетикалық компаниясының арасындағы электр энергия тасымалдау жүйесі 60-65 МВт беруге мүмкіндік береді. Алайда энергияны үлкен көлемде экспорттау үшін жүйені жетілдіру қажет. Басқа сөзбен айтқанда, қосымша электр желілерін жобалау және салу керек. Сонымен қатар, БҚО-на арналған электр қуатын шығаратын ГТЭС-ға кемінде 60 МВт қосымша қуат өндіру қажет.

Бұл тазартылған газдың қосымша мөлшелерін қажет етеді, ал ол, өз кезегінде, КПО-ның қолданыстағы газ тазарту қондырғыларының жаңартылуын немесе кеңейтілуін талап етеді.

КПО ГТЭС-да қосымша 5-ші генераторды салу және оның жұмысын тек қана БҚО электр желісіне қою арқылы БҚО-на 60 МВт-қа дейін электр энергия көлемін экспорттаудың тағы бір нұсқасын қарастыруда.

Өкілетті орган мақұлдаған жағдайда, КПО жаңа өндірістік нысандар мен электр энергия үшін тазартылған газды өндіру және электр желілерді жаңарту бойынша жүйелі стратегия дайындайтын болады.

КЕН ОРНЫН ИГЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қазақстан Республикасының мердігері ретінде КПО мұнай кен орындарын пайдаланудың әлемдік оңтайлы тәжірибесіне сәйкес кен орнының келісілген аумағында мұнай өнімдерін шығаруға және алуға қажетті барлық мұнай-газ операцияларын өткізуге міндетті. II-кезеңнің бастапқы бағдарламасын меңгеріп, аяқтаған соң, КПО қазіргі кезеңде Қарашығанақ кен орнын одан әрі дамытуды, оның ішінде: жаңа пайдалану ұңғымаларын бұрғылауды, бұрыннан бар ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу, өндірістік нысандарды жетілдіру мен өндіріс деңгейін сақтауды, сонымен қатар Қазақстан Республикасының игілігі үшін экономикалық тиімділігін арттыруға қажетті басқа да жобаларды қамтитын өндірістік қызмет бағдарламасының II сатысын қаржыландырып отыр және оны тиімді іске асыруда.

Нақтылай айтқанда, ұлғайып бара жатқан газ факторы қолданыстағы газ дайындау нысандардың қуаттылығы бойынша шектеуге себеп болып, сұйық көмірсутектер өндірісінің азаюына әкеліп соғатын жағдайларды болдырмау үшін қосымша құрылыстар, өндірістік инфрақұрылым нысандары және ұңғымалар қажет. Осыны ескере отырып, өндірістік қабатты кеңейту жобаларының бағдарламасы дайындалды.

2015 жылы КПО өндірістік қабатты кеңейту жобаларын дамытуды жалғастырды. Бұған, бұдан басқа, ГДҚ-2 газ айдау қуаттылығын жетілдіру жобасы, құрамында күкірті бар жеңіл көмірсутектердің кең фракциясын өңдеу жобасы және ҚӨК газ өңдеу қондырғысының технологиялық шектеуліктерін жою жобасы кіреді. Аталмыш жобалардың дайындалуы әртүрлі сатыда және инвестиция бойынша шешім қабылданғанға дейін дамытылуы жалғастырылады.

Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасы (ҚКЖ)

КПО кезеңдерге бөлініп жоспарланған Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасы арқылы (ҚКЖ) Қарашығанақ кен орнын игеруді жалғастырады. Бұл игеру жұмыстары КПО-ның Қазақстан Республикасы алдындағы ұзақ мерзімді келісімшарт міндеттемелеріне сәйкес келеді.

ҚКЖ ӨБТК мерзімінің соңына дейін КПО бас компаниялары мен Қазақстан Республикасына қосымша табыс әкеледі. Бұл барлық мүдделі

тараптардың болжамын ескере отырып, қосымша ұңғымаларды бұрғылау, өңдеу нысандарын салу және сенімді газ экспорттау бағыттарын жасау есебінен, тұрақтандырылған сұйық көмірсутектердің сатылымын оңтайландыру арқылы жүзеге асырылады.

ҚКЖ-1 бойынша 2014 жылы басталған тұжырымдамалық шешімді бағалау және таңдау жұмыстары 2015 жылы аяқталды. Бұл жұмыстар ұсынылған жаңа нысандарды салу және пайдалану барысындағы қызметкерлердің қатерге шалдыққыштығын талдау үшін қауіп-қатерді сандық бағалау үлгілерін дайындауды қамтиды. Үлгі нәтижелері жаңа нысандарды орналастыру, бөлу және жобалау сызбасын әзірлеу, қауіп-қатерлерді іс жүзіндегі ең төмен жетімді деңгейге дейін азайтуға жағдай жасауды қамтамасыз ету үшін қолданылып келеді.

ҚКЖ жүйелер және жабдықтар құрылысындағы қауіпсіздік деңгейін көтереді және жаңа нысандардың тұтас пайдалану мерзімі ішінде технологиялық қауіпсіздікке, өндіріске жұмылдырған қызметкерлерге әсер ететін қауіп-қатерлердің (соның ішінде улы газдар әсерінен болатын қауіп-қатерлердің) төмендеуіне әкеледі. Сонымен бірге, ҚКЖ өндірістік нысандарда оператордың қатысуын мейлінше қысқартып, тиісінше қызмет көрсетуші қызметкерлердің қауіп-қатерлерге шалдығуын шектейтін технологиялық шешімдерді қолдануға тырысады.

Қоршаған ортаға тиетін әсерді мейлінше азайту ҚКЖ-ның негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. ҚКЖ ұсынатын жаңа нысандарды дамыту – қолданыстағы ең үздік әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. ҚКЖ-ның атмосфераға шығарылу процессін модельдеудің үздік тәжірибелері кен орны айналасындағы санитарлық қорғаныс аймағының (СҚА) шекарасына тиетін кез келген әсерді бағалау үшін жүргізіледі.

2015 жылы жобаны оңтайландыру мақсатында қосымша зерттеулер жүргізілді, сонымен қатар, Қазақстандық жобалау-конструкторлық компанияларымен бірге қызмет істейтін халықаралық жобалау-конструкторлық компанияларына да тендерге қатысуға шақыру жіберілді. Жобаның келесі кезеңі – тұжырымдамалық жобалау кезеңі, бұл кезеңде толығырақ деректер беріліп, нысандардың техникалық шешімдері қосымша анықталады.



ЖАУАПТЫ ОПЕРАТОР

БАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ



Басшылық ету құрылымы

Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім бойынша (ӨБТК), Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО) – 1997 жылдан бастап Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнын өңдеп келетін бірлескен кәсіпорын болып саналады.

КПО – бұл бес халықаралық мұнай және газ компаниялары (Мердігер компаниялар) серіктесіп басқаратын бірлескен кәсіпорын, атап айтсақ:

- Эни (29,25%)
- Биджи групп (29,25%)
- Шеврон (18%)
- ЛУКОЙЛ (13,5%)
- ҰК ҚазМұнайГаз (10%)

Ұдайы өркендеу мен кәсіпорын қаржыландырудың тұрақтылығы үшін нәтижелі басқару, бақылау және тексеру үдерістерінің маңызы зор. Мердігер компаниялар Қарашығанақ кен орнындағы өндірістен ең жоғарғы деңгейдегі табысқа жету үшін халықаралық тәжірибелерін бірлесіп қолдануда.

КПО-ның ұйымдық құрылымы табыскерлік мақсаттарымызға жеткізуде, сонымен бірге Қазақстан Республикасының уәкілетті органы болып табылатын ЖШС «PSA» қатысты міндеттемелерімізді орындауда да қолдау ретінде арнайы жетілдірілген.

ӨБТК бойынша бірлескен кәсіпорынның қызметін екі жоғары басқарушы Комитет бақылап басқаруда, олар:

- Басқару бойынша Бірлескен Комитет (ББК)
- Өтім бойынша Бірлескен Комитет (ӨБК)

Ең жоғары басқарушы орган – Мердігер комитеті. Мердігер комитеті ББК және ӨБК талқылайтын және дауыс беруге шығаратын кез келген мәселелер жөнінде Мердігер компаниялардың көзқарасын анықтау міндетіне жауапты.


Басқарушы органның келесі деңгейі – Эни және Биджи групп оператор компанияларынан тұратын Операторлар комитеті. Операторлар комитеті КПО қызметін толықтай бақылап, операторлардың өз міндеттемелерін орындалуын қадағалайды.

Басшылық етудің толық құрылымы өткен жылы шыққан Тұрақты даму туралы есебіміздің 22-24 беттерінде толықтай көрсетілген. Бұл басылымда біздер 2015 жылда орын алған өзгерістер туралы есеп беруді көздеп отырмыз. Өткен жылы Биджи групп және Эни арасындағы КПО көшбасшыларының алмасуы орын алды.

2015 жылдың соңына таман қолданыста болған КПО басқару құрылымымен Комитеттердің құрылымы төменде көрсетілген.



Бас директор Ренато Мароли және бас директордың орынбасары Марат Каримов ҚазЭнерджи форумында



Сонымен қатар, арнайы ұйымдастырылған көптеген қосалқы комитеттер сарапшы ретінде Мердігер және Операторлар комитеттеріне қолдау көрсетеді:

Мердігер Комитеті

1. Өтім бойынша Мердігер Комитеті (ӨМК)
2. Жұмыс бағдарламасы мен бюджет
3. Қаржылық
4. Салықтық
5. Аудит
6. Сақтандыру
7. Корпоративтік байланыс және Үкіметпен қарым қатынас
8. Заңдық

Операторлар Комитеті

1. Өндірістік
2. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ
3. Қауіпсіздік қызметі
4. Техникалық
5. Қызметкерлермен жұмыс
6. Тұрақты даму

Басқару жүйелері

ӨБТК талаптарына сәйкес, КПО қызмет атқаратын әр саласында көптеген тәртіптерден, саясаттардан, озық дағдылардан алынған халықаралық мақұлданған тәжірибелерін ұстануда. Олардың барлығы өзіміздің басқару жүйелерімізге енгізіліп, келесі қағидалық құжаттарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- Қарашығынақ корпоративтік басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық,
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жөніндегі саясат,
- Өндіріс директорына арналған Басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық,

Қауіптерді басқару

Мұнай-газ өндіру қызметі қоршаған ортамызға, адамдарға, жергілікті қоғамдастықтарға әсерін тигізетіні анық. Кейде бұл әсер жағымсыз ықпал ретінде де болуы мүмкін, мысалы, атмосфераға залалды заттардың шығарылуы немесе қалдықтардың пайда болуы, судың және топырақтың ластануы, т.б. Мұнай және газ өндірісімен айналысатын жауапты кәсіпорын ретінде КПО үшін қауіптерді басқару – айрықша маңызды. Мұндай қауіптер келесі жағдайларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- қызметкерлердің қауіпсіздігіне және өндіріс тұтастығына төнетін қауіп, көбінесе күкіртті сутегінің немесе заңсыз қосылулар арқылы залалды заттардың шығарылуы;
- қоршаған ортаға төнетін қауіп, көбінесе ықтимал ағындардан, қалдықтардан, атмосфераға залалды заттардың шығарылуынан пайда болады;
- этикалық сәйкестік ережелерінің өзіміздің және мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерімен бұзылуы нәтижесінде пайда болатын қауіп;
- жергілікті білікті мамандарды тартумен және сақтаумен байланысты қауіптер.

Қызметтік қауіптерді айқындау және тиімді түрде басқару үшін КПО ішінде ресми Қауіптерді басқару үрдісі енгізілді. Компанияның бұл жаңа әдісті қызмет атқару кезінде сынау мүмкіндігі болды. Қауіптерді

- КПО-ның Тәртіп кодексі.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша басқару жүйелері, сонымен қатар, Қоршаған ортаны қорғау бойынша басқару жүйелері OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттарына сәйкес сертифицирталған.

Тұрақты даму бағыттарын 2009 жылғы жарияланған Тұрақты даму тұжырымдамасы белгілейді. Тұжырымдамада тұрақты даму мақсатында жұмсалатын КПО іс-әрекеттерінің негізгі қағидалары белгіленген. Бұл қағидалар халықаралық озық дағдыларға және Оператор компанияларының озық тәжірибелеріне сүйенген.

басқару үрдісі, рөлдер мен міндеттер Қауіптерді басқару тәртібі құжатында анық сипатталған.

Корпоративтік басқару бөлімі Қауіптерді басқару жүйесінің тұрақты дамуына қолдау көрсетеді және корпоративтік қауіптерді тіркеу құжатын жүргізу үшін жауапты. Корпоративтік қауіптерді тіркеу құжаты орын алуы мүмкін немесе корпоративтік деңгейде әсер ете алатын ықтимал қауіптер тізімін, сондай-ақ, сол қауіптерді ықшамдау мақсатында қолданылатын әрекет жоспарларын қамтиды.

Ең қатерлі корпоративтік қауіптер жөнінде есеп беру және оларды талқылау – КПО-ның ең жоғары басшылығы қатысуымен тоқсан сайын ұйымдастырылатын КПО-ның Қауіптер комитеті жиналыстарында талқыланады. Әр жиналыстан кейін Корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы ақпараттың нақтылығын және өзектілігін негіз етіп, қысқаша түрде КПО-ның ең қатерлі қауіптерін қамтитын Қауіптерді тіркеу құжатын Мердігер комитетіне тоқсан сайын тапсырады.

КПО-ның Қауіптер комитеті КПО стратегиясының үздіксіз қолдануына және жүзеге асуына кері ықпал тудыратын қауіптердің жете және зерделі түрде талдануын қамтамасыз етеді. Жоғарыда айтылғандай, КПО үшін тұрақты даму қауіптерін басқару өте маңызды болып табылады.

Ерекше қауіптерді азайту шаралары туралы толық ақпарат осы Есептің тиісті тарауларында берілген.

Тескеру бағдарламалары

КПО-ның жүйелері және саясаттары жыл сайын ұйымдастырылатын аудит бағдарламасының аясында өткізілетін тексерістен өтеді. Аудит бағдарламасы КПО басшылығына және Мердігер компанияларға қауіптерді, соның ішінде Тұрақты даму қауіптерін анықтау мен басқаруға, бекітілген үдерістер мен сәйкестікті қамтамасыз ету үшін нәтижелі және тиімді шаралар қолданатынына көз жеткізу үшін ұйымдастырылады.

Компания ішінде бұл қызметті Ішкі корпоративтік аудит тобы атқарады. Жыл сайын КПО басшылығының талқылауымен, КПО ішкі қауіптерді басқару үдерісінің, КПО өндірістік салалары мен әр салада қажетті аудит жиілігі туралы егжей-тегжейлі ақпаратын қамтитын КПО Аудит үлгісінің көмегімен тексеруге жататын жеке салалары анықталады.

Басшылық ету және тексеріп қадағалау шараларымыз – КПО-ның барлық мүдделі тұлғаларының бизнес қызметтерінің үстінен нәтижелі бақылау қолданатынына сенімділігін арттырады. Бұл шаралар келесі жұмыстарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- шығындардың тиімділігін сараптау, қолдаулар және семинарлар
- күрделі қаржылардың жұмсалымы жөніндегі форумдар
- ішкі аудит

Тексеріс талдаулары, соның ішінде КПО өз саясаттарын, стандарттарын сақтайтынына сенімділікті арттыру үшін жыл сайынғы Құрушы компаниялар аудиті (ҚКА) және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестікті қамтамасыз ететін тұрақты тексерулер жүйелі түрде өткізіліп отырады. ҚКА 2015 жылдың қараша айында өткізіліп, заңнамаға сәйкестік, қаржы, келісім шарттарды басқару, жобаларды басқару және ақпараттық технологиялар секілді бағыттарда тексерулер жүргізілді.

КПО-ның барлық бөлімдерінде бақылау жүргізілетініне көз жеткізу үшін қосымша әдіс ретінде, Корпоративтік басқару бөлімі КПО компаниясындағы ішкі және сыртқы бағыттарда жүргізілетін тексеру әрекеттері туралы ақпаратты жинау мақсатында Ішкі тексеру жөніндегі кешенді кестені енгізіп отыр.

Өндіруші салалардың ашықтық бастамасы

КПО компаниясы табыстарының айқындығына, сонымен қатар ҚР-ның табиғат қорларын меңгеру барысында құндылықтар тудыру тізбегін қамтамасыз етуге бағытталған Өндіруші салалардың ашықтық бастамасын (ӨСАБ) қолдауды жалғастыруда.

2014 жылдан бастап КПО ҚР-ның уәкілетті органдарына ӨСАБ есептерін тапсырып келеді. Өткен жылдары бұл есептерді КПО атынан оның Құрушы компаниялары жіберген болатын. 2015 жылдың қаңтар айында шығарылған ӨСАБ есебін дайындау тәртібіне сәйкес, КПО-ның соңғы 2014 жылғы есебі ҚР-ның Инвестициялар және даму министрлігінің геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне, сонымен қатар ҚР-ның Энергетика министрлігіне 2015 жылдың 12 мамырында тапсырылды.

Жер қойнауын пайдаланушылар ӨСАБ есептерін ҚР-ның жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай ұлттық басқару жүйесінің біріктірілген ақпараттық жүйесінің веб порталы арқылы тапсырды. Қорытынды

ӨСАБ ұлттық есептері ҚР-ның Инвестициялар және даму министрлігінің <http://geology.gov.kz/en/ipdo-1/otchety> вебсайтында «онлайн» тәртібінде әр мүдделі тұлға үшін қолжетімді.

2014 жылғы ӨСАБ жүзеге асыру туралы оныншы Ұлттық есеп бойынша, КПО ҚР-ның бюджетіне 2,1 миллиард доллар (ҚР Ұлттық банкінің 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы айырбас бағамы бойынша) көлемінде салық төлемдерін аударды. Осы Тұрақты даму туралы есепті жариялау кезінде, 2015 жылғы ӨСАБ Ұлттық есебі тек дайындау сатысында ғана болған еді.

ӨСАБ есеп беру тәртібі арқасында КПО мемлекеттік бюджетке бөліп аударатын салық төлемдердің көлемін <http://egsu.energo.gov.kz> сайтындағы «Қазақстан Республикасының мұнай-газ және тау-кен өндіру секторлары төлеушілерінің салықтық және салықсыз төлемдер/түсулер бойынша қорытынды есеп» бөлімінде көруге болады.



ЭТИКАЛЫҚ ТӘРТІП



Тәртіп кодексі

КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілерін реттеумен қатар, оларға басшылық етеді. Сондай-ақ, жүйе КПО-ның қағидалық құндылықтары мен көзқарасын бекітіп, оларды бүкіл ұйым аясында қолданысқа енгізеді де, тізбек арқылы таратады. Бұл жүйенің негізі – КПО-ның ішкі бизнес өндірушілері мен жеткізушілері немесе басқа да қосалқы мердігерлермен жасалған келісім-

шарттарды орындау кезінде басшылыққа алынатын негізгі этикалық қағидалар мен құндылықтарды, әдеп ережелерін орнататын Тәртіп кодексі болып табылады. Тәртіп кодексі 2015 жылдың ақпан айында жаңартылды. КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жүйесінің құрылысы және рөлдері туралы егжей-тегжейлі ақпарат 2014 жылдың Тұрақты даму туралы есебінің 29-30 беттерінде баяндалған және бұл жүйе бүгінгі күнге дейін өзекті болып келеді.

Тәртіп кодексін оқыту және жемқорлыққа қарсы тренинг өткізу

Қызметкерлерді этикалық қағидалар мен ережелер тақырыбында оқыту – көп мәдениетті құрамына байланысты халықаралық компаниялар үшін маңызды. КПО-ның жаңадан қабылданған қызметкерлерінің барлығы КПО-ның Тәртіп кодексіне кіріспе атты курсына өтуге міндетті. Бұл курс олардың Тәртіп кодексіне сәйкес компанияның әдептілік ережелерін және жеке міндеттердің білетіндерін қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

Әрбір қызметкердің КПО-ның интранет желісінде орналасқан Тәртіп кодексімен және басқа да этикалық сәйкестік саясаттарымен оқып танысуына мүмкіндігі бар. Қызметкерлердің өз міндеттерімен үздіксіз танысу үрдісін қолдау үшін, КПО-ның барлық қызметкерлері осы саясаттармен танысқандығын нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясын толтыру арқылы жыл сайын растауы қажет. Интранет жүйесін пайдалану мүмкіндіктері жоқ қызметкерлер баспа нұсқаларын алып, танысқандығын қолхатпен растайды.

2015 жылдың желтоқсан айының соңында КПО қызметкерлерінің 95%-ы нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясын толтырды.

2015 жылы КПО барлық қызметкерлері үшін Этикалық сәйкестікті оқытуға арналған онлайн модульдерді енгізді. Бұл модульдер Тәртіп кодексі, мүдделер дауы және жемқорлыққа қарсы тақырыптарға негізделген.

2013 жылдан бастап КПО-да мердігерлік ұйымдар үшін Этикалық сәйкестікті оқытуды жүргізу жүргізілгені енгізілді. 2015 жылдың қыркүйек айында оларға этикалық талаптарды сақтау жөнінде семинар өткізілді. Семинар жұмысына 13 ірі және шағын жергілікті мердігерлік ұйымдар жоғары басшылығының 20 өкілі қатысты. Семинарда жемқорлыққа қарсы заңнамасына және КПО-ның Тәртіп кодексі мен этикалық сәйкестік мәселелеріне қатысты презентациялар қаралды.

Компания КПО-ның Тәртіп кодексінде келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.

Сәйкестікті сақтау жедел желісі және басқа да шаралар

КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестік бағдарламасының аясында қосымша шара ретінде тегін, анонимдік және құпия жедел желі 2012 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. КПО-ның жедел желісіне әкімшілік ету қызметін алдыңғы қатардағы аккредиттелген халықаралық жедел желілер қызметін жеткізуші NAVEX Global компаниясы жүзеге асыруда.

Тәулік бойы жедел желісі қызметкерлердің, мердігерлердің және басқа да мүдделі тұлғалардың болжамды құқықтық және этикалық тәртіп бұзушылықты, соның ішінде дискриминацияны, жыныстық күш көрсету, мүдделер дауы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру және/немесе қаржылық бұзушылық немесе жемқорлық туралы ха-

бар беруіне мүмкіндік береді. Арыз беруші болжамды құқыққа қайшы мінез-құлық туралы телефон арқылы немесе жазбаша түрде хабарлай алады. Кейін арызды Нормативтік-құқықтық сәйкестік кеңесшісіне және Заңға сәйкестікті сақтау бойынша бөлім менеджеріне талдау және тиісті шара қолдану үшін жіберіледі.

2015 жылы жедел желі арқылы 18 хабар қабылданып, 7 арыз тікелей Заң директорына түсті. Барлық арыздар мұқият талданып, тиісінше шара қолданылды. Арыздардың көбі қызметтік қарым-қатынас жайларына байланысты болды. Арыздар бойынша тиісті шешімдер хабарланатын жағдайлар негізінде және Шағым қарастыру тәртібі мен Тәртіп жөніндегі мәселелерді қарастыру процедураларына сәйкес қабылданды.

Этикалық тәртіпсіздік мәселелері Нормативтік-құқық сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша тергеу нұсқаулықтары негізінде қаралып, олар жөніндегі есептер КПО-ның сәйкестік сақтау Комитетіне жіберілді.

Жедел желісі қызметкерлер, мердігерлер мен мүдделі тұлғалар үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады.

Оған қоса, Заң директоры КПО-да жұмыс істемейтін тұлғаларға көрсетілген өкілдік шығындар мен жолақылар, КПО мүлкін ұрлау, КПО қызметкерлері қабылдаған корпоративтік сыйақылар және өкілдік шығындар, жемқорлыққа тағылу күдіктері секілді мәселелерді тіркеу кітаптарын жүргізеді.

Контрагенттердің этикалық сенімін тексеру

КПО ҚР жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі заңдарын, сонымен қатар құрушы компаниялар тіркелген елдердің халықаралық заңдарын сақтауы тиіс.

Осыған байланысты, КПО өзінің барлық бизнес серіктестерінен, мердігерлерінен және тауар, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілерінен, басқа да келісімшарт бойынша қарсы тараптарынан этикалық тұрғыдан лайықты болуларына және бизнесті жүргізудің этикалық ережелерін сақтау тәжірибесімен келісетіндеріне кепілдік талап етеді.

Осы үдерістің негізгі аспектілерінің бірі – «бизнес серіктестерімізді тану» әдісін ұстану.

Осы мақсатта КПО ықтимал бизнес серіктестерінің әрқайсысымен байланысты қауіптерді анықтау үшін және бұл қауіптерді төндіруі мүмкін мәселелерін реттеу шараларын айқындау мақсатында Этикалық сенімділікті тексеру бағдарламасын дайындады. Әрбір ықтимал серіктеске меншік, бизнесті басқару және жүргізу, соның ішінде өзінің этикалық іскерлік тәжірибесі туралы ақпарат алу мақсатында сауалнама жіберіледі. Ықтимал серіктес компания туралы корпоративтік ақпаратты растау және оның іскерлік тәжірибесі туралы қандай да бір жағымсыз есептердің жоқтығын тексеру үшін КПО халықаралық сәйкестік және басқа да дерекқорларды пайдаланады. Содан кейін, серіктестердің қойылған талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ, қажет болған жағдайларда, қалдық қауіптерді азайтуға қолданылатын тиісті шараларды анықтау мақсатында қауіптерді бағалау жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі және бұрыннан жұмыс істеп келген бизнес серіктестері үшін, қауіптерді бағалау кезінде, елеулі

өзгерістерді шешуге қажетті шараларды қабылдау мақсатында этикалық сенімділікті тексеру жүйелі түрде қайталанып тұрады.

2015 жылы КПО компаниясы өзектілігін тексеру және шығарылған уақыттан бері пайда болған жаңа жетілдірулерді қосу мақсатында Этикалық сенімділікті тексеру тәртібін қайта қарады. Бұл талдау Этикалық сенімділікті тексеру процедурасын жаңарту мерзімін үш жылдан екі жылға дейін қысқартуды қамтыды.

Сондай-ақ, КПО өзінің бизнес серіктестерінен КПО-мен жасалған келісімдердегі міндеттемелерді орындау арқылы жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы қолданыстағы қазақстандық және халықаралық заңдарға сәйкес жұмыс істеуді талап етеді.

КПО жергілікті компаниялардың этикалық шарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету ісіне де септігін тигізеді. КПО-ның келісімшарттар және сатып алу жөніндегі бөлімі жергілікті компанияларға КПО құжаттарының типтік үлгілерін ұсынады. Солардың арқасында мердігерлік ұйымдар КПО талаптарына жауап беретін өз Тәртіп кодексін жетілдіре алады, сондай-ақ, өз келісімшарт құжаттарын, қосалқы мердігер қызметтері немесе жабдықтар мен материалдарды сатып алу үшін пайдалануға болатын құжаттарды да қайта қарастыруға мүмкіндік алады.

Осы шаралар бизнес серіктестерімізге КПО-ның бизнес жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды ғана ұстанатынын ескерткеніне сенімдіміз. Жемқорлықты және парақорлықты болдырмау үшін, бизнес серіктестерімізді қолдап, олармен ынтымақтастықта қызмет етуді қалаймыз.



ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ



4-КЕСТЕ Қауіпсіздік техникасы саласындағы міндеттер

2015 жылға қойылған міндеттер	Міндеттердің орындалуы	2015 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2016 жылға қойылған міндеттер
2015 жылы Сапа стандарттарына сәйкестікті бақылау аудитін жүзеге асыру	Орындалды	ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікті бақылау аудиті 2015 жылы өткізілді.	ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікті бақылау аудиті 2016 жылы Маусым айында өткізілді.
Ұлыбританиядағы Спейдадам оқу полигонында «PSA» ЖШС мен КПО басшылығының өкілдері үшін ірі апаттар қаупі (ІАҚ) және өндіріс тұтастығы бойынша семинар өткізуге көмек көрсету	Орындалды	Ұлыбританиядағы Спейдадам оқу полигонында «PSA» ЖШС мен КПО басшылығының өкілдері үшін ІАҚ және өндіріс тұтастығы бойынша семинар өткізуге сәйкесінше көмек көрсетілді.	
Кен орны және ұңғымалық операциялар үшін қауіпсіздікті кешенді бағалау есебін дайындауды және оның күзіндетті органдармен бекітілуін қамтамасыз ету	Орындалды	Ұңғымалық операцияларға арналған қауіпсіздікті кешенді бағалау құжаты дайындалып, түпкілікті бекітілуі үшін ұңғыма операциялары бөліміне ұсынылды. Кен орнына арналған Қауіпсіздікті кешенді бағалау құжаты бекітіліп, шығарылды.	
Алыстатылған манифольд станциясы (RMS)-Ү жобасын ескере отырып Ұңғымалық операцияларға арналған өндірістік Нысандардың Қауіпсіздік Декларациясын жаңартуды қамтамасыз ету	Орындалды	Ұңғымалық операцияларға арналған өндірістік нысандардың қауіпсіздік декларациясы талқыланып, компания ішінде бекітілді. Бекітілген өндірістік нысандардың қауіпсіздік декларациясы сараптамадан өтіп, ҚР-ның Өкілетті органдарына 2016 жылдың қаңтар айында тіркеліп тапсырылды.	
Келесі жобалар бойынша КПО бөлімдеріне техникалық көмек көрсетуді жалғастыру: ■ ГҚДҚ-2 газ айдау қуатын арттыру; ■ № 703 ұңғыманы күрделі жөндеуден өткізу; ■ ҚӨК су тазарту қондырғысы; ■ ҚӨК екінші факельді сепараторы; ■ ҚӨК отын газын қосымша тазалау қондырғысын орнату	Орындалды	Келесі жетілдіру жобаларын жүзеге асыру кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық мүдделі тараптарға техникалық қолдау көрсетілді: ■ ГҚДҚ-2 газ айдау қуатын арттыру; ■ № 703 ұңғыманы күрделі жөндеуден өткізу; ■ ҚӨК су тазарту қондырғысы; ■ ҚӨК екінші факельді сепараторы; ■ ҚӨК отын газын қосымша тазалау қондырғысын орнату.	Келесі жобаларға техникалық қауіпсіздік бойынша қолдау көрсетуді жалғастыру: ■ ГҚДҚ-2 4-газ айдау компрессоры; ■ Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасы (КЕР); ■ ҚӨК қосымша алау қондырғысы және бөлек техникалық қызмет көрсету; ■ Жеңіл көмірсутектердің кең фракцияларын тазарту жобасы және ҚӨК өндірістік шектеулерді жою жобасы.

4-кесте (жалғасы)

<p>ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тікелей жетекшілерге арналған біліктілікті арттыру бағдарламаларын жетілдіру мен жүзеге асыруды жалғастыру.</p>	<p>ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА</p>	<p>Бағалау нұсқаулықтары мен бағдарламасы, сонымен қатар, бағалауды қолдау құжаттары дайындалды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілігін бағалау үшін 278 жетекші анықталды. Бағалау 2015 жылы қараша айында басталды және аяқталуы 2016 жылы сәуір айының аяғына жоспарлануда.</p>	<p>ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тікелей жетекшілерге арналған біліктілікті арттыру бағдарламаларын жетілдіру мен жүзеге асыруды жалғастыру және оны өндірістік бөлімнің біліктілікті басқару жүйесімен біріктіру.</p>
<p>Жұмыстарды қауіпсіз атқаруды қамтамасыз ету және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жұмыстарын қадағалау және жақсарту.</p>	<p>ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА</p>	<p>Мердігерлерді қатыстырудың бірқатар жұмыстары мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді басқару стратегиясын, соның ішінде келісімшарт иелері мен қолданушы бөлімдердің пікірлері мен ұсыныстарын талқылау мақсатында өткізілген болатын. Мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін бағалау мен тіркеуге, көрсеткіштерді тиісінше өзгертуге арналған ықпалды және жүйелі тәсілді қамтамасыз ететін кемшіліктерді саралау тәрізді құралдарды енгізу жоспарлануда.</p>	<p>Халықаралық мұнай және газ өндірушілердің қауымдастығымен сәйкестену үшін Мердігерлердің жетілдірілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді басқару стратегиясын жаңарту және шығару, сонымен қатар кемшіліктерді саралау нәтижелері негізінде тиісті бір салаларда жетілдірулер енгізу.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ■ Мердігер ұйымдар арасында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында ірі форум өткізу ■ Мердігерлік ұйымдардың тікелей жетекшілері үшін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілігін арттыру бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелерін қадағалау 	<p>ОРЫНДАЛДЫ</p>	<ul style="list-style-type: none"> ■ 2015 жылдың 10 шілдесінде қауіп деңгейі жоғары 30 мердігерлік ұйымның жоғарғы басшыларының қатысуымен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша мердігерлерлік форум өткізілді. Мердігерлер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілікті бағалауға арналған нұсқаулықтардың үлгісімен қамтамасыз етілді. ■ 2014-2015 жылдары мердігер ұйымдар тікелей жетекшілерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілігін бағалауды 10 маңызды бағыт бойынша жүргізді. 	<p>Мердігерлік ұйымдармен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында бір ірі форум өткізу.</p>
<p>Қарашығанақ кен орнындағы H₂S шығарындылары кезіндегі апаттық жедел әрекет ету шараларын зерттеу нәтижелеріне сәйкес 2015 жылға жоспарланған қауіпсіздікті жетілдіру жұмыстарын жүзеге асыруды жалғастыру.</p>	<p>ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА</p>	<p>Стационарлық және портативтік сканерлерді қолдану арқылы жұмыс орынындағы қызметкерлерді есепке алудың уақытша жүйесі ҚӨК, ГҚДК-2 және ГҚДК-3 нысандарының қақпаларында, газ қауіпті аймаққа кіре берісте орнатылды және іске қосылды. Бұл жүйе жеке жұмыс куәліктерін және олардың иелерін сәйкестендіру үшін нысанға кіруді бақылаудың электрондық жүйесіндегі мәліметтерді пайдаланып, қызметкерлерді есепке алудың онлайн жүйесіне жеткізеді. Жүйе апаттық жағдай кезінде қондырғылар мен газ қауіпті аймақтардағы қызметкерлер санын анықтау үшін қолдануға арналған.</p>	<p>КПО компаниясы кен орнының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімі пайдаланатын және GPS (жер серіктік) технологиясын қолданатын жұмыс орынындағы қызметкерлерді есепке алудың тұрақты жүйесін сынақтан өткізуді аяқтау.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ■ Кен орнында адам қол еңбегін минималды қатыстыру стратегиясын енгізу ■ Кен орны әкімшілік ғимараты мен пилоттық қалашық қызметкерлерін Ақсай қаласына көшіруді қолға алу 	<p>ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА</p>	<p>Сынамалы жобаның бөлігі деп танылған қызметкерлерді кен орны әкімшілік ғимаратынан Ақсай қаласындағы кеңселерге көшіру 2015 жылы қараша айының ортасында жүзеге асырылды.</p>	<p>Минималды адам қатыстыру стратегиясын енгізуді жалғастыру.</p>


Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау көрсеткіштері

Бұл бөлімде КПО компаниясының 2009-2015 жылдар аралығындағы ҚТ бойынша жалпы көрсеткіштерінің талдауы келтірілген. 1-сызда КПО-да Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ) мен жалпы Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ) көрсетілген.

2015 жылы ЕЖОЖ – 0,11-ді (2014 жылдағы 0,20-мен салыстырғанда), ал ЕТОЖ – 0,30 (2014 жылдағы 0,27-ге қарағанда) құрады.

1-СЫЗБА

Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі мен есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі: КПО және мердігерлік ұйымдар



● Жалпы Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі ● Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі

КПО-да жоғарыда көрсетілген ЕЖОЖ бен ЕТОЖ көрсеткіштерін есептеу үшін мына әдістер қолданылады:

- Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ) = еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + өліммен аяқталған оқиғалар) x 1 000 000/адам-сағат.
- Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ) = есепке алынуы тиіс оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар + еңбек ету қабілетін шектелген жағдайлар) x 1 000 000/адам-сағат.

5-кестеде КПО-дағы ЕЖОЖ көрсеткіштері мердігерлік ұйымдардағы ЕЖОЖ көрсеткіштерімен салыстырылып берілген. Біріктірілген сан алыну үшін КПО және мердігерлік ұйымдарының мәліметтері берілген жеке кестелерді біріктіруге болмайтынын, арнайы есептеу формуласын қолдану қажеттілігін ескерте кеткен жөн.

5-КЕСТЕ

Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдарды салыстырғанда

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (КПО)	0,21	0,00	0,71	0,42	0,58	0,14	0,14
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,10	0,23	0,21	0,30	0,17	0,22	0,10

6-кестеде КПО ЕТОЖ көрсеткіштері мен мердігерлік ұйымдардағы ЕТОЖ көрсеткіштері салыстыру түрінде берілген.

6-КЕСТЕ

КПО және мердігерлік ұйымдардағы ЕТОЖ көрсеткіштері салыстырылып алынған жалпы кесте*

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Есепке алыну тиіс оқиғалар жиілігі (КПО)	0,43	0,11	1,00	0,42	0,58	0,14	0,27
Есепке алыну тиіс оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,69	0,47	0,36	0,36	0,41	0,32	0,31

* Ескерту: алғашқы жәрдем көрсетілген оқиғалар өндірістік жарақаттар есебіне қосылмайды.


КПО компаниясының басты мақсаты – қызметкерлерінің жұмыс орнында жарақат алуын болдырмау. Дегенмен, 2015 жылы 8 адам жарақат алды. Мұзға тайып жығылу, биіктіктен құлау және химиялық реагенттің бетке шашырауы тәрізді үш уақытша еңбекке қабілетін жоғалту оқиғалары орын алды. Қалған бес есепке алынуы тиіс оқиғалар жұмысшыларға дәрігердің көмегіне жүгінуге, қызмет атқаруды шектеуге әкеліп соқтырды (жеңіл жұмысқа ауыстыру) – мысалы, саусақты кесіп алу, тізе буынының созылуы, мұзға құлау салдарынан бұлшық еттің көгеруі. Сегіз жарақат алушының ішіндегі алтауы – мердігерлік ұйымдардың жұмысшылары, ал екеуі – КПО жұмысшылары.

Жүріп өтілген миллион километрге шаққандағы жол-көлік оқиғалары 2014 жылғы 0,10-нан 2015 жылы 0,03-ке азайды.

Сызылу/майысу сынды кішігірім жол-көлік оқиғаларының әлі күнге жалғасуына қарамастан, 2015 жылы есепке алынуы тиіс тек 2 жол-көлік оқиғасы ғана орын алды: біріншісі – көліктердің түйісуі, екіншісі – көліктің жол жиегіне шығып, аударылып қалуы. Осы оқиғалардың бірінде жедел жәрдем көмегіне жүгінуге тура келді.

2015 жылы КПО көліктері жалпы 60 миллион километр жол жүріп өтті.

2-СЫЗБА Жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО және мердігерлік ұйымдар



— Жол-көлік оқиғаларының жиілігі

КПО-да жоғарыда көрсетілген ЖКО жиілігінің көрсеткішін есептеу үшін келесі тәсіл қолданылады:

- ЖКО жиілігі = ЖКО саны (есепке алынуы тиіс) x 1 000 000/км жүріс.

7-КЕСТЕ Жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдарды салыстырғанда


Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (КПО)	0,12	0,13	0,00	0,00	0,00	0,00	0,25
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,03	0,09	0,02	0,00	0,14	0,10	0,02

КПО жыл сайын ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін басқа мұнай және газ өндіруші операторлармен салыстырып отырады. Жыл сайын КПО-ның негізгі жұмыс көрсеткіштері көптеген барлау мен өндіру қызметін жүргізетін дүниежүзілік операторлардан халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығына келіп түсетін статистикалық деректермен салыстырылады.

Еңбек ету қабілетін жоғалту оқиғасының саны КПО-

да 2015 жылы тағы да төмендеп, басқа операторлармен салыстырғанда, 3-сызбада көрсетілгендей, халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы бекіткен орташа мәннен төмен көрсеткіштерге ие болды. Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының статистикалық орташа көрсеткіштерін, үздік 10 мұнай газ өндіруші және көрсеткіштер бойынша үздік мұнай газ өндірушісі туралы мәліметтерді www.iogp.org сайтынан алуға болады.

3-СЫЗБА Халықаралық мұнай өндірушілер қауымдастығымен КПО көрсеткіштерін салыстырғандағы мағлұматтар




— Мұнай және газ өндіруші компаниялардың орташа көрсеткіші

— 10 жетекші мұнай және газ өндіруші компаниялардың көрсеткіштері

— ҚПО-ның жұмыс уақытын жоғалту апаттарының жиілігі

— Ең үздік мұнай және газ өндіруші компаниялардың көрсеткіштері

4-СЫЗБА Адам қазасына әкелген оқиғалар жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар



— Адам қазасына әкелген оқиғалар жиілігі

КПО-да жоғарыда көрсетілген адам қазасына әкелген оқиғалар жиілігінің көрсеткішін есептеуді анықтау үшін, келесі тәсіл қолданылады:

- Адам қазасына әкелген оқиғалар жиілігі (адам жұмыс істеген бір миллион сағатқа) = адам қазасына әкелген оқиғалар саны x 1 000 000/адам/сағаттар. КПО-да 2009 жылы адам қазасына әкелген 1 оқиға, 2011 жылы адам қазасына әкелген 1 оқиға орын алды.

8-КЕСТЕ Адам қазасына әкелген оқиғалардың жиілігі: КПО мердігерлік ұйымдармен салыстырғанда

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Адам қазасына әкелген оқиғалар жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,14	0,00	0,00	0,00	0,00
Адам қазасына әкелген оқиғалар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,03	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00

2015 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары

2015 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жетілдіру жоспары 48 маңызды шарадан және жағымды өзгерістер енгізуден құралған және ол компания Директораттары арасында таратылды. Қазіргі уақытта жоспардың 87% жүзеге асырылды. 2015 жылы жүзеге асырылған негізгі шаралар төменде келтірілген:

I. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптарына сәйкестік

Кен орнында өткізілетін ҚТ бойынша нұсқаулардың сапасын арттыру мақсатында, қазіргі қолданыстағы нұсқаулар мен едәуір стандартталған тәсілдерді қолдану қайта қарастырылып, оларға өзгерістер енгізілді. Жаңа стандартталған нұсқаулар барлық КПО нысандарында енгізілді.

КПО-ның апаттық белгілерге арналған стандарты қайта каралып, нәтижесінде апаттық жағдайдағы қауіпсіздік белгілерінің және эвакуация жолдарын белгілеудің дизайны анықталды. Жаңа үлгідегі белгілер дайындалып, барлық КПО нысандарында қондырылуда.

II. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшілік және бақылау

КПО-ның тікелей жетекшілерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктіліктерін арттыру бағдарламасы 2015 жылы да өз жалғасын тапты. Бағалау материалдары ЕҚ,

ҚТ және ҚОҚ саласындағы 10 маңызды бағыттар негізінде дайындалды:

1. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшілік және мінез-құлық,
2. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіптерді басқару,
3. Жұмыс жасаудың қауіпсіз жүйелері,
4. Апатқа қарсы әрекет ету,
5. Қауіпті оқиғалар мен ықтимал қауіпті оқиғалар бойынша тергеу және есеп беру,
6. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерулер мен аудиттер,
7. Қоршаған ортаға қауіптерді қадағалау,
8. Денсаулық және гигиена мәселелерін басқару,
9. Қосалқы мердігерлер жұмысын басқару,
10. «Өмірді сақтаушылар» бағдарламасы (қауіпсіз еңбек етуді қамтамасыз ететін қағидалар) және басқа да компания ережелері.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілікті бағалау бағдарламасы қараша айында басталып, 2016 жылдың бірінші тоқсанында аяқталды. Бағалау жетекшілердің біліктілік деңгейін анықтап, әрі қарай әрбір жетекшіге анықталған кемшіліктерін түзетуге арналған жеке бағдарлама дайындалады.

Жүргізілген онлайн тәртібіндегі зерттеу нәтижесіне байланысты, КПО басшылығы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жағдаймен танысу мақсатында жүргізілетін, ком-



ЖШС «Елжас» «ЕК, ҚТ және ҚОҚ жұмысы бойынша үздік мердігер» сыйлығына ие болды

пания басшылығының жұмыс орындарын аралау бағдарламасының тиімділігін арттыру міндеттемесін өз мойнына алды. Жұмыс орындарын аралау бағдарламасы екі нақты бағдарламаға бөлінді:

1. 0 және 1 деңгейдегі (Директорлар/Басқарушылар) басшылардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жағдайын бақылау мақсатындағы жұмыс орындарын аралауы;
2. 2 және 3 деңгейдегі басшылардың (менеджерлер) жұмыс орындарын аралауы.

КПО-ның барлық қызметкерлерін «КПО – қауіпсіз аймақ» атты бағдарламасымен таныстыру 2015 жылы жалғасты. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жоғары қауіп деңгейі бар мердігерлік ұйымдардың басшылары да «КПО – қауіпсіз аймақ» бағдарламасының материалдарымен қамтамасыз етілді.

III. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдардың қызметін басқару

Қауіпсіздік және өндіріс тұтастығы бөлімі 2015 жылы мердігерлердің «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселері бойынша басқару үдерісінің» тексеруін жүргізді. Бұл тексеруге «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жоғары және орташа деңгейдегі қауіп» бар келісімшарттарға ие КПО бөлімдері және Келісімшарт және жабдықтау бөлімінің қызметкерлері қатысты. Аудит мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселерін басқаруының әрбір кезеңін қарастыру және тұжырымдаманың жүзеге асырылуын тексеруді көздеді. Тексеру жетілдіруді талап ететін бірнеше бағыттарды айқындады: пікір білдіру, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін өлшеу шамалары және тендерлік ұсыныстарды алдын-ала бағалау кезеңіндегі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптары.

Мердігер компаниялардың «Жетекшілердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біліктілігі» жүйесін тексеру – ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жоғары деңгейдегі қауіп бар компанияларды жеке аралау арқылы жасалды. 2014 жылы жетекшілерін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біліктілігін бағалауға міндеттеме алған 22 компанияларға сапар жасалынды. Корпоративтік қауіпсіздік бөлімі, мердігер компаниялардың басшыларына олардың тікелей жетекшілерінің біліктілігін бағалауға көмек ретінде 'Мердігерлік ұйымдарда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біліктілікті бағалау нұсқаулықтарын' жарыққа

шығарды. Бағдарламаға енгізілген компаниялардың барлығы өздерінің бағалауын КПО ұсыныстары негізінде немесе КПО айқындаған қауіпсіздіктің маңызды элементтеріне сәйкестендірілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біліктілік жүйесінің негізінде жүзеге асырды. Мердігер компаниялар жалпы саны 411 жетекшіні ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша 10 маңызды бағытта бағалады. Бағалау нәтижелері 2015 жылғы мердігерлердің қатысуымен оздырылған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы форумда жарияланды, сонымен қоса, мердігерлік ұйымдардың жақсы жұмыс нәтижелері КПО басшылығымен құпталып, марапатталды.

IV. Өндіріс тұтастығы мен қауіптерді басқару

Қызметкерлерге кен орнында туындайтын ірі қауіп-қатер мен апаттардың әсерін азайту мақсатында, кен орынның әкімшілік ғимаратында орналасқан қызметкерлерге арналған минималды қатыстыру стратегиясының бастапқы кезеңі жүзеге асырылды. 2015 жылы 66 қызметкер кен орны әкімшілік ғимаратынан Ақсай қаласындағы кеңселерге көшірілді. Екінші кезеңде кен орны нысандарындағы негізгі қызметкерлерді әкімшілік ғимаратқа көшіру жоспарлануда.

2015 жылы қауіпсіздікті кешенді бағалау есебі таратылуын дамыту бастамасы аясында, ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3 және ҚӨК үшін оқуға ыңғайлы кітапшалар дайындалып, жарыққа шығарылды. Біртіндеп енгізу үдерісі кітапшаларды алғашқы нұсқау беру барысында қызметкерлерге таратудан басталды.

«Өндіріс тұтастығын басқарудың негізгі қағидалары» құжатының дайындалуы және қолданысқа енгізілуі 2015 жылы орын алды. Өндіріс тұтастығын басқарудың негізгі қағидалары – КПО-ның барлық нысандары бойынша өндіріс тұтастығын басқаруға арналған жоғарғы деңгейдегі құжат. Өндіріс тұтастығын басқарудың негізгі қағидалары өндірістің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қолдау тигізетін біріккен және құрылымды әдіс ұсынады. Бұл әдіс қондырғының қызмет атқару циклінің әрбір кезеңінде: жобалануы, құрылысы, пайдалануға жіберілуі, қолданыстан шығарылу кездерінде пайдаланылады. Маман қызметкерлерді өндіріс тұтастығын басқару үдерісінің

талаптарымен таныстыру мақсатында бірнеше бастапқы сессиялар өткізді.

Өндіріс тұтастығын басқарудың негізгі қағидаларының бөлігі ретінде ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3, ҚӨК және ұңғымаларды пайдалану мен өнімдерді жинақтау бөлімдеріне арналған ірі апаттарға қарсы «тосқауылдарды» анықтау үшін тосқауыл үлгілері белгіленді. Тосқауыл үлгісі қондырғының жағдайын қауіп-қатер тұрғысынан сараптауды қамтамасыз ететін барлық КПО нысандарынан алынған мәселелерді қамтиды. Тосқауылды басқаруға: қауіпті қажетті деңгейде бақылау мен төмендетуді қамтамасыз ететін үдерістер, жүйелер, шешімдер және шаралар жатады.

Әдіс жөніндегі толық ақпарат пен 2015 жылда бұл саладағы нәтижелеріміз осы Есептің «Өндіріс тұтастығы» бөлімінде сипатталған.

V. Еңбек қауіпсіздігі және кәсіптік гигиена

Қазіргі таңдағы кәсіптік гигиенаны қадағалау тәжірибесін жоғарғы стандарттар деңгейіне жеткізу үшін өндірістік гигиена бағдарламасы қайта қаралып, салыстыру үшін, әсер етудің халықаралық шекті мәндері енгізіліп, жаңартылды. Сонымен қатар, КПО-да қолданылатын жергілікті стандарттар халықаралық стандарттардан гөрі қаталырақ екені анықталды. КПО-ның Денсаулық сақтау бағдарламаларын төмендегі атас бөлімнен табуға болады.

VI. Қоршаған Ортаны Қорғау

2015 жылы Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін бақылау бөлімі КПО-ның өндірістік бөлімдері үшін «Қоршаған ортаны қорғау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі заңнамаларды бұзғаны үшін туындайтын жауапкершілік» тақырыбында түсіндірме сессияларын оздырды. Сессияның басты мақсаттарының бірі – өндірістік бөлімдерге жаңа стандарттар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын түсіндіру және сәйкестікті қамтамасыз етуде көмек көрсету.

КПО нысандары мен бөлімдері үшін экологиялық мәселелерді тіркеу құжаты Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің қатерді бағалау әдісін қолдану арқылы КПО процедурасына сәйкес дайындалды. Бұл құжат ішкі қолданыс үшін КПО корпоративтік жүйесіне жүктелді. Сонымен қатар, 2015 жылы мердігер ұйымдарға арналған 31 экологиялық мәселелер тіркеу құжаты КПО-ның келісімшарттарды иеленуші бөлімдерімен бекітілді.

ҚР-ның «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» заңына сәйкес 2015 жылы КПО-да энергетикалық бағалау өткізілді. 2016-2020 жылдары жүзеге асырылуы бекітілген шаралардың арқасында энергияны үнемдеу, жалпы қуатты тұтынудың 4% деңгейінде белгіленді. Толығырақ мәліметтерді осы Есептің «Қуат» бөлімінен табуға болады.


«Үйінді топырақтың құнарлы қабатын ары қарай пайдаланудың жолдарын табу» зерттеу бағдарламасына сәйкес, КПО компаниясы 2015 жылы Атырау Терминалы (Атырау облысы) өндірістік аймағының, Қарашығанақ кен орны аймағындағы КПО нысандарының және Үлкен Шаған сорғы стансасы аймағындығы құнарлы топырақтар үйінділерін есепке алу, топографиялық орнын бекіту бойынша есептерін дайындады және бекітті.

VII. Жол-көлік қауіпсіздігін басқару

2015 жылы жүргізушілерді қауіпсіз көлік жүргізгені үшін ынталандыруды, жүргізушілердің хабардарлығын бағалайтын, процедураларды қайта қарау мен жаңарту, сонымен қатар, басқа да шараларды қамтитын Жол қауіпсіздігін жетілдіру жоспары жүзеге асырылды. Жоспарланған шаралардың 80% атқарылды.

VIII. Жобалардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша көрсеткіштерін басқару

Қарашығанақ кенішін кеңейту – 1 жобасының тұжырымдамасын таңдау кезеңі жалғасуда. Жүзеге асырылуы 2015 жылға жоспарланған барлық шаралар 2016 жылы тұжырымдамалық жобалау кезеңінде жалғасын табады.



2016 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары

2011 жылдан бері бастау алған, жыл сайын дайындалатын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары сапаны үздіксіз арттыруды көздейтін, кәсіпорынның күнделікті қызметтер аясынан тыс бірнеше шараларды айқындайды. Жоспар алдыңғы кезеңдердің қорытындылары мен халықаралық озық тәжірибелерге сай негізделген.

КПО бастамаларының ұзақ мерзімді сипатына байланысты, жоспардың жалпы құрылымы айтарлықтай өзгермейді. Дегенмен, жыл сайын алдыңғы жылғы жоспарды жүзеге асыру кезінде анықталатын мәселелерге байланысты жаңа элементтер қосылады. Әрбір элемент бойынша КПО-ның тиісті бөлімі компания жобалардағы алатын орны негізінде шаралар қолданады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспарының орындалу барысы қадағаланып, ай сайын КПО жоғарғы басшылығы мен құрушы компанияларға баяндап тұрады.

2016 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспарына төменде көрсетілген элементтермен қатар қауіпсіздік элементі де енгізілді:

1. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын басқару жүйесімен сәйкестік,
2. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшілік және қадағалау,
3. Мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын басқару,
4. Өндіріс тұтастығы мен қауіптерді басқару,
5. Еңбекті қорғау,
6. Қоршаған ортаны қорғау,
7. Жол қауіпсіздігі,
8. Жобалардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша көрсеткіштерін басқару,
9. Қауіпсіздік.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша өзара әрекеттесу мен ақпарат алмасу

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін талқылау және орын алған оқиғаларды тексеру кезінде жиналған тәжірибемен бөлісу мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жиналыстар компанияның әртүрлі деңгейінде жиі ұйымдастырылады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне байланысты әртүрлі жиналыстар мен талқылауларға мердігер компаниялар қатыстырылады.

2015 жылғы 10 шілдеде КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша қауіп деңгейі жоғары мердігерлік ұйымдардың жоғарғы басшыларының қатысуымен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында форум өткізілді. Форумға 30-дан астам отандық және шетел компанияларының өкілдері қатысты. Форумның тақырыбы «Қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы көшбасшылардың рөлі» болды.

Форумға қатысушылардың барлығына «КПО – қауіпсіз аймақ» сатылық бағдарламасы таныстырылды. Бұл қауіпсіз мінез-құлық бағдарламасының бөлігі болып табылады және мердігерлік ұйымдардың басшыларынан бұл бағдарлама туралы өз қызметкерлері арасында таратылуы сұралды.

Форум кезінде КПО мен мердігер компаниялар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық кезінде туындайтын дилеммаларды ұғынуды, сонымен қатар тиімді қауіпсіздік мәдениетін дамыту жөніндегі ұсыныстар жасауды, қолдауға бағытталған пікірталас топтарына қатысу мүмкіндігіне ие болды. «Диалог картасы» дайындалып, ол талқылау кезінде қолданылды.

Диалог картасының басты міндеті – нәтижелі пікірталас туғызу мүмкіндігін беріп, ұйымның ішінде және одан тыс жерде тиімді қауіпсіздік мәдениетін дамыту және қолдану кезінде көшбасшының алатын орны туралы ойлармен бөлісу.

Ұзақ мерзімді мінез-құлық мәдениетін өзгертуге бағытталған “КПО – қауіпсіз аймақ” бағдарламасы

туралы ақпарат КПО бөлімдері мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне жеткізілді. Бұл жоба ұйымның ең жоғарғы деңгейінде дайындалып, тікелей жоғарғы басшылардың негізгі үндеулерін жеткізеді.

2015 жылы барлық жұмыс орындары мен өндірістік нысандарда кезектен тыс екі қауіпсіздік техникасына арналған жиналыс өткізілді (сәуір және қазан айларында). Бұл жиналыстарды Компания директорлары мен жоғарғы басшылық бастап, оған компания мен мердігерлік ұйымдардың 3 000-нан астам қызметкерлері қатысты. Аталмыш шараның мақсаты – жұмысты бір мезет тоқтатып, ірі апаттар нәтижелерін еске түсіру, мінез-құлық мәдениеті мен қауіпсіздік мәдениетін өзгерту арқылы қауіпсіздік техникасын сақтауға барлық қызметкердің қатысуының маңызы жөнінде ойланып, бұл мәселерді талқылау.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшінің және компания басшылығының жұмыс орындарын аралау бағдарламасы – барлық КПО басшыларының жұмыс орындарында орнатылуы, қызметкерлермен бөлісу, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жалпы көрсеткіштерді қадағалау, КПО саясатына, заңнамалардың талабына және халықаралық озық тәжірибелерге сәйкес үнемі жетілуі үшін жасалатын шараларды қадағалау мақсатында енгізілді. 2015 жылы Компания басшылығының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша жұмыс орындарын аралау саны жылға қойылған міндеттемелерден асып кетті: жоспарланған 30 аралау сапарларының орнына директорлар мен басқарушылар жұмыс орындарын 40 рет аралап шықты. Сонымен қатар, жұмыс орындарды нысандар мен бөлім басшылары да аралап шықты: 300 сапар жоспарланса, жұмыс орындары 405 рет араланды (есеп бір айналым басшының жұмыс аймағын бір рет аралауына сәйкес келеді деген болжаммен жасалды).

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар бағдарламасы

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар бағдарламасы КПО-да 2012 жылдан бері сәтті қызмет атқарып келеді. Бағдарламаның негізгі қағидасы – қауіпті/қауіпсіз мінез-құлық турасында, ықтимал қауіп жайында пікір білдіру немесе қызметкердің, мердігердің немесе келушінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жақсарту мақсатындағы ұсыныстарын білдіру. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар қағаз түрінде және онлайн түрінде қол жетімді.


2015 жылы КПО және мердігер ұйымдарының қызметкерлерімен 17710 карточка толтырылып, өңдеуден өтті. Бұдан басқа, 1966 карточка электронды түрде толтырылды. КПО-ның 49 мердігер ұйымы бағдарламаға белсене қатысып, барлық бақылаулардың 47% үлестерін қосты. Ұсынылған карточкалар бойынша

тіркелген 8452 түзету шараларының 8216-сы жүзеге асырылды (97%). Жылдан жылға бақылаулардың жүйелі түрде көбеюінің басты себебі – Компания басшылығы мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалары жөніндегі комитеттердің бақылау бағдарламасына көрсетілген қолдауы арқасында бағдарламаға қатысушы қызметкерлер санының артуы. Бұған жылдан жылға жаңа бақылаулардың көбеюі дәлел бола алады. Төменде келтірілген 6-сызбада 2012-2015 жылы карточка ұсынған бақылаушылар саны берілген.

Қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және бағдарламаны жетілдіру мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалар бағдарламасын ЕҚ және ҚТ бөлімдері де, басшылық та жыл бойы белсенді түрде алға жылжытып отырды.


5-СЫЗБА

Бақылау түріне байланысты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкаларды талдау, 2012-2015



6-СЫЗБА

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар бағдарламасына қызметкерлердің қатысуы, 2012-2015



Ескерту: Өткен 2015 жылы мен алдыңғы жылдардағы карточкалар санының арасындағы мәліметтердің айырмашылығы Synergy мәліметтер базасынан алынатын карточкаларды таңдау тәсілінің 2015 жылы қайта қаралғанымен түсіндіріледі. Бұған дейін қолданылған, бақылау жасалған күні бойынша таңдау тәсілі – тіркелген күн бойынша таңдау тәсіліне өзгертілді, себебі кейбір карточкалар ұсынылған күннен кейін тіркелген. Сонымен қатар, сапаны ұдайы тексеру үдерісінің бір бөлігі ретінде, кейбір карточкалардың жойылуы немесе түрлерінің өзгеруі салдарынан мәліметтер базасы жаңартылып тұрды.

Қарашығанақ кен орнында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар бағдарламасы жөніндегі 12 комитет жұмыс атқарады. Бұл комитеттер түзету шараларын алға жылжыту және бақылау үдерісін жетілдіру мақсатында жұмыстанады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалар бағдарламасы жөніндегі комитеттер 86 жиналыс өткізіп, карточкалар негізінде 146 қосымша шаралар/бастамалар енгізіп, оның ішіндегі 121 шара жүзеге асырылды. Жұмысшылар арасынан 500-ден астам жаңа бақылаушылар жаттықтырылды.

Жұмысшыларды қауіпсіздік туралы ойлануға және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар бағдарламасына қатысуға ынталандырудың маңызы зор. Бағдарламаны алға жылжыту мақсатында ынталандыру үлгісі дайын-

далды. 500-ден аса КПО және мердігер ұйымдардың қызметкерлері бағдарламаға белсене қатысқандары үшін арнайы сыйлар мен 'Жеңімпазға арналған кеш' атты ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Тоқсан сайынғы нәтижелер бойынша 40-тан астам КПО қызметкері ең үздік бақылау жасағаны үшін ақшалай сыйлықтарға ие болды.

5-сызба 2015 жылы КПО мен мердігер ұйымдардың қызметкерлері жасаған бақылаулар санының едәуір көбейгенін көрсетеді: орташа есеппен бір жылда бір адам 6 бақылау жасаған.

Бағдарламаға қатысушы қызметкерлер санының статистикасы 6-сызбада келтірілген.

Апатқа қарсы әрекетті басқару

КПО қызметкерлердің кез-келген ықтимал апаттық жағдайға қарсы әрекет етуге дайын болуына жауап береді. Сонымен қатар, төтенше шараларды жоспарлауды жүзеге асырудағы Компанияның тиімділігін бақылауға алу өте маңызды.

КПО Апатқа қарсы әрекет (АҚӘ) етудің 3 деңгейі қолданылатын АҚӘ ету жүйесін қолданады. Бұл оқиға кезінде тиісті деңгейдегі нақты басқаруды қамтамасыз ету үшін қажет. Жыл сайын КПО арнайы оқу-жаттығу шараларын жыл бойы өткізеді.

2015 жылға арналған ІІ-ІІІ деңгейдегі АҚӘ етуге дайындық және оқу-жаттығу жоспарының аясында келесі жаттығулар енгізіліп отыр:

- КПО-ның АҚӘ ету топтары мен оператор компаниялардың дағдарыс жағдайларды басқару топтарының барлық деңгейлері үшін шұғыл басқару мәселелері бойынша жаттығу (КАЙЗЕР оқу-жаттығу шарасы);
- Жарылғыш заттарды қолдану қауіпіне байланысты семинар түрінде ІІ және ІІІ деңгейлер арасында өткізілген командалық штабтық оқу-жаттығулар (ЛЕОНИД оқу-жаттығу шарасы).

Кен орны мен Ақсай қаласындағы апаттық басқару топтары арасында апта сайын әртүрлі жағдайларды талқылау үшін пікірсайыстар өткізіледі.



ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫН БАСҚАРУ



9-КЕСТЕ Өндіріс тұтастығы саласындағы мақсаттарымыз

2015 жылға қойылған міндеттер	Міндеттердің орындалуы	2015 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2016 жылға қойылған міндеттер
Тосқауылдар үлгісін және нысандарға төнетін өндірістік қауіптерді бағалауды, сондай-ақ нысандар тұтастығын жетілдірудің тиісті жоспарын енгізу	Орындалды	Тосқауылдар үлгісі ҚӨК, ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3 және кен орындағы өнімді жинақтау жүйесі нысандарында енгізілді.	Тосқауылдар үлгісін жетілдіру және қолданысын экспорттық құбыр желілері жүйесі мен Экоорталық нысанына кеңейту. Жүйелік тосқауылдарды бақылау және басқару үдерісін енгізу.
ГҚДҚ-3 нысанының статусын растау мақсатында тәуелсіз қуәландыруды өткізу	Орындалды	ГҚДҚ-3 нысанында сараптамалық талдау, статус және даму жоспарын бекіту жоспары Fabricom Engineering Solutions (CFES) компаниясымен өткізілді. Талдау нәтижелері мен қорытындылары кен орынды болашақта дамуытуды жоспарлау шаралары кезінде ескерілетін болады.	
	ЖАҢА МІНДЕТ		Өндіріс тұтастығы тосқауылдарын және тиісті қауіпсіздіктің негізгі элементтерін тәуелсіз жақпен растау тәжірибесін енгізу үрдісін жалғастыру
Өндіріс тұтастығын басқару жөніндегі комитеттердің тоқсан сайынғы отырыстарын ұйымдастыру	Орындалды	Өндіріс тұтастығын басқару комитеті құрылды. 2015 жылдың тамыз айына қарай, 2015 жылы екі тоқсандық жиналыс өтізілді.	Тоқсан сайынғы жиналыстарды өндіріс тұтастығының тиімділік деректері жөнінде есеп беру үдерісі аяқталғаннан кейін өткізу
Алғашқы қорғаныс тұтастығының бұзылу жағдайларын алдағы уақытта қысқарту үшін, қауіптерді ескеруге негізделген тексеру бағдарламасымен жұмысты жалғастыру	Орындалды	Қауіптерді ескере отырып тексерулер өткізу – өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімі аясында және техникалық қызмет көрсету бағдарламасы шеңберінде үздіксіз орындалатын шара. Алғашқы қорғаныс тұтастығының бұзылу жағдайлары тиімділіктің негізгі көрсеткіштері белгілеген шектерінен аспай, 2014 жылдың деректерімен салыстырғанда тұрақты болып келеді.	
	ЖАҢА МІНДЕТ		Тұтастықтың өндірістік терезесі бағдарламасын бақылайтын әдістеме енгізу.
	ЖАҢА МІНДЕТ		Өндіріс тұтастығын басқару жүйесінің талаптарын одан әрі жетілдіріп, жобаларға шығындардың тиімділігін қадағалау үдерісімен ұштастыру.

КПО-ның өндірістік нысандарының атқарымдық, механикалық және пайдалану тұтастығын белсенді және сенімді басқаруды қамтамасыз ету – өндірістік тұтастық жөніндегі бөлімнің 2015 жылдағы негізгі міндеті болып қалады.

Өндіріс тұтастығын басқару жүйесі толығымен дайындалып, қабылданып, қолданысқа 2015 жылы енгізілді. Бұл – КПО-ның барлық активтерінде өндіріс тұтастығын басқарудағы Компанияның маңыздылығының жоғары құжаты. Өндіріс тұтастығын басқару жүйесі – қауіпсіз және үздіксіз өндірісті қолдаудың біріктірілген және құрылымдық әдісі. Бұл әдіс нысан өмірінің әрбір кезеңінде: оның жобалануы, құрылысы, сондай-ақ, жұмысы мен қызметтен шығарылуы кезінде де қолданылады. Бұл мәселеге қатысы бар қызметкерлерді Өндіріс тұтастығын басқару үдерісіне қойылатын талаптармен таныстыру мақсатында бағдарламаны енгізудің бірнеше сессиялары өткізілді. Өндіріс тұтастығын басқару жүйесінің бір бөлігі ретінде, ірі апаттардың орын алу жағдайларында «тосқауылдарды» анықтау


мақсатында өндірістік нысандар үшін Тосқауылдар үлгісі енгізілді. Өндіріс тұтастығының тосқауылдар үлгісі қондырғылар статусын қауіптерді ескеруге негізделген жоғарғы дәрежелі талдамымен қамтамасыз ету үшін КПО-ның барлық нысандар мәселерін және сұрақтарын жинақтайды.

2015 жылдағы Өндіріс тұтастығының тосқауылдар үлгісін жетілдіру мүддесіне жұмсалған күш-жігер келесі міндеттермен байланысты болды:

1. Өндіріс тұтастығының тосқауылдар үлгісінің жетілуі

2014 жылы қолданысқа енгізілген Тосқауылдар үлгісі 2015 жылы мағыналы түрде жетіліп, қазіргі кезде бүкіл кен орны және корпоративтік деңгейде өндіріс тұтастығына қауіптерді азайту мәселелерін талқылау мен шешім қабылдауда негізгі құрал ретінде қолданылады. Аталмыш үлгінің құрылымы төмендегі диаграммада көрсетілген:


4-СУРЕТ Өндіріс тұтастығының тосқауылдар үлгісі құралы (типтік диаграмма)



Құралдың негізгі артықшылықтары:

- а. Тұтас өндіріс мәселелерін жеке жабдық тұтастығының тосқауылдарына қатысты дәрежелеп реттейді;
- ә. Қауіп мәселелерді дәреже бойынша жүйелейді, кейін қажетті жұмыстар басымдылықтарын қауіптер негізінде реттейді;
- б. Қауіптерді басқару және азайту шараларын меңгеру үшін деректер қорымен қамтамасыз етеді;
- в. Басшылыққа бөлім және корпоративтік деңгейде қауіптердің жинақталған кестесін ұсынады. Төменнен жоғарыға дейін ақпарат тарату және маңызды мәселерді жоғарғы басшылыққа жеткізуді қамтамасыз ету үшін тосқауылдардың статусы туралы есеп беру ба-рысы ұйымдық жұмыс үдерісіне енгізілген.

5-СУРЕТ КПО-ның ұйымдық құрылымындағы тосқауылдар статусы туралы есеп беру үдерісі



КПО ТОСҚАУЫЛДАР ҮЛГІСІНІҢ СЫЗБАСЫ



ТОСҚАУЫЛДАРДЫҢ БАСТАПҚЫ СТАТУСЫ (ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРДІ АЗАЙТУ)



Тосқауылдар үлгісі құралының 2016 жылы бұдан әрі жетілуі келесі шараларды қамтиды:

- а. Белгілі бір нысандағы жекелеген өндірістік аймақтар деңгейінде тосқауылдарды басқару үшін мүмкіндік тұғызу мақсатында аймаққа негізделген үлгіні қолданысқа енгізу. Мұндай әдіс тосқауылдар үлгісін қондырғы қауіптерін бағалаудың үздіксіз үдерісінде күн сайын қолданылатын құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді;
- ә. Қауіптерді ескере отырып, тексерудің дерекқорлары үшін SAP техникалық қызмет көрсетуді басқарудың компьютерленген жүйесіне, Өндіріс жағдайын бағалау құралына жүктелген Қауіпсіздіктің негізгі жабдықтары тізімін қайта қарау және тосқауылдар тиімді екенін және тиімді болып қалатынын қамтамасыз ету үшін керек шараларды ғана қарастыру арқылы қызмет көрсету мен тексерістер қажеттілігін растау;
- б. Жабдықтардың біртіндеп тозуын және жұмыс көрсеткіштерінің төмендеуін, сонымен қатар, бұл құбылыстың өндірістік бүтіндікке кері әсерін түсіну (Тұтастықтың өндірістік терезесімен (API 584) салыстырғанда);
- в. Жүйелік тосқауылдардың тиімділігін бақылау үдерісін енгізу (басқару үдерістері мен адамдардың өндіріс тұтастығына әсері);
- г. Тосқауылдар үлгісі құралын экспорт құбыр жүйелері және Экоорталық нысанында пайдалануды жүзеге асыру.


2. Өндіріс тұтастығын жүзеге асыруды бақылау

Тосқауылдардың жұмыс істеу барысы өндірістің жоспарлы және қорытынды негізгі көрсеткіштері арқылы қадағаланады. Жоспарлы және қорытынды көрсеткіштер әр ай сайын Өндіріс тұтастығының бағалау парағы арқылы бақыланып, жоғарғы басшылықпен әр тоқсан сайынғы Өндіріс тұтастығы комитеті жиналыстарында талданады. 2015 жылдың негізгі көрсеткіштерін талдау барысында 2016 жылы назар аударуды талап ететін бірнеше мәселені анықтаған болатын, мысалы:

Жоспарлы көрсеткіштер	Қорытынды көрсеткіштер
Қауіпсіздіктің негізгі элементтерінің алдын алу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарына тапсырыстардың уақытында орындалуы.	Қауіпсіздік жүйелерін талап етеді
Автоматты түрдегі апаттық дабылдарды бұғаттау.	Алғашқы қауіпсіздік тұтастығының бұзылуы

Ірі апаттардың қаупін немесе өндіріс тұтастығын басқару – өндіріс қауіпсіздігінің бұзылу оқиғаларының қатаңдығын азайтудың немесе мүлдем болдырмаудың негізі. 2014-2015 жылдардың статистикасын талдау кезінде алғашқы тұтастықтың бұзылуы және жабдықтардың зақымдану оқиғалары санының өспегені көрсетілді. Түпкілікті себептерді және түзету шараларын айқындау мақсатында өндіріс қауіпсіздігінің бұзылу оқиғаларының барлығы тергелді. Еңбекті қорғау саласындағыдай, өндіріс қауіпсіздігінің бұзылу оқиғаларының санын азайту – қондырғының жобалану, құрылу, іске қосылу және тұрақтану кезеңдерінде КПО-ның барлық директораттарының еңбегін және үлесін талап ететін күрделі үдеріс. Өндіріс қауіпсіздігінің бұзылу оқиғаларына әкеліп соғатын басқару жүйесіндегі кемшіліктерді жою мақсатындағы осындай жұмыстар 2016 жылы жалғасады.

7-СЫЗБА Өндіріс қауіпсіздігінің бұзылу оқиғаларының түрлері бойынша сызбасы



10-КЕСТЕ

Өндірістік нысан бойынша алғашқы қауіпсіздік тұтастығы бұзылуының оқиғалары

2014			
Алғашқы қорғаныс қабаты тұтастығының бұзылуы	Қатар-1	Қатар-2	Қатар-3
ҚӨК	0	1	3
ГКДҚ-2	0	1	3
ГКДҚ -3	0	0	4
Өнімді жинау бөлімі	0	0	1
Эко Орталық	0	0	0
Барлығы	0	2	11

2015			
Алғашқы қорғаныс қабаты тұтастығының бұзылуы	Қатар-1	Қатар-2	Қатар-3
ҚӨК	0	2	5
ГКДҚ-2	0	0	2
ГКДҚ -3	0	0	1
Өнімді жинау бөлімі	0	0	2
Барлығы	0	2	10

Анықтама:

Қатар-1 елеулі зардап-салдарға әкелген үдерістермен байланысты алғашқы қауіпсіздік тұтастығы бұзылу оқиғаларының санын айқындайды;

Қатар-2 зардап-салдар дәрежесі төмендеу (елеусіз)

үдерістермен байланысты Алғашқы қауіпсіздік тұтастығы бұзылу оқиғаларының санын айқындайды;

Қатар-3 Өндіріске қатысы бар Алғашқы қауіпсіздік тұтастығы бұзылуының басқа да оқиғаларының санын айқындайды.

3. Өндіріс тұтастығын басқару жүйесі

Жүйелік кедергілер (үдерістер және адамдар) тиімді құжаттармен бекітілетін басқару жүйесін талап етеді. 2015 жылы қолданыстағы өндіріс тұтастығы мәселелеріне басшылық жасайтын басқару үдерістерін талдау мақсатында жаттығу өткізілді. Осы жаттығу нәтижесі бойынша, өндіріс тұтастығын басқару бары-

сын қолдау ретінде, бұдан әрі пайдалы болып келмейтін үдерістер істен шығарылып, олардың орнына жаңа немесе қайта қаралғандар енгізіледі. Бұл жабдықтарды пайдалану мерзіміне де қатысты, ал шығындар тиімділігін талдаудағы өндіріс тұтастығына басшылық жасау қызметі 2016 жылы да жалғасады.

4. Қолданыстағы түзетулерге өзгертулер енгізуді басқару жүйесі

Өзгертулер енгізуді басқарудың электронды жаңа жүйесі – үдерістің тиімділігін арттыру, өндірістік персоналға түсетін бюрократиялық қағазбастылықты азайту, сонымен қатар өндірістік жабдықтарға, бағдарламалық жасақтамаларға, нұсқамалық құжаттарға және ұжымға қатысты енгізілетін өзгерістерді бақылау үшін құжатталған және күрделі үдеріспен қамтамасыз ету мақсатында КПО-да сәтті қолданысқа енгізілді. 2016 жылдарға арналған шара-

лар өзгертулер енгізуді басқарудың электронды жүйесі құралын алғашқы қолданыс жылынан алынған сабақ пен тәжірибе, сонымен қатар өндірістік қауіпсіздік негізінде жетілдіруді қамтиды. Бұдан басқа, компания қондырғының жобалануы/жетілдірілуі кезеңінде өндірістік қауіпсіздік, құрылыс, өндіріс және қызмет көрсету талаптарын бірлестіру мақсатында өзгертулер енгізуді басқару талаптарын жобалар тиімділігін бағалау жүйесіне біріктіруді қарастырады.



КПО жоғары басқармасының өндірістік нысандарға сапары

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ



Ұйымдар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын тиімді басқаруға байланысты қажетті шараларды қабылдауға заңды түрде міндетті.

КПО кәсіпорында денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесін дайындау және енгізу сипаттамасы бойынша OHSAS 18001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес минималды элементтерді айқындайтын Денсаулықты сақтау жүйесін енгізді. Минималды элементтер келесілерді қамтиды:

- компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жазбаша саясаты;
- қызметкерлерге, мердігерлерге, тапсырыс берушілерге, серіктестерге және ұйымның қызметінен зардап шегуі мүмкін басқа да тұлғаларға келтірілетін болжамды қауіп-қатерлерді бағалау;
- қауіп-қатерлерді алдын алу шараларын тиімді жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және қадағалау;
- білікті маманнан еңбекті және денсаулықты қорғауға байланысты кеңес алуға қолжетімділік;
- қызметкерлерге жұмыс орнындағы қауіптер туралы және оларды қорғау бойынша ақпаратты ұсыну;
- қызметкерлерге арналған қауіп-қатерлерді басқару бойынша нұсқаманы және оқытуды өткізу;
- жұмыс орнында тиісті бақылаудың болуын қамтамасыз ету;
- жұмыс орнындағы қауіп-қатерлер мен қолданыстағы алдын алу және қорғау шаралары туралы қызметкерлерге кеңес беру.

11-КЕСТЕ

Еңбекті қорғау, денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету саласындағы міндеттеріміз

2015 жылға қойылған міндеттер	Міндеттердің орындалуы	2015 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2016 жылға қойылған міндеттер
<ul style="list-style-type: none"> ■ «Жүрек саулығы» бағдарламасын орындауды жалғастыру; ■ Қауіп-қатер тобындағы қызметкерлердің денсаулық жағдайын жақсарту бойынша жеке жоспарларын қайта қарап, түзетулер енгізу; ■ Гипертонияға, физикалық белсенділік пен медициналық скринингті басты назарда ұстап, салауатты өмір салтын насихаттау науқанын өткізу; ■ «Ален Карр» тәсілі бойынша темекіден бас тарту бағдарламасын жалғастыру. 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> ■ «Жүрек саулығы» бағдарламасының орындалуы диабет және гипертонияға ерекше назар аударумен жалғастырылды. Қызметкерлердің диабет туралы хабардарлық деңгейін арттыру үшін тақырыптық жарқағаздар, көрсетілімдер және хабарламалар қолданылды. ■ Компанияның асханаларында тамақ құндылығы туралы ақпарат орналастырылды. ■ Денсаулықты жақсартуға арналған жеке жоспарлар қаралып, жоғары кардиологиялық қауіп-қатер тобындағы жұмысшылар үшін қосымша шаралар қабылданды. ■ Кеңсе қызметкерлеріне арналған медициналық тексеру жұмыстары жалғастырылды. ■ Темекі шегуден бас тартуды қалайтын 31 қызметкерлер үшін темекіден бас тарту науқаны ұйымдастырылды. 15 қатысушы темекіден бас тартты. 	<ul style="list-style-type: none"> ■ «Жүрек саулығы» бағдарламасын орындауды жалғастыру. ■ «Жүрек саулығы» бағдарламасының үш жылдық нәтижелеріне талдау жүргізіп, тексеру. ■ Арқа ауруларының алдын алу бағдарламасын жалғастырып, қызметкерлерді өз денсаулығына жауапты болуға ынталандыру. ■ Негізгі ауру бағыттарын анықтау мақсатында, медициналық тексеру нәтижелеріне талдау жүргізу және денсаулықты нығайту жөніндегі қолданыстағы іс-шараларды қарап тексеру.

<ul style="list-style-type: none"> ■ 2014 ж. өткен Денсаулыққа төнетін қауіптерді бағалау (ДҚБ) үдерісін қайта өткізу; ■ Кен орнының басты позицияларында отырған қызметкерлерге қосымша ДҚБ өткізу; ■ Жоғары және орташа қауіп факторы бар жұмыстар үшін арнаулы ДҚБ өткізу. 	<p>ОРЫНДАЛДЫ</p>	<ul style="list-style-type: none"> ■ ДҚБ жоспарға сәйкес өткізілді. ■ Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерге баға беру жүргізілді, қажеттілігіне қарай аспаптық өлшеулер жасалды. ■ Жоғары шу деңгейі бар жерлерде қызмет атқаратын тиісті персоналға жеке шу дозиметриясы өткізілді. ■ Эргономика жөнінде хабардар болу деңгейі арттырылғандықтан, «сұраулар бойынша» жұмыс орындарын бағалаулар саны едәуір өсті. 	<ul style="list-style-type: none"> ■ Жыл сайынғы ДҚБ шараларын жалғастыру; қауіп-қатерге баға беруді тексеру. ■ Әрбір блок бойынша денсаулыққа төнетін қауіп-қатерлер тізімін дайындау.
<ul style="list-style-type: none"> ■ 2015 ж. санитарлық талаптарға сәйкестік мониторингін жалғастыру; жұмыс көлемін кеңейтіп, қосымша қауіпті факторларды (қауіпті химиялық заттарды) қосу; ■ Санитарлық зертхананы жетілдіру үшін, жаңа қондырғылар сатып алу. 	<p>ОРЫНДАЛУЫ ЖАЛҒАСУДА</p>	<ul style="list-style-type: none"> ■ Санитарлық талаптарға сәйкессіздікке ерекше назар аударумен қатар, жұмыс орындарын санитарлық-гигиеналық мониторингтен өткізу жалғастырылды. ■ Жабдықтарды жаңғырту кезінде, бюджет және сатып алу мәселелері бойынша қиындықтар туындады. 	<ul style="list-style-type: none"> ■ Мониторинг жүргізу бағдарламасына бензол сынамаларын алуды қосу. ■ Компанияның барлық нысандарында сумен жабдықтау жүйелерінің легионеллаға қатысты қауіп-қатерлерін бағалауды жүргізу. Легионелланы басқару жоспарын және процедурасын енгізу.

Жұмыс орындағы алғашқы медициналық көмек

КПО компаниясының кен орны мен Ақсай қызметкерлеріне күнделікті медициналық қызмет көрсететін арнайы медициналық клиникалары ауруларға диагностика қою және оларды емдеудің алғашқы буыны болып табылады. КПО қызметкерлеріне соңғы диагностика қойып, емдеу үшін, медициналық сақтандыру арқылы

медициналық мекемелер тартылады. Денсаулық сақтау бөлімі қызметкерлердің денсаулығына байланысты жұмыста болмауын қадағалап, сараптама жүргізіп отырады. Медициналық құжаттама құпиялылық қағидасын сақтай отырып, дәрігерлік этика ережелерімен толық сәйкестікте жүргізіледі.

24/7 жедел медициналық жәрдем

КПО компаниясының медициналық қызмет көрсету тобы компания қызметкерлеріне жұмыс орнында алғашқы медициналық көмек көрсетуден бастап, медициналық эвакуация мен репатриацияға дейінгі жедел медициналық көмек көрсетеді. Топтың иелігінде бүкіл

жыл ішінде тәулік бойы жұмыс істейтін бес толығымен жабдықталған клиника бар. Клиникаларда қарапайым және жол талғамайтын жедел жәрдем машиналары – реанимобильдер бар.

12-КЕСТЕ 2015 жылы медициналық қызмет көрсету көрсеткіштері

Медициналық қызмет көрсету көрсеткіштері	
Клиникаға жолыққан пациенттердің саны	1 893
Медициналық мекемелерге тасымалданған пациенттердің саны	110
Медициналық оқытуларға қатысқан жұмысшылардың саны	423
Компания қызметкерлеріне арналған Алғашқы медициналық көмек көрсету курстары	294
Ауысым алдындағы медициналық тексерулер (жүргізушілер / байланыс операторлары / электриктер)	
Тексерулердің саны (алкотестті қоса алғанда)	86 321
Өтпегендердің саны	15
Кездейсоқ іріктеу алкотесттер	1 243
Кездейсоқ іріктеу тесттер «+»	0
Төтенше жағдайлар кезінде ұсынылған медициналық көмек көрсеткіштері	
Жедел шақырулардың саны	38
Көмек көрсетудің орташа мерзімі (КПО)	6,49 мин

Ескерту: мысалы, Ұлыбритания Патшалығы мен батыс мемлекеттерде апаттық жауап қату уақыты орта есеппен 8 минутты құрайды.

2015 жылы КПО-ның 13 дәрігері Астана қаласында Төтенше жағдайдағы медициналық көмек көрсету жөніндегі міндетті оқудан өтті. Барлық фельдшерлер Орал қаласында наркология курсынан өтіп, сертификаттарын жаңартты. 9 фельдшер Орал медициналық колледжінде Төтенше жағдайдағы медициналық көмек көрсету жөніндегі оқудан өтті. Қалған медициналық пер-

сонал Төтенше жағдайдағы медициналық көмек көрсету жөніндегі міндетті оқудан 2016 жылы өтуді жоспарлауда. КПО-ның Медициналық қамтамасыз ету секторы Орал қаласындағы бірнеше ауруханамен келісімшарттық қатынаста тұруда. Орынбор қаласындағы №4 «Күйік орталығы» қалалық ауруханасымен келісім-шарт жасалу өз сатысында.

Жұмыс орнында науқастықты басқару

КПО денсаулық сақтау тобының персоналы қызметкерлердің науқастық себебінен жұмыс орнында болмауына бақылау және талдау жүргізеді.


КПО-да науқастық себебінен жұмыс орнында болмаудың негізгі себептері:

1. Тыныс алу органдарының аурулары
2. Жоғары тыныс алу жолдарының инфекциясы

3. Тірек-қимыл аппаратының зақымдалуы
4. Жарақаттар (жұмыспен байланысты емес)
5. Бүйрек және несеп шығару жүйесінің аурулары.

КПО қызметкерлерінің науқастық себебінен жұмыс орнында болмау көрсеткіштері науқастану санының өткен жылдармен салыстырғанда ұлғайғанын көрсетеді.

8-СЫЗБА Жұмыс орнында болмау көрсеткіші (КПО)



— Жұмыс орнында болмау көрсеткіші

КПО-да жоғарыда көрсетілген жұмыс орнында болмау көрсеткішін есептеу үшін, келесі әдіс қолданылады:

- Жұмыс орнында болмау көрсеткіші = жұмыс орнында болмауына (ауруға байланысты) байланысты жоғалтылған нақты күндер саны x 100 / жұмысшылардың жалпы саны. Жұмысшылардың басқа себептермен жұмыста болмаған күндері туралы деректер жоқ.
- КПО-да бақылаушы органдардың талаптарына сәйкес, жұмыс орнында болмауды қызметкерлер саны бойынша (адам-сағатына емес) есептеу әдістемесі қабылданған.

Ауыз су сапасын және азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау

Тамақтан улану мен су арқылы берілетін аурулардың таралуы денсаулыққа, өндіріске және компанияның абыройына айтарлықтай нұқсан келтіреді. КПО-ның Инфрақұрылым және қызмет көрсету, тамақтандыру қызметін жеткізушілерінің, денсаулық сақтау және басқа да бөлімдердің бірлескен жұмысы нәтижесінде, бұл қауіп-қатерлерге тиімді бақылау жүргізілді. 2015 жылы жасалған 797 сынамалдардың тек біреуі (1) стандарттарға сәйкес болмады – бөтелке су қажетті температураға қарағанда, жоғары температурада сақталды.

2014 жылғы ЕҚ,ҚТ және ҚОҚ аудиті бойынша Оператор ұсынымдарының бірі – су сапасын бақылау процедурасын қарап тексеру және оған ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелерінің легионеллаға қатысты

қауіп-қатерлерін бағалауды енгізуді қамсыздандыру. Қазақстанда легионеллаға қатысты қауіп-қатерлерге бағалау жүргізуге және су сынамаларына талдау жасауға қабілетті халықаралық сертификатталған зертханалар болмағандықтан, осы ұсынымды орындау үшін шетелдік компаниялар қаралған болатын. Тендерлік үдеріс 2015 жылы басталды.

2015 жылы санитарлық зертхана азық-түлік тағамдарының қауіпсіздігіне байланысты 113 инспекция өткізді, оның ішінде 48 тексеру – мердігерлік ұйымдардың асханаларында өткізілді. 2014 жылы жасалған түзету шараларының 75%-ымен салыстырғанда, түзету шараларының 77%-дан астамы 2015 жылы орындалып, жабылды. Орындалмаған іс-шаралардың көбі қаржыландыруды және ұзақ уақытты талап етеді.

Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерге баға беру

2015 жылы өндірістегі сыни жұмыс топтарымен қатар, жоғары және орта қауптегі қызметтерге ДҚБ өткізіліп, бағалау жүргізілді. Бағалау жүргізу кезінде басшылықтың қатысуы, денсаулыққа келтірілетін қауіп-қатерлер туралы хабарландырудың және оларды басқарудың қажеттілігіне назар аударылды.

Жұмысшылардың эргономика жөнінде хабардар болу деңгейі арттырылғандықтан, «сұраулар бойынша» жұмыс орындарын бағалау саны едәуір өсті. Осы бағалаудың нәтижелері бойынша, жұмыс орны жағдайын жақсарту жөніндегі ұсыныстар берілді.

13-КЕСТЕ Эргономикалық бағалау есептері

Жыл	2013	2014	2015
Бағалаулар саны	43	74	77

Денсаулық жағдайы бойынша кәсіби жарамдылықты бағалау


Денсаулық жағдайына байланысты кәсіби жарамдылықты тексеру бастапқы деректерді белгілеуге көмектесіп, қызметкерлердің денсаулығына кезеңдік бағалауды жүргізуге және денсаулыққа келтірілетін жағымсыз зиянды алдын алуға бағытталған. 2015 жылы 1 987 қызметкер кезеңдік медициналық тексеруден өтті, бірде-бір кәсіби ауру анықталған жоқ.

КПО компаниясы әлеуметтік жауапты ұйым болғандықтан, өз қызметкерлерінің денсаулығын нығайтуда белсенді рөл атқарады. 2013 жылдан бастап, Заңмен белгіленген медициналық тексерулерден басқа, компания кеңсе қызметкерлеріне әрбір үш жыл сайын медициналық тексеруден өту мүмкіндігін ұсынуда. Бұл тексеру «Саламатты Қазақстан» Мемлекеттік

денсаулық сақтау бағдарламасына сәйкес келіп, ауру белгілерін ерте анықтауға мүмкіндік береді. Іс жүзінде, жаңа жұмысшылар мен өткен жылы кестестеге сәйкес тексеруге қатыспаған жұмысшыларды қамту мақсатында, кеңсе қызметкерлеріне медициналық тексеру жыл сайын өткізілуде.

Дегенмен, 2013-2014 жылдары бастапқыдағы қатысушылықтың жоғары қарқынымен салыстырғанда (70%), 2015 жылы тексеруден өтуге ниет еткен адамдардың саны едәуір азайды (11%). Жұмысшылардың қызығушылықтары төмендеген себептердің бірі – осы медициналық тексерудің міндетті болмауының сипаты.

9-СЫЗБА Кәсіби аурулардың жиілігі



КПО кәсіби аурулардың жиілігін келесі формула бойынша есептейді:

Кәсіби аурулардың жиілігі (бір миллион атқарылған адам-сағатына шаққанда) = кәсіби аурулардың саны x 1 000 000 / адам-сағаты.

14-КЕСТЕ Кәсіби аурулардың жиілігі – КПО*

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Кәсіби аурулардың жиілігі (КПО)	0,00	2,46	0,14	0,28	0,00	0,00	0,00

* Мердігерлік компания қызметкерлері туралы жарияланатын ақпарат қолжетімсіз болғандықтан, бұл кестеде көрсетілмеген

Салауатты өмір салтын насихаттау

Жалпы және кәсіби аурулар мәселелері бойынша қызметкерлердің хабардар болуын арттыру денсаулық сақтау бөлімінің басты міндеттерінің бірі болып саналады, олардың арасында:

- Диабет және қан қысымының артуы (гипертония) сияқты ауруларға бағытталған «Жүрек саулығы» бағдарламасы өз жалғасын тапты. Тақырыптық жарқағаздар, презентациялар және хабарламалар қызметкерлердің диабет ауруынан хабардар болуын арттыру үшін қолданылды.
- Жалпы қызмет көрсету бөлімімен бірге өнімдердің нәрлілігі туралы ақпарат дайындалып, компания асханаларында көрнекі жерлерге қойылды.
- Денсаулықты жақсарту жеке жоспар ретінде тексерілді және жүрек ауруларына шалдыққшы адамдарды бақылау жалғастырылды.
- Темекі шегуді тастағысы келетін көптеген қызметкерлерге темекіден бас тарту жөнінде оқытулар ұйымдастырылды.

- Денсаулықты жақсарту бойынша қолданылатын жеке жоспарларды негізге ала отырып, арқа ауруының алдын алу бағдарламасы өз жалғасын тапты. Чех қалашығындағы фитнес орталығы жаттықтырушылармен бірге жатыққысы келетін адамдарға жаттығулар бағдарламасы ұсынылды.
- Медицина саласындағы қызметкерлер жұмыс орнындағы кіріспе нұсқау туралы өз бағдарламасын жалғастырды.
- Қауіпсіздік техникасы корпоративтік бөлімімен бірлесе отырып, салауатты өмір салтын насихаттау хабарламалары таратылды
- Асбестің қауіптілігі туралы ақпарат компьютерде оқыту курсы арқылы барлық қызметкерлерге жеткізілді.
- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының халықаралық бағдарламалары, көрнекі жерлерге қойылып, барлық қызметкерлерге пошта арқылы таратылатын денсаулық бюллетеньдері мен жарқағаздарда көрсетілді.

15-КЕСТЕ 2015 жылы салауатты өмір салтын насихаттау бойынша өткізілген бағдарламалар

Бағдарлама	Тақырыптар саны	Қатысқандар саны
Темекіден бас тарту туралы курс	1	31
Денсаулық бюллетеньдері	9	Барлық КПО
Денсаулық туралы ақпарат көрсетілген жарқағаздар	10	Барлық КПО
Жеке компьютерді іске қосқанда пайда болатын хабарламалар	40	Барлық КПО

Жұмыс орындарында санитарлық-гигиеналық бақылау

Жұмыс орындарының нормативтік талаптарға сай болуын бақылау – санитарлық-гигиеналық зертхананың басты қызметтерінің бірі. Сынама нәтижелері, өндірістік гигиена нормаларына сәйкессіздіктерді анықтау және түзету шараларын жүргізу үшін қолданылады. КПО жұмыс орындарын санитарлық-гигиеналық бақылаудың жоғары стандарттарын анықтауға ұмтылады, ал санитарлық-гигиеналық зертхананың мүмкіндіктерін арттыру – денсаулық сақтау бөлімінің маңызды тапсырмасы болып қала береді. Алдыңғы жыл тапсырмаларының бірі ҚР-да белгіленген шектеулі рұқсат етілген нормативтерді дүниежүзілік шектеулі рұқсат етілген нормативтермен салыстыру және қатаңдау талаптарды қабылдау болды. Көптеген қауіпті заттарды (90%) анықтау

барысында, ҚР-да нормативтерге қатысты қабылданған талаптардың дүниежүзілік талаптармен салыстырғанда қатаңдау екендігі анықталды.

Мысалы, ҚР-дағы күкіртті сутектің (H₂S) шектеулі рұқсат етілген концентрациясы 5 мг/м³ –ге тең болса, ал OSHA (АҚШ-тың қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау басқармасы) стандартында белгіленген рұқсат етілген шектеулі шоғырлану 7 мг/м³ –ді құрайды; метанол бойынша бұл көрсеткіштер Қазақстанда 5 мг/м³ –ге тең және OSHA стандартында 260 мг/м³ және т.б.

Санитарлық-гигиеналық бақылау жұмыс орнындағы физикалық факторларды бақылау (16-кесте) және жұмыс орнында ауадағы қауіпті заттар мөлшерін анықтаудан (17-кесте) тұрады.

16-КЕСТЕ 2014-2015 жылдар арасындағы физикалық факторларды бақылау

Физикалық факторлар	2014		2015	
	Жүргізілген зерттеулер саны	Сәйкессіздіктер	Жүргізілген зерттеулер саны	Сәйкессіздіктер
Шу	430	98	444	109
Діріл	120	13	102	17
ЭМӨ*	3 768	51	3 956	44
ЭСӨ **	1 988	0	2 107	0
Жарық	2 424	770	2 890	843
Микроклимат	4 512	328	7 992	574
Жалпы	13 242	1 260	17 491	1 587

* ЭМӨ – электромагниттік өріс ** ЭСӨ – электростатикалық өріс

17-КЕСТЕ Жұмыс орнында ауаны бақылау, 2015 жыл

Бақылау жұмыстары	Жұмыс орнындағы ауа
Жоспарлы сынама алу жұмыстары	14 007
Өткізілген сынама алу жұмыстары	13 665*
Сәйкессіздіктер мен шектен тыс көрсеткіштер саны	3
Шектен тыс көрсеткіштердің пайыздық көрінісі / шектеулі рұқсат етілген нормативтерге сәйкессіздіктер	0,02

* Ақпараттың толық болмау себебі, нысандарға кірудің шектеулі болуына байланысты (мысалы, бұрғылау станогын жылжыту) немесе сынама жүргізілген құрал-жабдықтың ақаулы болуынан (мысалы, ҚӨК-дегі газ турбинасының жұмыс істемеуі)



Өндірістік нысандардағы шу деңгейін өлшеу процесі

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



18-КЕСТЕ Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы міндеттеріміз

2015 жылға қойылған міндеттер	Міндеттердің орындалуы	2015 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2016 жылға қойылған міндеттер
Экспорттық құбыр желісіне заңсыз қосылуларды болдырмау	Орындалды	Құбырлар қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді талқылау мақсатында жергілікті мемлекеттік органдар, жергілікті полиция және жергілікті төтенше жағдайлар департаментінің өкілдерімен жоспарлы түрдегі кездесулер үнемі өткізіліп тұрды	КПО-ның экспорттық құбыр желісіне заңсыз қосылуларды мүлдем болдырмау.
Қауіпсіздік сақтау қызметін көрсету өкілдеріне қатысты адам құқықтарының сақталуы мен қауіпсіздік қағидалары тармақтарының, соның ішінде, осы сала бойынша қызметкерлерді дайындықтан өткізу шараларының орындалуын қамтамасыз ету.	Орындалды	28 оқыту семинары өткізілді. Оқыту курстарының тиімділігін бағалау мақсатында қауіпсіздік саласында қызмет көрсету өкілдерімен жоспарлы кездесулер өткізіліп тұрды.	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында, қызмет көрсетуші мердігер ұйымдарға қауіпсіздік және адам құқықтарын сақтау қағидалары туралы оқытуларды жалғастыру.
	ЖАҢА МІНДЕТ		Қауіпсіз басқару жүйесін (ҚБЖ) енгізу аясында, келесі міндеттер атқарылуы тиіс: <ul style="list-style-type: none"> ■ ҚӨК, ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3 аймақтарында қоршауларды қондыруға байланысты іскерлік құжаттарды рәсімдеу; ■ ГҚДҚ-2 және ЕМӨС өндіріс аймақтарында қоршауларды орнату; ■ ҚБЖ жобасын іске асыру


2014 жылғы жағымды көрсеткіштер сақталып, КПО-ның экспорттық құбырларына 2015 жылы бірде-бір заңсыз қосылу жағдайы тіркелген жоқ. Қол жеткізген бұл жетістіктер, құбырлар орналасқан жолдар бойында, қауіпсіздікті жоғары деңгейде қамтамасыз етуге қатысқан барлық мүдделі тараптар атқарған жұмыстың нәтижелілігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

2015 жылы Қауіпсіздікті басқару жүйесін дамыту және іске асыру жұмыстары одан әрі жалғасын тапты. Осы жылы жаңа қоршауларды дайындау жұмыстары аяқталып, қажетті материалдар түгелімен жеткізілді. Жоба 2019 жылға дейін созылады. Қоршауларды орнатумен қатар, бұл жобада кезектегі электронды бақылау қолжетімділік жүйесін, бейнебақылау жүйесін, периметр бойынша басып кіруді анықтау жүйесі және арнайы екі ЕМӨС бақылау мен басқару бекеттерін орнату қарастырылған. Барлық мердігер компанияларды қажетті жеке жұмыс куәлігімен қамтамасыз ету 100%-ға аяқталды.

Сонымен қатар, Қауіпсіздік тобы кен орны нысандарында төтенше жағдайлар кезінде эвакуациялау мен қызметкерлерді тіркеудің жаңа электрондық жүйесін дайындау және енгізу бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ корпоративтік бөліміне қолдау көрсетуде. Өндірістік нысандарда құрал-жабдықтарды орнату және сынаудан өткізу аяқталды. Барлық жаңа құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуге арналған келісімшарт жасау жұмыстары басталды.

2014 жылы КПО басшылығы қауіпсіздік және адам құқықтары (VPSHR) бойынша ерікті қағидаларды сақтау міндеттемелерін қабылдады. 2015 жылы осы міндеттемелердің талаптарына сәйкестіктерді бірлесіп бағалау жұмыстары (Биджи Групп және КПО-мен бірге) жүргізілді. Кен орнында/Ақсай қаласында қауіпсіздік қызметін атқаратын КПО-ның екі қызмет көрсету компаниясының қызметкерлері жұмысты орындауға қатысты адам құқықтары туралы саясат/процедуралар бойынша ресми түрде арнайы оқытулардан өтті. 2015 жылдың соңында қауіпсіздік бойынша оқытудан өткен қызметкерлер үлесі 100%-ды құрады.

Бүгінгі таңда компанияға қарсы экстремистік әрекеттің орын алу ықтималдығы біз үшін ең көкейкесті мәселе болып қала бермек. КПО мен ҚР-ның құқық қорғау органдарының жергілікті, аймақтық және республикалық деңгейде өзара әрекеттестіп, алдын-ала хабардар және дайын болу үшін өте маңызды. Алдыңғы жылы жиналыстардың жиі өткізілуі, жаңа процедуралардың дайындалуы, қызметкерлердің интерактивті түрде компьютерде оқытылуы, шолу сапарларының және антитеррорлық оқу-жаттығуларының жүргізілуі – осы бағыттар бойынша хабардар болу деңгейін арттыруға ықпал етті. Айтылмыш шаралармен қатар, интерактивті электронды оқытуды іске асыру 2016 жылы жалғастырылады.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІ ДАМУ




Біздің қызметкерлеріміз – Қарашығанақ кен орнының дамуы және өндірісінің бірден-бір кепілі болып табылады. Ортақ істегі мақсаттарға олардың жұмысқа берілгендігі, еңбекқорлығы және кәсіби біліктілігі арқасында жете аламыз. Құрушы компаниялардың тәжірибесін негізге ала отырып, қажетті оқыту курстарын ұйымдастыру және танымал оқыту мекемелерін қатыстыру арқылы қызметкерлерімізді дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастырып келеміз.

19-КЕСТЕ Қызметкерлерімізді дамыту және еңбекақы төлеу саласындағы міндеттеріміз

2015 жылға қойылған міндеттер	Міндеттердің орындалуы	2015 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2016 жылға қойылған міндеттер
2015-2020 жж. жергілікті мамандардың үлесін арттыру бағдарламасын жалғастыру және 2015 ж. 1+2 санаты бойынша 73% көрсеткішке жету.	Орындалды	Бағдарлама жергілікті мамандарды дайындауға, қайта дайындауға және кәсіби дайындықтан өткізуге бағытталды.	2015-2020 жж. Жергілікті мамандардың үлесін арттыру бағдарламасын жалғастыру және 2016 ж. 1+2 санаты бойынша $\geq 75\%$ көрсеткішке жету.
Қызметкерлер игілігі үшін жағдайы жақсартылған ұжымдық келісім шартқа қол қою.	Орындалмады	2015 ж. ұжымдық келісім шартқа қол қою Қазақстан экономикасының құлдырауын алдын-алу шаралары мен ҚР Еңбек Кодексіне болжамдалған өзгерістердің енгізілуі себебінен кейінге шегерілді. Бұдан өзге келісім-шартқа қол қойылмаудың үшінші себебі, екі кәсіподақтың арасында орын алған өзара келіспеушілігіне байланысты болды.	Жаңа ұжымдық келісім шарт жасау.
Қызметкерлердің еңбекақыларын нарықтық деңгейге жоспарлы түрде сәйкестендіруді жалғастыру.	Орындалмады	2015 ж. шығындарды оңтайландыру және қызметкерлердің алмасу көрсеткіштерінің төмен деңгейде болуы себебінен бұл міндет қайта қарастырылды.	Тиісті нарық жағдайларында КПО-дағы өтемақы деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізу және қажет болған жағдайда сәйкестендіру.
Компанияның ұйымдастыру үдерістерінің тиімділігін қарастыру.	Орындалуы жалғасуда	Жұмыстар жалғасуда.	Ұйымдастыру үдерістерінің тиімділігін қарастыруды жалғастыру.


КПО қызметкерлерінің (компанияның өзінде және уақытша жобаларда жұмыс істейтін) жалпы есептік саны 2015 жылдың соңында 4 401 қызметкерді құрады, оның ішінде жергілікті қызметкерлер саны – 4 086, ал шетелдік қызметкерлер саны – 315 болды.

10-СЫЗБА КПО еңбек ресурстары, 2012-2015 жылдар аралығы




11-сызбада қызметкерлердің жынысы бойынша бөлінуі көрсетілген. 2015 ж. КПО-да 3 164 ер адам және 1 237 әйел адам жұмыс істеді.

11-СЫЗБА КПО-ның жыныстық белгі бойынша еңбек ресурстары, 2012-2015 жылдар аралығы



Уақытша қызметкерлер дегеніміз – төленбейтін немесе декреттік демалыстағы, сондай-ақ құрушы компаниялардың біріне іссапарға жіберілген тікелей келісім-шарт негізінде жұмыс істейтін, қызметкерлердің орнына шектеулі мерзімге тартылатын сыртқы нарықтағы қызметкерлер. 2015 жылы уақытша қызметкерлердің саны 73 адамды құрады.


Төменде берілген картада КПО персоналының аймақ бойынша бөлінуінің пайыздық көрсеткіші келтірілген.



2015 ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП


Жас шамасына бөліну есептік мерзімі бойынша, жұмыстан босатылған және жаңадан қабылданған жұмысшылардың жалпы саны 12-сызбада келтірілген. Аталған сызба КПО-да тұрақты және уақытша еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жұмысшыларды қамтиды.

12-СЫЗБА Жас ерекшелігіне қарай кадрлардың алмасуы, 2015 ж.




13-сызбада 2015 жылы жұмыстан босатылған және жаңадан қабылданған жұмысшылардың жалпы саны жынысы бойынша бөлініп, көрсетілген. 2015 жылы компанияға жаңадан қабылданған қызметкерлер саны – 4,4% құрады.

13-СЫЗБА Жыныстық белгі бойынша кадрлардың алмасуы, 2015 ж.



14-СЫЗБА Жергілікті жұмысшылардың алмасу динамикасы, 2013-2015 жылдар аралығы



Ескерту: ҚР заңнамасына сәйкес, жұмысшылардың алмасу көрсеткіші 2015 жылы өз қалауымен жұмыстан шыққан қызметкерлердің санына сүйеніп, есептелді.

Жергілікті қызметкерлерді дамыту



ҚазЭнерджи жастар форумы

2012 жылы енгізілген шетелдік жұмыс күшін тарту туралы ҚР заңнамасындағы өзгерістерді ескере отырып, КПО жергілікті қызметкерлердің үлесін арттыру бағдарламасы, ӨБТК талаптарына сәйкес, міндеттемелерінің орындалу мерзімі 2015-2020 жылдарға бекітілген «Жергілікті қамтуды кадрларда ұлғайту» жөніндегі бағдарлама ретінде қайта қаралған болатын.

2015-2020 жж. аралығын қамтитын, қайта қаралған жергілікті қамтуды кадрларда ұлғайту жөніндегі бағдарлама, жергілікті халықты жұмыс орындарымен барынша қамтамасыз етуге және жергілікті қызметкерлердің кәсіби дамуына қаржы тартуға бағытталып отыр. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін, КПО жергілікті қамтуды кадрларда ұлғайтуды және бұл шараның тиімділігін арттыруды көздейді.

Бағдарлама келесіні қамтиды:

- Жергілікті қамтуды кадрларда ұлғайту стратегиясы;
- Алдағы бес жылдық кезеңге қойылған мақсаттар және оларға қол жеткізу үшін қажетті құралдар;
- Соңғы ҚР заң талаптарына сәйкес жұмыс күшін жүйелеу;
- Бағдарламаның көлемі КПО компаниясын түгелімен, сонымен қатар қысқа және ұзақ мерзімді жобаларды қамтиды;
- КПО-да қолданылатын бақылау механизмі және аймақтық Денсаулық сақтау мен Әлеуметтік даму бөлімдеріне және құзырлы органдарына есеп беру қағидалары.

Жергілікті қамтуды ұлғайту саясаты, КПО-ның экономикалық мұрасын қалыптастыратын маңызды құрылымдық элемент болып табылады. Бұл мәселенің маңыздылығын мойындай отырып, КПО қызметкерлерін барлық бөлімдерде басшылық деңгейіне дейін ілгерілету мақсатында біршама даму құралдарын пайдаланып келеді. Дарынды, әрі өз ісіне шынайы берілген жергілікті қызметкерлердің дамуына ерекше көңіл бөлініп, осы даму құралдары арқылы олардың одан әрі кәсіби дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ҚР Үкіметінің 13.01.2012 күні шығарылған №45 қаулысына сәйкес, КПО 18.11.2015 күнінен бастап, өзінің мердігер ұйымдарындағы жергілікті қамту деңгейін бақылау және қадағалау міндеттемесін өз мойнына алды. Алдағы 2015-2020 бес жылдық кезеңде жергілікті қамтуды ұлғайту стратегиясы келесі мәселелерді шешеді деп күтілуде:

- Жергілікті қызметкерлерді оқыту және дамыту үдерісінің тиімділігін арттыру;
- КПО-да, оның мердігер және қосалқы мердігер ұйымдарында жергілікті қызметкерлердің санын көбейту.

2015 жылы КПО-ның жергілікті қамтуды ұлғайту бағдарламасы аясында 8 жоғары және орта буын басшылары, 13 білікті мамандар мен кіші буын басшылар лауазымдарына жергілікті мамандар қабылданды. КПО-ның шетелдік мамандарды жергілікті мамандармен ауыстыруға әрекет етуі нәтижесінде, 2015 жылдың соңына қарай жергілікті қызметкерлердің үлесі барлық қызметкерлердің 92%-ын құрады. Санаттар бойынша көрсеткіштер 20-кестеде келтірілген.


20-КЕСТЕ 2015 жылы КПО қызметкерлерінің санаттары бойынша жергілікті қызметкерлер үлесін арттыру жоспары

Санат	Сипаттама	ҚР заң талабы	2015
1+2	Атқарушы басшылық пен олардың орынбасарлары, Бөлім/Нысан басшылығы	70%-дан төмен емес	79%
3+4	Кәсіби қызметкерлер / Білікті мамандар	90%-дан төмен емес	96%

2015 ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП


15-сызбада КПО-дағы шетелдік қызметкерлердің жалпы саны, сонымен қатар КПО-ның 2015-2020 жж. жергілікті қамтуды кадрларда ұлғайту жөніндегі бағдарламасына сәйкес уақытша жобаларға тартылған қызметкерлердің жалпы саны көрсетілген.

15-СЫЗБА 2013-2015 жж. шетелдік жұмысшылар саны




16-сызбада КПО-дағы жергілікті және шетелдік қызметкерлердің саны бойынша мәліметтер көрсетілген.

16-СЫЗБА 2013-2015 жж. жергілікті және шетелдік қызметкерлердің үлесі



17-сызбада КПО құрылымындағы, оның ішінде ұйымның негізгі және уақытша жобаларындағы жоғары және орта буын басшыларының, шетелдік және жергілікті қызметкерлердің жалпы саны жас ерекшелігі мен жыныстық белгісіне қарай көрсетілген.

17-СЫЗБА 2015 ж. жас ерекшелігі мен гендерлік санаты бойынша жергілікті және шетелдік менеджерлердің саны



Оқыту және дамыту

КПО өз қызметкерлерінің кәсіби дамуына қолдау көрсетуге ынталы. 2015 жылы шығындарды оңтайландырудың жолдарын іздеу барысында, компаниямыз ӨБТК-мен қатар өндірістік қажеттіліктер мен қауіпсіздік талаптарына сай келетін үздіксіз оқыту бағдарламалары мен міндетті оқу курстарын қаржыландырды. Бұндай тәсіл нәтижелерге қол жеткізумен қатар, қызметкерлердің ынтасы мен еңбек өнімділігін сақтаудағы экономикалық тиімділікті көрсетеді.

Жыл сайын КПО оқыту және дамыту жоспарын жүзеге асырады, оның ішінде:

- Халықаралық біліктілікті арттыру (CIPD және CIPS);
- Кәсіби оқыту;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқыту;
- Жергілікті қызметкерлерге арналған тәжірибеден өту бағдарламалары.

КПО-ның оқыту және дамыту бағдарламалары Бас компаниялардың стратегиялық жоспарлары мен қызметкерлердің тиісті қажеттіліктерін ескере отырып, қызметкерлерге өз білімі мен тәжірибелерін арттыруға мүмкіндіктер береді. Олардың ішіне оқыту, қайта оқыту және кеңейтілген оқыту кіреді. Оған қоса, жергілікті қызметкерлерге арналған тәжірибеден өту бағдарламасы сияқты қызметкерлерді дамыту тәсілін пайдаланамыз.

Жергілікті қызметкерлерге арналған тәжірибеден өту бағдарламасы

КПО өзінің дарынды қызметкерлерін бағалап, олардың мүмкіндіктерін артыратын, дамыту мен ынталандыруға бағытталған жұмыс ортасын тудыру қағидасына берік болып келеді. КПО компаниясында қолданылатын тәжірибеден өту кезінде ұсынылатын мүмкіндіктер осы мақсатқа сәйкес келеді.

Жергілікті қызметкерлерге арналған тәжірибеден өту бағдарламасы, олардың техникалық және басқарушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыс орнындағы оқыту түрі болып табылады. Бұл бағдарлама халықаралық тәжірибе жинауға, жеке тиімділікті дамытуға және өзара халықаралық мәдениет алмасуды байытуға ықпалын тигізеді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты –КПО қызметкерінің Оператор, Құрушы компания немесе оның серіктес мекемелерінде, мұнай өндіру жұмыстарында белгілі бір лауазымға (басқару немесе аға буын лауазымдарынан басқа) уақытша тағайындалуы.

Жергілікті қызметкерлер санын арттыруға бағытталған, КПО саясатының төңірегінде жергілікті қызметкерлерге арналған тәжірибеден өту бағдарламасы, КПО-дағы негізгі бизнес және басқарушы лауазымдарын толтыру мақсатында, әлеуеті жоғары ұлттық қызметкерлерді анықтау мен дамытуды жүзеге асыруды көздейтін құрал болып табылады.


Жергілікті қызметкерлерге арналған тәжірибеден өту бағдарламасының іске асуы – кәсіби өсу және жеке даму аясында КПО және қызметкерлерімен өте тиімді деп мойындылды.

Оқыту статистикасы

2015 жылы 325 339 оқыту сағаттары өткізілді (2014 жылы 444 448,5 сағат), оның ішінде 168 799 сағат КПО қызметкерлеріне арналып өткізілді (2014 жылы 275 175,5 сағат). Қалған 156 540 сағат (2014 жылы 169 273 сағат) мердігер компаниялар қызметкерлері арасында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында міндетті оқыту бойынша өткізілді. Орташа есеппен 2015 жылы шығындарды оңтайландыруға байланысты әр қызметкерге 162 АҚШ доллары жұмсалды (2014 жылы 274 АҚШ доллары).

Әр қызметкерге арналған оқыту сағаттарының орташа саны төмендегі кестеде көрсетілген.

18-СЫЗБА Бір қызметкерге арналған оқыту түрлері бойынша орташа сағат саны, 2015 ж.



2015 жылы компания қызметкерлері үшін өткізілген оқыту 21-кестеде санат бойынша көрсетілген. Жалпы есеппен 2015 жылы 40 866 оқыту сағаттары өткізілді, оның ішінде 28 918 сағат мердігер компаниялар қызметкерлері үшін өткізілді.

Деректер 2013 және 2014 жылдарымен салыстырылып көрсетілген.

21-КЕСТЕ Қызметкерлердің санат бойынша оқытылуы, 2013-2015 жж.

Санат	2013	2014	2015
Жоғары және орта буын жетекшілері	310 адам (әр қызметкерге 64,5 сағат)	251 адам (әр қызметкерге 37,8 сағат)	219 адам (әр қызметкерге 39,64 сағат)
Білікті мамандар / топ басшылары	1 988 адам (әр қызметкерге 66,6 сағат)	1 873 адам (әр қызметкерге 74,2 сағат)	1 682 адам (әр қызметкерге 49,13 сағат)
Техникалық қызметкерлер	956 адам (әр қызметкерге 115,3 сағат)	1 283 адам (әр қызметкерге 85,4 сағат)	1 045 адам (әр қызметкерге 92,1 сағат)
Кеңсе және әкімшілік қызметкерлер	599 адам (әр қызметкерге 15,4сағат)	259 адам (әр қызметкерге 21,7 сағат)	421 адам (әр қызметкерге 16,5 сағат)

Біліктілікті басқару жүйесі

Біліктілікті модельдеу – қызметкерлерді оқыту мен дамыту талаптарын анықтаудағы ең өзекті тәсілдердің бірі ретінде КПО басқармасымен мойындалып, келесі мақсаттарға жетуді көздеп отыр:

- Буын басшыларын қатыстыра отырып, КПО қызметкерлерін оқыту мен кәсіби дамытуға арналған тиімді жоспарлау құралын ойлап табу;
- Оқыту мен дамытуда қызметкерлердің жеке қажеттіліктерін анықтау ;
- Оқыту мен дамытуды қаржыландыру мақсатында қаражаттың жоспарлануын қамтамасыз ету.

2015 жылдың қыркүйегінде КПО-ның Біліктілікті басқару жүйесі берілген ОРІТО аккредитациясының растығын дәлелдеді.

2015 жылы КПО Біліктілікті басқару жүйесін, техникалық және техникалық емес 2 бағытта қолдануды жалғастырды.

Техникалық емес бөлімдер бойынша кәсіби дамыту қажеттіліктерін бағалау (PDNI), КПО-ның Үкіметтік мекемелермен өзара әрекет, Заң директоры және Корпоративтік басқару бөлімдерінде өткізілді. Бағалау нәтижесіне сүйене отырып, бұл жүйе арқылы дамыту бағыттары бойынша әр қызметкерге арналған, одан әрі оқыту мен дамытуды жоспарлау үшін жеке бағдарлама жасалады.

Техникалық бөлімдерге арналған бағалау үдерісі қолданысқа енгізіліп, техникалық қызметкерлердің біліктілік деңгейін қамтамасыз ету және кен орнында қызметкерлердің біліктілігінің жетіспеушілігіне байланысты орын алатын оқиғаларды азайту мақсатында жүргізіледі.

2015 жылы КПО техникалық қызметкерлердің біліктілік деңгейі стандарттары талаптардың 90 % сәйкестігіне қол жеткізді. Нәтижесінде 635 техникалық біліктілігі бар қызметкер бастапқы бағалаудан өтіп, КПО-ның SMS сертификаттарына ие болды.

2015 жылы КПО-ның 6 қызметкері және «CAIH Power», «Baker Hughes» және «Dietsmann» мердігер компанияларының 5 қызметкері ОРІТО мұнай және газ академиясының, халықаралық сертификатталған «Competence assessor» (Біліктілікті бағалаушы) дәрежесіне ие болды. Оған қоса, КПО-ның 14 жергілікті қызметкері оқытудан өтіп, ОРІТО-ның ішкі аудитор кәсіпін иемденді.

Техникалық қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыруды ынталандыру мақсатында, КПО 2015 жылдың қазан айында бағалау үдерісіне қосымша мерзімділік талаптарын іске қосты.

Осы жүйені болашақта барлық КПО бөлімдері мен мердігер ұйымдарында іске асыру жоспарланып отыр.

КПО компаниясындағы арнаулы орта білім беру

Арнаулы орта білім беру бағдарламасы КПО компаниясында 2005 жылдан бері тәжірибеде қолданылып келеді. 2015 жылы 8 студент Бұрғылау жетекшісі бағдарламасын, 60 студент Өндірістік операциялар және Техникалық қызмет көрсету техникі кәсіби дамыту бағдарламаларын сәтті тәмамдады (ОРІТО). Жұмыспен қамту үдерісі 2015 жылдың соңынан бері жалғасып келеді.



Қызметкерлермен қарым-қатынас

КПО өз қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымдастыру және ұжымдық келісім-шарт келіссөздеріне қатысу құқығын құрметтейді. Кәсіподақ, қызметкерлердің құқықтарын қолдау мен қорғауда басты рөлдердің бірін атқарады.

КПО қызметкерлерінің мүддесін қорғайтын екі кәсіподақ ұйымы бар. Кәсіподақтар әлеуметтік және еңбек қатынастарының түрлі аспектілерін қоса отырып, өздерінің ұжымдық келісім-шартының жобасын тағайындайды. Ұжымдық келісім-шарттың қағидалары, кәсіподақ мүшелігіне қарамастан, барлық КПО қызметкерлеріне таралады.

2012 жылы қол қойылған Ұжымдық келісімшарттың ережелері мен шарттары 2015 жылы өз күшін сақтады. Қазақстан экономикасындағы дағдарысқа қарсы шараларды және Қазақстан Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілуінің күту себептерінен, Ұжымдық келісім-шарт жоспарланғандай қайта қаралған жоқ. Сонымен қатар, екі кәсіподақ арасында туындаған келіспеушіліктер мен олардың құрылымындағы кейінгі өзгерістерге байланысты бұл үдеріс қиындықтарға тап болды.

2015 жылы екі кәсіподақ ұйымы, «КПО Мұнай және газ компаниясы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі және «КПО қызметкерлері мен мердігерлерінің Қарашығанақ жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі атауларымен ҚР Әділет министрлігінде қайта тіркеуден өтті.

2012 жылы Ұжымдық келісімшарттарға сәйкес, қызметкерлер санының қысқартылуына байланысты, компанияның таратылуы және қызметкерлер жағдайының нашарлауына әкеп соғатын төлемақы түрі, жүйесі немесе көлемі өзгерген жағдайда, КПО кәсіподақтарға кем дегенде 2 ай (8 апта) бұрын хабарлама жіберуі тиіс.

КПО Еңбек ресурстары басқармасына тікелей немесе Кәсіподақтар арқылы түсетін шағымдар мен өтініштер, және анонимді «шұғыл желісі» бар шағым түсіру жүйесін құрды. Қызметкерлермен қарым-қатынас жөніндегі бөлім, шағым механизмдері арқылы түскен даулар мен шағымдарды қарастырады. 2015 жылы қарастырылған шағымдар қатарына ең алдымен, жалақыны арттыру, қосымша ақылы еңбек демалысымен қамтамасыз ету, есепті кезеңде қызметкерлердің жұмыс көрсеткіштері мен кәсіби өсуді талдау (ЖККӨТ – PDR) дәрежесімен келіспеулері, бөлім ішіндегі жанжалдық ахуал, еңбек келісімшарттарының ұзартылмауы, лауазымдық міндеттерді асыра қолдану, мердігер компания қызметкерлерінің келеңсіз қылықтары сияқты мәселелер кіреді. Барлық 6 шағым мен өтініш қарастырылып, уақытылы шешілді.

Мәжбүрлі еңбек және / немесе жиналыс өткізу немесе кейбір мердігер және қосалқы мердігер компаниялардың заңды сақтауға жеткіліксіз назар аударуына байланысты, ұжымдық келісімшарт жасау мақсатында, келіссөз жүргізу арқылы қызметкерлердің құқықтарын бұзу қаупін алдын алу үшін КПО, бас тапсырыс беруші ретінде, барлық мердігерлерге заң талаптарының және ішкі процедуралар мен саясаттардың түсіндірілуін тұрақты түрде қамтамасыз етеді. 2015 жылы мердігерлік компаниялардың 14 қызметкері «КПО қызметкерлері мен мердігерлерінің Қарашығанақ жергілікті Кәсіби одағына» мүше болды.

Ұжымдық келісім шарт шеңберінде, КПО зейнетақы жоспары, еңбек қатынастары ерікті түрде тоқтатылуын қамтитын бағдарламаны ұсынады. Толығырақ ақпаратты 2014 жылдың Тұрақты даму туралы есебінің 103-бетінен таба аласыздар.

2015 жылы, 12 КПО қызметкері осы бағдарлама (2014 жылы 10 қызметкер) бойынша ерікті түрде келісімшарт қатынастарының тоқтатылуы үшін өтініш білдірді.



КПО қызметкерлері, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мадақтау бағдарламасының жүлдегерлері

Өтемақы және жәрдемақы төлеу

КПО жергілікті білікті қызметкерлерді сақтау мен олардың қызметте өсуіне мүдделі, әлеуметтік жауапкершілігі бар компания болып табылады.

Компания тікелей келісімшарт бойынша жұмыс жасайтын қызметкерлерді әлеуметтік жәрдемақымен қамтамасыз етеді. Компания қызметкерлердің сыйақысын жыл сайын жаңартып отырады. Оның ішінде: жыл басындағы жалақының өсуі (2015 жылы 7,4%-ға), сәуір айында өткізілетін жұмыс тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша жыл сайынғы бонустық төлемдер, орташа жалақыны қайта қарастыру үдерісінің бір бөлігі ретінде жеке жалақының өсуі.

Оған қоса, КПО 2016 жылдың қаңтарында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ және өндіріс Тиімділігі бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін қызметкерлерге бонустық сыйақы төледі.

Нарықты зерттеу бойынша, талдау үдерісінің бір бөлігі ретінде, шығындарды оңтайландыру және кадрлардың тұрақтамау деңгейінің төмендігіне байланысты, жалақы қосымша реттелген жоқ, ол: 2015 жылы – 1,7%, ал 2014 жылы – 2,6%, 2013 жылы – 3,5% құрады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жұмыс ұсынудың ажырамас бөлігі болып табылады және ол қаржылық және қаржылық емес жәрдемақыдан тұрады, оның ішінде:

Тікелей келісімшарт бойынша жұмыс жасайтын қызметкерлерге арналған жыл сайынғы сыйақылар:

- Жыл соңында төленетін сыйақы;
- Мұнай газ саласы қызметкерлерінің күніне арналған сыйақы;
- Денсаулықты қалпына келтіруге арналған төлемақы;
- Санаторийлік-курорттық емделуге арналған төлемақы.

Әлеуметтік жәрдемақы:

- Стипендиалық оқыту бағдарламасы;
- Ауған соғысы ардагерлеріне арналған жәрдемақы;
- Мерзімінен бұрын зейнетке шыққан жағдайда төленетін жәрдемақы;
- КПО зейнеткерлеріне төленетін әлеуметтік жәрдемақы;
- КПО еңбек өтіліне байланысты төленетін ай сайынғы төлемақы;
- Бала тууына байланысты төленетін жәрдемақы.

Аймақтық үстемақы:

- Ақсай қаласынан тыс мекендерде тұрақты тіркелген қызметкерлерге төленетін пәтерпұлдық ақша және жолақы;
- Ақсай қаласында тұратын қызметкерлерге тұрмыс жағдайын жақсартуға арналған үстемақы;

- Астана қызметкерлеріне арналған аймақтық үстемақы.

Мерейтойлар мен мерекелерге арналған төлемдер

- Әйел қызметкерлері үшін 50 және 55 жылдық, ер қызметкерлері үшін 50 және 60 жылдық мерейтойларына арналып төленетін сыйақы;
- Халықаралық әйелдер күніне арналған сыйақы;
- ӨБТК бойынша қойылған келісімшарттың жылдық мерейтойына арналған, әрбір бес жыл сайын төленетін сыйақы;

Қаржылық көмек:

- Қайтыс болған қызметкердің отбасына қаржылай көмек;
- Қызметкердің отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда көрсетілетін қаржылай көмек;
- Зейнеттегі КПО қызметкері қайтыс болған жағдайда төленетін қаржылай көмек;

Бейқаржылық көмек:

- Медициналық сақтандыру;
- Жұмысқа қатынайтын тегін көлік;
- Кен орнында жұмыс жасайтын қызметкерлерге арналған тегін тамақтану немесе сол жерде ерекше жұмыс жағдайларында қызмет атқаратын жұмысшыларға арналған тамақтану жәрдемақысы;
- Қызметкерлердің балаларына арналған тегін жаңа жылдық сыйлықтар;
- Қосымша ақылы демалыс;

Компания жұмысы орындалуының үздіксіз жақсартылуын қамтамасыз ету үшін, КПО жыл сайын ЖККӨТ процедурасын қолданады. Бұл тәртіптік құжат КПО-да тікелей келісімшартпен жұмыс жасайтын және есептік жылдың күнтізбелік 6 ай бойына жұмыс жасап үлгерген қызметкерлерге қолданылады. Басқару лауазымдарындағы қызметкерлерге қатысты қойылған мақсаттар бойынша, жылдық қызметтің негізгі көрсеткіштерін бақылап отыратын арнайы процедура қолданылады.

Кадрлық агенттіктер арқылы жұмыс жасайтын КПО қызметкерлері сол агенттіктердің Ұжымдық шарттарымен қамтылған. Кадрлық агенттіктер арқылы жұмыс жасайтын қызметкерлердің төлемдерін өтеу үшін бөлек жоспарланған төлемдер, бюджетті қоса алғанда, КПО мен агенттіктер арасында өзара келісіледі.

Ұжымдық шарттарға сәйкес, жас мамандардың ең төмен жалақысы 120 000 теңгені құрайды. 2015 жылы өткізілген статистикалық деректермен жылдық салыстыру барысында, КПО қызметкерлерінің орташа жалақысы, Батыс Қазақстан облысындағы орташа жалақы көрсеткішінен 3 есе жоғары екені анықталды.

Компанияның ұйымдастырушылық үдерістерінің тиімділігін сараптау

2015 жылы КПО күш-жігерін жұмыс үдерістерінің тиімділігі мен оңтайландырылуын жетілдіруге бағыттады, оның ішінде:

- Сатып алуға сұраным/келісім-шарт жасау/КПО ғимараттарына жеткізу логистикасынан бастап, жеткізу тізбегінің әртүрлі саласын құрайтын ұйымдық бірліктер және топтар бір директораттың аясына шоғырландырылды.
- Бұрын түрлі ұйымдық бірліктерде орналастырылған корпоративтік аударма ресурстары бірегей аударма бөліміне бірлестірілді.
- Жергілікті бизнесті дамытуға байланысты жұмыстар бір ұйымдық бірлікке біріктірілді.
- 2015 жылы үстеме сағат саны 2014 жылмен салыстырғанда 28% -ға қысқартылды.

Жұмыс барысында қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне әсер ететін қатерлерді төмендету мақсатында, тікелей өндірістік үдерісіне қатысты жоқ 66 қызметкер, кен орны нысандарынан Ақсай қаласына көшірілді.

КПО компаниясының Қазақстанның жоғары оқу орындарымен серіктестігі

Қазақстан Республикасының болашақ маман ретінде жастарды дамытуға үлес қосу аясында, КПО Қазақстанның жоғары оқу орындарының ең үздік студенттеріне, мұнай мен газ бизнесіндегі жаңашылдықтармен және инновациялармен таныс болу үшін мүмкіндік жасайды.

2015 жылы КПО-ның Студенттік өндіріс тәжірибесі бағдарламасы шеңберінде, 23 оқу орнының 21 мамандығы бойынша 428 студент Компанияның әртүрлі бөлімдерінде тәжірибеден өтті. 2009-2015 жылдары аралығында, Бөрлі ауданының 135 жас маманы КПО-да тәжірибеден өтті. Олардың 27%-ы кейін КПО-ға жұмысқа алынды.

КПО қызметкерлері жоғары оқу орындарының түрлі іс-шараларына қатысады.

- Мысалы, 2015 жылдың 17 сәуірінде КПО өндірістік бөлімінің инженерлері Ғани Сұлтанов және Ерболат Халелов, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде (қазіргі ҚҰТЗУ) өткен ХІІ Халықаралық жас буынның мұнай және газ форумына қатысты. Олар мансаптық өсу үшін жеке дамудың маңыздылығы туралы баяндама жасады. Осындай жұмыстың арқасында, КПО-ның жас мамандары студенттермен – болашақ мұнай – газ мамандарымен, өз жұмыс тәжірибелері, жетістіктері және болашақ жоспарларымен бөлісті.
- Семей геологиялық зерттеу колледжінің шақыруы бойынша, Мемлекеттік қадағалау органдарымен жұмыс атқаратын, бұрғылау бөлімінің сарапшысы Карл Абышев, «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау және бұрғылау технологиясы» мамандығы бойынша колледж түлектерінің дипломдарын бағалауға арналған мемлекеттік біліктілік комиссиясына мүше болды.
- Білім, ғылым және өнеркәсіптің тығыз бірігуі нәтижесінде арттырылған өндірістік тиімділік, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиялық дамуының басты бағдарының бірі және Қазақстанның әлемдік дамыған 30 елдің қатарына қосылудың тұжырымдамасы ретінде мойындалды.
- Осы мақсатта КПО «Университет және шетелдік компаниялар: серіктестік, мүмкіндіктер мен даму жоспарлары» атты форумына қатысты. Бұл форум Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде өтті. Осы іс-шараның аясында университетте «КПО

Жергілікті қызметкерлер мен олардың балаларына арналған шәкіртақы бағдарламалары

КПО компаниясы адамды ең бағалы актив ретінде қарастырып, өз қызметкерлері үшін үздіксіз кәсіби даму мүмкіндіктерін ұсынады. 2002 жылдан бастап енгізілген қызметкерлер мен олардың балаларына арналған КПО стипендиялық бағдарламасы, ұлттық кадрлардың одан әрі жоғары білім алу құндылығын арттыратын бағдарлама ретінде танылды.

Біліктілігінің жетілдірілуі мен қосымша жетілдірілген білім алу нәтижесінде, қызметкерлер өздерінің қызметін өзгертіп, солайша мансабын дамытып, жаңа кәсіби біліктілікке ие бола алады.

КПО қызметкерлерімен қатар, бағдарлама олардың балаларының кәсіптік білім алуы үшін қаржылық қолдау алуына мүмкіндік береді.

2015 жылы, КПО-ның 25 қызметкері КПО-ның демеушілік бағдарламасы бойынша қаржыландырылып, қызметкерлердің 36 баласына қаржылай көмек көрсетілді.

күні» ұйымдастырылды. Студенттер КПО жұмысы мен оның Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға, сонымен қатар, экономикаға қосқан үлесі туралы кең ақпаратты алды. Форумда «Қарашығанақ: Өзара тиімді серіктестік» атты фильмі көрсетілді. Осы шарада КПО кен орнындағы аға инженер технологі Сұлтанов Таңат, қазіргі уақытта мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің маңыздылығын айрықша атап, өзінің КПО-дағы мансабы туралы «Табысқа жетудегі басты дағдылар» атты презентацияны жасады.

- Университетті бітіргелі отырған студенттерге, КПО-ның жұмыспен қамту талаптары мен еңбек жағдайлары, компанияда студенттік тәжірибеден өту мүмкіндіктері туралы мәліметтермен таныстыру мақсатында, КПО компаниясы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде және Экономика және ақпараттық технологиялар колледжінде өткен бос жұмыс орындар жәрмеңкесіне қатысты.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ



Қарашығанақ мұнай-газ конденсат кен орнында қоршаған ортаны қорғау – улығы жоғары көмірсутектерді бақылау және есепке алу, газ утилизациялаудың жоғары коэффициенттерін басқару және ілеспе газды жағумен байланысты өндірістік қауіптерді азайту бойынша тиісті шараларды қабылдауды талап ететін күрделі мәселе.

КПО өзінің жұмыс істейтін аймағындағы қоршаған ортаны қорғау мақсатында, әлемдік деңгейдегі әдістемелер мен замануи технологияларды қолданады. Компания өзінің экологиялық тәжірибесі мен басқару әдістемесіне қатысты мәселелерінде тұрақты даму қағидаларын ұстануын жалғастырады. КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатының негізгі міндеттері: қоршаған ортаға тигізер кері әсерін азайту, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Компанияның экологиялық міндеттері парниктік газдар (ПГ) шығарындыларын қысқарту және қолданыстағы озық технологияларды пайдалана отырып, табиғи ресурстарды сақтауды қамтиды.

22-КЕСТЕ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттеріміз

2015 жылға қойылған міндеттер	Міндеттердің орындалуы	2015 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2016 жылға қойылған міндеттер
ПГ қалдықтарының көрсеткішін 199 мың тонна CO ₂ эквивалентіне азайту.	Орындалмады	2015 ж. ПГ қалдықтарының нақты көлемі 151 мың тонна CO ₂ эквивалентін құрады.	ПГ қалдықтарының көрсеткіші 200 мың тонна CO ₂ эквивалентіне азайту.
ПГ салыстырмалы қалдықтарының көрсеткіші өндірістің млн б.м.э үшін CO ₂ көрсеткішін 14-тоннадан асырмау.	Орындалды	2015 ж. ПГ салыстырмалы қалдықтарының көрсеткіші млн б.м.э 12,46 –тонна CO ₂ эквивалентін құрады.	ПГ салыстырмалы қалдықтарының көрсеткіші млн б.м.э үшін CO ₂ 70-тоннадан асырмау.
Өндірістік жоғалтуды 3,82% -дан асырмау.	Орындалды	2015 ж. Өндірістік жоғалту 3,6%-ды құрады.	Өндірістік жоғалтуды 3,82% -дан асырмау.
КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001 стандартының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін, бақылау аудитін өткізу.	Орындалды	2015 жылғы шілдеде өткізілген аудит аясында КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 стандарттарының талаптарына сәйкестігі тексерілді.	Бақылау аудиті аясында КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001 стандартының талаптарына сәйкестігін тексеру.

<p>Кен орнындағы ағын суды өңдеу қондырғысын жетілдіру жобасын жүзеге асыру бойынша жұмысты аяқтау.</p>	<p>Орындалуы жалғасуда</p>	<p>Кен орнындағы ағын суды өңдеу қондырғысын жетілдіру жобасын жүзеге асыру бойынша құрылыс жұмыстары аяқталды. Құбыр желісі және гипохлорит натрий сорғылау станциясы ГҚДҚ-3 нысанындағы БИО-50 суды өңдеу жүйесінде орнатылды.</p>	<p>ГҚДҚ-3-дағы БИО-50 ағын суды өңдеу жүйесінде орнатылған гипохлорит натрий сорғылау станциясын іске қосу.</p>
<p>Полигонда қалдық сақтаудың жаңа 4 ұяшығын салу</p>	<p>Орындалды</p>	<p>Жаңа 4 ұяшық құрылысы аяқталды.</p>	<p>Полигонда жаңа 3 ұяшық салу</p>
<p>«Қарашығанақ кен орны санитарлық қорғаныс аймағын (СҚА) көгалдандырудың бірінші кезеңі және оның шекараларын белгілеу» жұмыс жобасын жүзеге асыру аясында келесі шараларды орындау:</p> <ul style="list-style-type: none"> ■ 2016 ж. 48 га аймақтың топырағын егуге дайындау; ■ 2010-2014 жж. 206 га-ға егілген ағаштар мен бұталарға күтім көрсету; ■ 326 га аумаққа өртке қарсы қауіпсіздік шараларын жүргізу; ■ бұрыннан бар орман алқабын қалпына келтіру. 	<p>Орындалуы жалғасуда</p>	<p>Осы жоба аясында келесі жұмыстар орындалды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ■ 2016 ж. 20,5 га аймақтың топырағы егуге дайындалды; ■ 2010-2014 жж. 206 га-ға егілген ағаштар мен бұталарға күтім көрсетілді; ■ 326 га аумаққа өртке қарсы қауіпсіздік шаралары жүргізілді – өртке қарсы бөгет болатын жер алабын жырту және қопсыту жұмыстары орындалды; ■ Белгіленген СҚА-да 4 хабарлау тақтасымен 43 бағыттаушы белгілер орнатылды. 	<p>Ақсай-Приуральный тас жолы бойындағы 28 га аймақтың топырағын егуге дайындау</p>
<p>Түсірілген топырақ-өсімдік қабатын пайдалану жобасын ары қарай дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулерді жалғастыру.</p>	<p>Орындалуы жалғасуда</p>	<p>2015 жылғы жұмыс кестесіне сәйкес «Үйілген топырақты ары қарай пайдалану жолын іздеу» тақырыбындағы ғылыми зерттеу бағдарламасы дайындалды. Қарашығанақ кен орнында, Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы мен Атырау Терминалы мұнай айдау станциясындағы топырақ тексерілді.</p>	<p>Ғылыми зерттеу бағдарламасында қарастырылған «Үйілген топырақты өрі қарай пайдалану жолын іздеу» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмыстарын аяқтау</p>
<p>Қарашығанақ кен орны фаунасын сақтау жөніндегі мониторинг қорытындысы бойынша жануарлар түрлерінің дерекқорын жаңарту.</p>	<p>Орындалды</p>	<p>Қарашығанақ кен орны аймағында мекендейтін жануарлар түрлерінің дерекқоры жаңартылды.</p>	
	<p>Жаңа міндет</p>		<p>Қарашығанақ кен орны флорасын (өсімдік әлемін) сақтау жөнінде келесі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> ■ Кен орны ықпал ету аймағындағы өсімдік әлеміне әсер етуі ықтимал факторларды бақылау; ■ Негізгі жағалаудағы экожүйеде сирек кездесетін орыс сепкілгүлінің таралуын зерттеу.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ



КПО компаниясының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесі халықаралық ISO 14001 стандартының озық салалық тәжірибесіне сәйкес дайындалды. 2008 жылдан бері КПО ISO 14001 стандарты бойынша сертификациядан өтіп, жыл сайын аталған стандарт бойынша сәйкестігін растап келеді.

2015 жылы компаниядағы бақылау жүйесінің ISO 14001:2004 талаптарына сәйкестігі «Bureau Veritas Certification» сертификаттаушы органмен өткізіліп, нәтижесінде КПО бақылау жүйесінің сертификациясы растауға ұсынылған болатын. Бақылау аудитінің мақсаты жалпы басқару жүйесінің нәтижелілігін және тұрақты сәйкестілігін растау болып табылады.

Аталған халықаралық стандарттың талаптарына сай, Компания 2015 жылы Маңызды экологиялық аспектілердің жинақталған тізімін дайындап шығарды. Құжатта КПО-ның қоршаған ортаға елеулі әсер етуі ықтимал барлық іс-әрекеттеріне талдау жасалынды. Аспектілер құрамына: атмосфераға

зиянды заттардың және парниктік газдардың шығарындылары, мұнай өнімдерінің төгінділері, көмірсутектер мен химиялық заттар, өндірістік ағынды сулардың пайда болуы мен олардың топыраққа тасталуы, қалдықтардың пайда болуы және орналастырылуы кіреді. 2016 жылы осы бағыттағы жұмыстар әрі қарай жалғастырылатын болады.

2016 жылдан бастап КПО компаниясы 2015 жылғы қыркүйек айында жарық көрген экологиялық басқару жүйесі бойынша жаңа, талаптары кеңейтілген ISO 14001:2015 стандартына көшу дайындығын бастады. ISO 14001 стандарты бойынша сертификацияланған компаниялар үш жылдық мерзім ішінде жаңа стандарт бойынша сертификациядан өтулері қажет. Жаңа стандартта көшбасшылық, қарым-қатынас, қауіп қатерді бағалау және өнім мен қалдықтардың жарамдылық мерзімі секілді мәселелерге қатысты талаптары кеңейтіліп ұсынылған.



КПО-ның мердігерлерге арнап ұйымдастырған экологиялық конференциясы



ҚОҚ БОЙЫНША 2015 ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ

Алға қойылған мақсаттарға және жоғарыда көрсетілген 22-кестеде аталған міндеттерге қол жеткізу үшін, КПО ҚР Экологиялық Кодексінің 10-тарауына сәйкес Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарын (ҚОҚШЖ) дайындайды. ҚОҚШЖ құжатын дайындау, бақылау және жүзеге асыру үдерісі, біздің 2014 жылғы Тұрақты даму туралы есептің 73 бетінде жете сипатталған.

2015 жылы КПО өз жұмыстарын қолданысқа берілген Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздарымен төмендегі 23-кестеде келтірілген ҚОҚШЖ негізінде жүзеге асырды.

ҚР Экологиялық Кодексі қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары дайындалғаннан кейін, оны қоғам алдында келісіп бекітуді талап етеді. Осы себептерге байланысты қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырылады. 2015 жылы КПО қоғамдық тыңдау шараларын екі рет ұйымдастырды. 2015 жылға арналған бастапқы жоспар қоғам алдына 2014 жылдың 27 маусымында, ал шілде-желтоқсан айларына арналған түзетілген жоспар 2015 жылдың 04 маусымында ұсынылды. Жоспардың екеуі де Бөрлі ауданының жұртшылығымен келісілді.

23-КЕСТЕ КПО-ның Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарлары және 2015 жылы шығарылған қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздары

2015 жылға дайындалған және келісілген Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарлары	2015 жылға алынған рұқсаттар	Рұқсатты берген
2015 ж. Қарашығанақ кен орнына арналған КПО-ның қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары	28.11.14. күні берілген №KZ19VCZ00024105, Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазы (нақты мерзімі: 2015 жылдың 01 қаңтары мен 30 маусымы аралығы)	ҚР Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті
2015 жылдың шілде-желтоқсан айларына арналған КПО-ның Қарашығанақ кен орнында қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары	30.06.15 күні берілген № KZ94VCZ00025762, Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазы (нақты мерзімі: 2015 жылдың 01 шілдесі мен 26 қарашасы аралығы)	ҚР Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті
2015 жылдың 27 қарашасы мен 31 желтоқсаны аралығына арналған КПО-ның Қарашығанақ кен орнында қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары	27.11.15 күні берілген № KZ35VCZ00062132, Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазы (нақты мерзімі: 2015 жылдың 27 қарашасы мен 31 желтоқсаны аралығы)	ҚР Энергетика министрлігінің мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті
2015 жылға арналған ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық құбырына (Батыс Қазақстан облысы) арналған КПО-ның қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары	04.12.2015 күні берілген № KZ58VDD00014175, Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазы (нақты мерзімі: 2015 жылдың 01 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығы)	БҚО әкімдігі, Батыс Қазақстан облысы бойынша Табиғи ресурстар мен Табиғатты пайдалануды бақылау әкімшілігі
2015 жылға арналған КПО-ның қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары (Атырау облысы)	28.09.14. күні берілген № KZ20VDD00013016, Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазы (нақты мерзімі: 2015 жылдың 01 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығы)	Атырау облысының әкімдігі, Атырау облысы бойынша Табиғи ресурстар мен Табиғатты пайдалануды бақылау әкімшілігі

2015 ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015 жылы әрбір Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздарының жарамдылық мерзіміне сәйкес, КПО-ның үш Қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары дайындалды. 2015 жылға арналған Қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары түпнұсқалық болып саналады, одан кейінгі жоспарлар Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздарының жарамдылық мерзіміне сәйкес қайта қарастырылған нұсқалары болып есептеледі. Қоршаған ортаны қорғау саласында орындалатын барлық шаралар ҚР Энергетика Министрлігінің мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетімен бекітілген.

Қарашығанақ кен орнының 2015 жылға арналған Қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспарының бастапқы нұсқасы, шілде-желтоқсан айлары бойынша

кейін, 2015 жылдың 27 қараша – 31 желтоқсан мерзіміне түзетілген. Шілде-желтоқсан айларына арналған Қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспарына қосымша екі шара енгізілді: ҚР заңнамасының талабына сәйкес энергоаудит өткізу және ISO 50001 стандартына сәйкес энергобасқару жүйесін енгізу.

2015 жылы Қарашығанақ кен орнына арналған КПО-ның Қоршаған ортаны қорғау туралы шаралардың үш жоспарын іске асыруға жұмсалған жалпы нақты шығын 2 709 405 675 теңгені құрады. 2015 жылға жоспарланған шығын көлемі – 2 736 415 053 теңге болды.

2015 жылға арналған Қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспарының тараулары бойынша жұмсалған шығын көлемі 24-кестеде көрсетілген.

24-КЕСТЕ 2015 жылы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруға жұмсалған шығын, теңгемен алғанда

ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарының бөлімдері	2015 жылы Қарашығанақ кен орнында КПО-ның іс-шараларының орындалуына жұмсалған нақты шығын	2015 жылы ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық құбырында (БҚО) КПО іс-шараларының орындалуына жұмсалған нақты шығын	2015 жылы КПО іс-шараларының орындалуына жұмсалған нақты шығын (Атырау облысы)
Әуе бассейнін қорғау	126 136 625	18 640 110	3 723 944
Су қорларын қорғау және пайдалану	шығынсыз	қарастырылмады ¹	қарастырылмады
Жер қорларын қорғау	258 236 116	қарастырылмады	қарастырылмады
Жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану	248 471 528	қарастырылмады	қарастырылмады
Флора мен фаунаны қорғау	47 384 912	159 081	10 726 278
Өндіріс қалдықтарын игеру және тұтынулар	1 701 559 641	0	0
Радияциялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік	2 844 712	қарастырылмады	қарастырылмады
Басқару жүйелерін және озық қауіпсіз технологияларды енгізу	51 445 241	қарастырылмады	Шығын КПО-ң сертификациялау шығынының тұтас көлеміне жатады
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау-зерттеу жұмыстары	260 878 067	4 300 222	4 355 424
Экологиялық ағарту жұмыстары және насихаттау	12 448 833	қарастырылмады	қарастырылмады
Барлығы:	2 709 405 675	23 099 413	18 805 646

¹ қарастырылмады – шаралар қарастырылмады.

2015 жылы КПО компаниясының ҚОҚ шараларын жүзеге асыруы арқылы қол жеткізген нәтижелері:

- 2015 жылы КПО бұрғылау ерітіндісін дайындауға 31 213 м³ тазартылған ағын су мөлшерін қайта қолданды, ол 2014 жылы – 123 419 м³ құрады;
- 2014 жылмен салыстырып алғанда, 2015 жылы қалпына келтірілген жер көлемі 26%-ға өсті. Ұңғыма операциялары мен құрылыс жұмыстары жүргізілгеннен кейін, зақымдалған жердің 74,4 гектары қалпына келтірілді. 2014 жылы бұл көрсеткіш 59 гектарды құрады;
- 2015 жылы қатты қалдықтар сақтау алаңында жинақталған қалдықтардың және Эко-орталық қондырғыларында өңделген бұрғы сұйықтықтарының көлемі, 2014 жылғы 6 823,3 тоннамен салыстырғанда 35% жоғары – 9 177,54 тоннаны құрады;

- 2015 жылы жеңді шаң сүзгісінен 124,22 тонна қатты қалдықтар ауланып, қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму алаңына шығарылды;
- 2015 жылы 2,18 тонна металл сынығы, 9,3 тонна пластмасса, 29,9 тонна макулатура коммуналдық қалдықтарды бөлектеу қондырғысынан өңделіп, қайта қолдануға тапсырылды және 341,7 тонна іріктелген қалдық компоненттері жалпы қоқыстарды өртеуге арналған пешке жіберілді;
- Экоорталықтың қатты қалдықтарын сақтау алаңында 4 ұяшықтың құрылысы аяқталып, 2015 жылғы 15 қазанда мемлекеттік комиссиямен қабылданды;
- 2015 жылдың шілде айында халықаралық ISO 14001 стандартының талабына сәйкестікті тексеретін бақылау аудиты сәтті өткізілді.

Экологиялық айыппұлдар

Кез-келген табиғи газ өндірумен айналысатын бизнес, газды шығару үшін және оны өңдеу зауытына айдау үшін тиісті жабдықтарды пайдалануды көздейді. Бұл жұмыстар өте жоғары қысымды қажет етеді. Газ қысымы қандай да бір себептермен шектелген параметрлерден аса бастаса, онда қысымды: а) жарылысты; б) атмосфераға шығарындыларды болдырмау мақсатында жағу қажет. Сондықтан, газдың жағылуы Қарашығанақтағы ғана емес, дүниежүзі бойынша барлық мұнай және газ саласындағы өндірістің ажырамас бөлігі болып табылады.

Өкінішке орай, қолданыстағы заңнама, осындай алауды жағуды «шамадан тыс» деп түсіндіреді және бұл, жағылған көлеміне қарамай берілген квота шегінде қалатын жоғары төлемдерді білдіреді. КПО компаниясы, ҚР заңнамасын тиісті қабылданған әлемдік нормаларына сәйкестендіруге бағытталған

күш-жігерін одан әрі жалғастыруда. Алайда, қазіргі уақытта КПО мұндай, яғни «шамадан тыс» газды жаққаны үшін, басқарушы органдар салатын айыппұлдарды төлеуге мәжбүр. Осылайша, КПО «шамадан тыс» алауды жаққаны үшін 2015 жылы 1,58 млрд теңге төледі, соның ішінде:

- 0,49 млрд теңге – 2015 жылы жоспардан тыс экологиялық тексеру нәтижесінде әкімшілік айыппұл сомасы;
- 1,09 млрд теңге – қоршаған ортаға зиян келтірген үшін 2015 жылы Компанияға қарсы қозғалған азаматтық талап қою сомасы.

Сонымен қатар, КПО Компанияның болжанған залалын қалпына келтіру деген сот шешімдеріне өз наразылығын білдіріп, осыған байланысты сотқа шағым жасады.



АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР



Компанияның атмосфераға қалдықтарды шығаруды басқару саласындағы жұмыстары, қоршаған ортаға зиянды заттарды шығаруға берілген шектеулерге сәйкес орындалып келеді. Шығарындылардың негізгі көлемі – оттық газдың газтурбиналық қондырғыларында, қазан агрегаттары мен технологиялық пештерінде, компрессор қондырғыларында және шырақта күнделікті өндірістік жағу барысында пайда болады. 2015 жылы, 2014 жылмен салыстырғанда, атмосфераға шығарылған қалдықтардың жалпы көлемі 19%-ға төмендеп, 11 мың тоннаны құрады. 25-кестеде 2013-2015 жылдары КПО-ның рұқсат етілген және нақты шығарған шығарындылары туралы ақпарат көрсетілген.

25-КЕСТЕ Зиянды заттар шығарындыларының рұқсат етілген және нақты көлемі

Зиянды заттар шығарындыларының жылдық көлемі, тоннамен алғанда:	2013	2014	2015
Рұқсат бойынша:	15 321	16 168	14 807
Іс жүзінде, оның ішінде:	11 320	14 005	11 314
Азот оксиді	2 068	2 240	1 594
Күкірт диоксиді	5 703	7 346	6 113
Көмірқышқыл оксиді	1 637	2 229	1 723
ҰОЗ (Ұшпа органикалық заттар)	1 700	1 718	1 515
Күкірт сутегі	29	31	29
Қатты бөлшектер	110	325	90
Басқалары	73	116	249

Ескерту:

1. 2015 жылға арналған қалдықтар көлемі туралы қызметтер ауа 2-ТП статистикалық есептерінің деректеріне сәйкес берілген
2. 2015 жылы КПО мына үш рұқсат бойынша жұмыс істеді: №. KZ19VCZ00024105 (01.01.15 – 30.06.15 аралығында); № KZ94VCZ00025762 (01.07.2015 – 26.11.2015 аралығында) және № KZ35VCZ00062132 (27.11.2015 – 31.12.2015 аралығында).
3. Жалпы рұқсат етілген көлем, үшінші кезеңмен алғашқы екі кезеңдердегі нақты шығарындылар мен рұқсат етілген шығарындылардың қосындысы ретінде есептелген

КПО-да зиянды заттардың қалдықтары, отын шығыны мен құрамы, сондай-ақ құрылғы жұмысының уақыты туралы бастапқы деректер негізіндегі есептеу әдісімен анықталады. Компанияда есептеу тәсілін қолдану әдісі, ҚР-да сертификатталған қалдықтар көздерінде тұрақты бақылау құралдары болмағандықтан қабылданды.


Мұнайды, шикі және отын газын жағу шығыны – отынды тұрақты өлшеу мен теңгеру әдісі арқылы, дизель отынының шығыны – бухгалтерлік есеп деректері бойынша, құрылғының жұмыс уақыты –

операторлардың күнделікті есебі бойынша анықталады. Газ бен мұнайдың құрамын айқындау, аттестацияланған ішкі зертханада жүргізіледі.

Қалдықтардың құрамдық есептелуі, ҚР-да қолдануға ұсынылған әдістемелер арқылы, сондай-ақ, әр зат және қалдықтар көздерінің түрі туралы деректер негізінде орындалды. 19-сызбада зиянды заттар қалдықтарының шығарындылары атмосфера ластануының негізі көздері бойынша бөлінуі көрсетілген.

19-СЫЗБА

2015 жылғы КПО зиянды заттар қалдықтарының атмосфера ластануының негізгі көздері бойынша бөлінуі




2015 жылы алынған өнім бірлігіне шаққанда қалдықтардың таза салмағы, өндірілген бір тонна көмірсутегі шикізатына (КСШ) шаққанда, 0,42 мың тоннаны құрады.

2015 жылы салыстырмалы қалдықтардың төмендеуі, 2014 жылмен салыстырғанда, ұңғыма операциялары мөлшерінің азаюы себебінен орын алды – 2015 жылы

17 ұңғыма игерілсе, 2014 жылы 19 ұңғыма игерілген болатын. Ұңғыма операциялары мөлшерінің азаюы, атап айтқанда, 2015 жылы ұңғымаларды сынақтау және тазалау жұмыстары арқылы алаудағы ілеспе газ жағылуының көлемі 24%-ға төмендеді. Сонымен қатар, мұнайды қайта өңдеу құрылғысын қолданудың арқасында, базалық көлемнің¹ 40% сұйық көмірсутегі мөлшері жанды.

20-СЫЗБА

2013-2015 жж. КСШ өндіру көлемі мен зиянды заттар қалдықтарының көлемі




¹ Осы құралды қолданбай жағылған көлем

Газды алауда жағу

Алдыңғы кезеңдердегідей, 2015 жылы КПО қалдықтарының жалпы көлемінің негізгі бөлігін, технологиялық нысандар мен ұңғымалардағы алау қондырғаларында және ұңғымаларда көмірсутекті шикізат жағудан қалыптасатын қалдықтар құрайды. Дегенмен, 2015 жылы газды алауда жалпы жағу көлемі, КПО өндірілген жалпы газ көлемінің 0,15%-ын немесе алынған мың тонна шикізатқа шаққанда 0,88 тоннаны

құрайды. 2014 жылғы мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығының есебі бойынша, осындай әлемдік орташа көрсеткіш – мың тоннаға 14,8 тоннадан келсе, орташа еуропалық көрсеткіш – мың тоннаға 3,5 тоннадан келеді². Бұл көрсеткіш, мұнай және газ өндіруші әлемдік және еуропалық кәсіпорындарының ішінде КПО-ның шығарындыларды болдырмау саласындағы өте жақсы жетістіктерге қол жеткізгендігін растайды.

21-СЫЗБА Жағылған ілеспе газ көлемі, млн м³



Осыған қарамастан, КПО қалдықтарды қысқартудың қосымша технологияларын, әсіресе ұңғымаларды сынақтан өткізу және тазалау саласында, іздеуді және енгізуді жалғастыруда.

2015 жылы ұңғымаларды тазалау барысында мұнайды бөлшектеп қайта өндіруде жаңа құрылғы қолданумен қатар, КПО ұңғымаларды тазарту кезінде «Мегафлоу»


құрылғысын да пайдаланды. Аталған бастамаларды жүзеге асыру нәтижесінде, сұйық көмірсутектерін жағу көлемі 40 000 тонна мұнайға жуық кеміді: бұл ұңғымаларды игеру барысында алынған өнім жалпы көлемінің 60%-ын құрайды. «Мегафлоу» жүйесінің арқасында ұңғымаларды тазарту барысында газды жағу көлемі рұқсат етілген 55,7 млн м³ көлемінің орнына 20 млн м³-ты құрады.

Газды пайдалану


2015 жылы КПО-ның газды пайдалану көрсеткіші 99,85%-ды (ал 2014 жылы – 99,81%) құрады. 2015 жылға арналған Ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасы

аясында, ҚР бақылаушы органдары бекіткен мақсатты көрсеткіш 99,6%-ды құрайтынын ескерсек, бұл әлемдік деңгейдегі көрсеткіш болып табылады.

22-СЫЗБА 2015 жылы газды утилизациялау және жағу



² Деректер көзі – Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы (IOGP) ұйымының жыл сайынғы “ҚОҚ қызметінің нәтижелілігінің көрсеткіштері бойынша 2013 жылғы деректер” және “ҚОҚ қызметінің нәтижелілігінің көрсеткіштері бойынша 2014 жылғы деректер” есептері. 2015 жылғы есеп, бұл басылымды дайындау кезінде әлі шығарылмағандықтан, салыстыру үшін 2014 жылғы деректер қолданылады.



Санитарлық қорғау аймағы (СҚА)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы бойынша жүргізілген санитарлық қорғау аймағы (СҚА) өндірістік қызметтің түріне байланысты, өндіріс нысандары мен елді мекен арасында буферлік аймақ қызметін атқарады. Санитарлық қорғау аймағы – нысандардың қалыпты жұмыс жасауы кезінде, тұрғындар қауіпсіздігінің сенімді деңгейін қамтамасыз ететін қорғаныс тосқауылы болып табылады.

2015 жылы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының периметрі бойынша, қолданыстағы санитарлық қорғау аймағы 2018-2022 жылдардағы Қарашығанақ кен орнында жоспарлаған көмірсутек шикізатын өндіру мен өңдеу бойынша өндірістік қуаттылықты кеңейтуге байланысты қайта қаралды. 2018 жылға жоспарланған бұл өзгерістер, қолданыстағы санитарлық қорғау аймағында орналасқан ГҚДҚ-2 нысанын жетілдіру және жаңа ұңғымаларды бұрғылауды көздейді. Кейін, 2020 жылдан бастап, кен орынның бірқатар нысандарын кеңейту жоспарланған, оларға: конденсат өңдеудің жаңа желісін және электр қуатын өндіретін үш қосымша газ турбиналары кіреді. Жаңа санитарлық қорғау аймағы 2018 жылы өз күшіне енеді деп күтулуде.

СҚА шекарасын белгілеу үшін арналған жұмыс бағдарламасы, ҚР нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылды. Жұмыс бағдарламасының негізгі мақсаты – СҚА шекарасынан тыс аумақта пайда болатын шығарындылар құрамындағы әрбір зиянды заттардың шоғырлануы шектеулі рұқсат етілген концентрация

(ШРК) шамасынан аспауын және адам денсаулығы үшін келтіретін ықтимал қауіпін жою.

Жұмыс бағдарламасы келесіні қамтиды:

- зиянды заттардың максималды бір реттік жылдық орташа шоғырлануына негізделген, болашақ даму үдерісі ескерілген ауаны ластаушылардың үстіңгі қабатта шоғырлануы (63 заттек және 11 жинақталған топ);
- келешек даму ескерілген физикалық ықпалдың деңгейі;
- Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық университетінің гигиена және экология кафедрасының меңгерушісі, профессор, ҚР-ның м.ғ.д. У.И. Кенесариев өткізген есепке сәйкес келешек дамуды ескере отырып, тұрғындардың денсаулығына қатерлі созылмалы және жіті жедел қауіптер.

Ұсынылған жаңа СҚА кеңейтілген шекарасы Березов және Бестау ауылдарын қамтиды. Березов және Бестау елді мекендерде тұратын тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, ҚР өкіметі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 шілдесіндегі қаулысы бойынша, аталған ауылдардың тұрғындарын көшіру туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты егжей-тегжейлі ақпарат есептің «Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік» бөлімінде берілген.

ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ



КПО өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес, қоршаған ортаны қоғау бойынша кең көлемді қадағалау өткізеді. Өндірістік экологиялық бақылау аясында өндірістік жұмыстардың қоршаған ортаға әсерін бағалау үшін, қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға (өнеркәсіптік қалдықтар, ағын су, өндірістік қалдықтар), сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына (атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ) бақылау жасалынады. ӨЭБ бағдарламасы сынамалар алу/өлшем жүргізу орындарын, анықталатын компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу жиілігін бекітеді.

Өндірістік экологиялық мониторинг Қарашығанақ кен орнының аумағында және санитарлық-қорғау аймағының шекарасында, кен орнына жақын орналасқан елді мекендерде, тас жолы бойында және ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбыр жүйесі нысандарында жүргізіледі.

Қарашығанақ кен орнының СҚА шекарасындағы және жақын орналасқан елді мекендердегі ауа сапасын бақылау – «Табиғатты қорғау. Атмосфера». Елді мекендердегі ауа сапасын бақылау ережелері 17.2.3.01-86 мемлекеттік стандартының және БҚ 52.04.186-89 «Ауаның ластануын бақылау нұсқаулығы» талаптарына сай жүргізіледі.

ҚР Экологиялық кодексінің 132-бабының 9-тармағына сәйкес, қоршаған ортаның өндірістік бақылауын ҚР «Техникалық реттеу туралы» заңдарында бекітілген, тәртіпте аккредиттелген өндірістік және тәуелсіз зертханаларда жүргізу қажет. КПО ауа сапасын бақылау үрдісін – сынамаларды іріктеуді, оларды талдауды жүзеге асыратын және ӨЭБ бағдарламасына сай құралдармен өлшейтін мердігерлік аккредиттелген зертхана көмегімен жүргізеді.

Атмосфералық ауаның сапасын бағалау үшін, санитарлық-гигиеналық нормативтер – ШРК талабы қолданылады. Ластану деңгейін анықтау үшін, бақыланатын компоненттердің тіркелген шоғырлануларын санитарлық-гигиеналық нормалармен салыстырып, ластану деңгейін % үлесінде көрсетеді.

Атмосфералық ауадағы зиянды заттың шектеулі рұқсат етілген концентрациясы – осы немесе болашақ буынға тікелей немесе жанама түрде жағымсыз әсер етпейтін, адамның еңбекке деген қабілетін төмендетпейтін, оның хал-жағдайын және санитарлық-тұрмыстық өмір салтын нашарлатпайтын шоғырлану.

Сонымен қатар, заңнама талаптарына сәйкес, КПО ауаның үздіксіз бақылануын 18 стационарлық автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС)

көмегімен жүргізеді. Әрбір ЭМС-да ауа құрамындағы (H_2S) күкірт сутегісін, (SO_2) күкірт диоксидін, (NO_2) азот диоксидін, (CO) көміртек оксидін қадағалауға арналған үздіксіз жұмыс істейтін төрт талдағыш орнатылған. Ауада бақыланатын зиянды заттардың құрамы жоғары деңгейде болған жағдайда, хабарлау жүйесі ескерту дабыл белгілерін шығарады.

Қажет болған жағдайда, кейбір учаскелерде ауа бақылануын өткізу үшін, екі толықтай жабдықталған жылжымалы ЭМС-дың бірі қолданылады.



Березовка ауылындағы КПО экологиялық бақылау бекеті

Қарашығанақ кен орнының СҚА шекарасындағы атмосфералық ауа сапасын бақылау

СҚА шекарасында 18 ЭМС арқылы үздіксіз ауа мониторингімен қатар, аккредиттелген мердігерлік зертхана тәулігіне бір рет атмосфералық ауа сынамаларын іріктейді. Алынған сынамалардағы (H₂S) күкірт сутегінің, (SO₂) күкірт диоксидінің, (NO₂) азот диоксидінің, (CO) көміртек оксидінің, метанның (CH₄) және (CH₃SH) метилмеркаптаннның құрамы талданады.

2015 жылы ҚМГКК СҚА шекарасында атмосфералық ауасында бақыланатын компоненттердің шектеулі рұқсат етілген концентрациясы тіркелген жоқ.

2015 жылғы СҚА шекарасының атмосфералық ауасында бақыланатын орташа жылдық шоғырлануы 26-кестеде келтірілген:

26-КЕСТЕ

2015 жылы СҚА шекарасындағы атмосфералық ауада бақыланатын компоненттер шоғырлануының жылдық орташа мөлшері

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м ³	ШРК м.б., мг/м ³	ШРК артуы
H ₂ S	0,002	0,008	жоқ
SO ₂	0,004	0,5	жоқ
NO ₂	0,028-0,030	0,2	жоқ
CO	0,479-0,491	5,0	жоқ
CH ₄	1,402-1,463	50**	жоқ
CH ₃ SH	а.ш.т.*	0,006	жоқ

* әдісті анықтау шегінен төмен

** белгіленген болжалды әсер етудің қауіпсіз деңгейі (БӘҚД). Метан үшін ШРК орнатылмаған.

Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдардың атмосфералық ауа сапасын бақылау

Кен орнының шекарасы бойынша орналасқан 8 елді мекенде (Березов, Бестау, Жарсуат, Жаңаталап, Димитрово, Қарашығанақ, Орал бойы, Успеннов) және Ақсай қаласында аккредиттелген мердігерлік зертхана, тәулігіне 4 рет (сағат 01:00, 07:00, 13:00 және 19:00 кезінде МЕМСТ талаптарына сай) сынамалар іріктелетін, атмосфералық ауаны бақылау стационарлық бекеттерін орнатты, оларды ауа сынамаларын стационарлық мониторинг бекеттері орнатылған, елді мекен тұрғындары болып табылатын мердігерлік зертхананың штаттық қызметкерлері іріктейді.

Бұған қоса, елді мекеннен газ иісі туралы шағымдар түскен жағдайда, стационарлық бекеттерде ауа сынамаларын жоспардан тыс іріктеу жұмыстары жүргізіледі. Алынған ауа сынамалары Ақсай қаласында орналасқан зертханаға жеткізіліп, Мемлекеттік стандарт және нұсқаулыққа сәйкес ауадан бақылануы қажет 4 негізгі компоненттің (күкірт сутегі (H₂S), күкірт диоксиді (SO₂), азот диоксиді (NO₂) және көміртек/тұншықтырғыш газ оксиді (CO)) құрамына байланысты сараптамалық әдістен өткізіледі. Одан басқа, ауа құрамындағы ұшқыш

органикалық байланыстардың (бензол (C₆H₆), ксилол (C₈H₁₀), толуол (C₇H₈)) құрамына мезгіл сайын (10 күнде 1 рет) бақылау жүргізіледі. Березовка ауылында жоғарыда келтірілген компоненттермен қоса, ауадағы CH₃SH метилмеркаптан құрамына да бақылау жасалады.

Ауа сапасын бақылаудың ай сайынғы нәтижелері, жергілікті баспа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, ақпараттық тақтаға орнатылу үшін ауылдарға таратылады. Жергілікті тұрғындардың газ иісі туралы шағымдары да, осы ақпаратқа енгізіледі.

2015 жылы азот диоксидінің (NO₂) рұқсат етілген шекті шоғырланудың тәуліктік орташа деңгейінен асып кету жағдайлары, құрылғының жалпы 53 910 өлшемдердің санынан 8 рет тіркелген: Қарашығанақ ауылында 1 рет – 1,025 есе, Жарсуат ауылында – 2 рет: 1,025 есе және 1,225 есе, Жанаталапта – 3 рет: 1- 1,1 есе, 2- 1,175 есе, сонымен қатар Успеннов ауылында 2 рет – 1,05 есе асып кету. Бұдан басқа бақыланбалы компоненттердің орташа айлық шоғырлануы ШРК деңгейінен арту жағдайлары тіркелмеді.

2015 ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Елді мекендердің атмосфералық ауасында бақыланатын компоненттердің 2015 жылғы орташа жылдық шоғырлануы 27-кестеде келтірілген.

27-КЕСТЕ 2015 жылғы Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендердің атмосфералық ауасындағы бақыланатын компоненттер шоғырлануының орташа жылдық көрсеткіштері

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м ³	Тәуліктік орташа ШРК мг/м ³	ШРК артуы
H ₂ S	0,002	0,008*	жоқ
SO ₂	0,004	0,05	жоқ
NO ₂	0,028 – 0,029	0,04	жоқ
CO	0,432 – 0,485	3,0	жоқ
C ₆ H ₆	0,092 – 0,098	0,3*	жоқ
C ₇ H ₈	0,013 – 0,014	0,6*	жоқ
C ₈ H ₁₀	0,013 – 0,015	0,2*	жоқ
CH ₃ SH	а.ш.т.**	0,006*	жоқ

* ШРК бір мезгілдік (б.м.) – Күкірт сутегі және метилмеркаптан үшін ШРК т.о. мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін ШРК б.м. қолданылады; сондай-ақ РШШ б.м. атмосфералық ауа құрамындағы бензол, толуол және ксилол шоғырлану деңгейін бағалау үшін қолданылады, себебі осы компоненттер үшін сынамаларды іріктеу және талдау жиілігі– 10 күнде 1 рет өткізіледі.

** әдістің анықтау шегінен төмен.

Атмосфералық ауа сапасын автоматты ЭМС арқылы бақылау жүргізу

КПО-ның ауа мониторингін үздіксіз тәртіпте жүргізетін автоматты ЭМС, СҚА шекарасындағы және Березовка аулындағы атмосфералық ауа күйі туралы қосымша ақпарат береді.

ЭМС тіркеген 2015 жылғы бақыланатын компоненттердің орташа жылдық шоғырлануы 28 және 29-кестелерде келтірілген.

28-КЕСТЕ ЭМС тіркеген 2015 жылы бақыланатын компоненттер шоғырлануының орташа жылдық көрсеткіштері

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м ³	ШРК т.о., мг/м ³	ШРК артуы
H ₂ S	0 – 0,001	0,008*	-
SO ₂	0,003 – 0,006	0,05	жоқ
NO ₂	0,003 – 0,009	0,04	жоқ
CO	0,1 – 0,4	3,0	жоқ

* ШРК б.м. – күкірт диоксиді үшін ШРК т.о. мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін ШРК бір мезгілдік мәні қолданылады.

29-КЕСТЕ 2015 жылы №013,014 ЭМС тіркеген Березов аулында бақыланатын компоненттер шоғырлануының орташа жылдық мәндері

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м ³	ШРК т.о., мг/м ³	ШРК артуы
H ₂ S	0,001	0,008*	жоқ
SO ₂	0,004	0,05	жоқ
NO ₂	0,004 – 0,005	0,04	жоқ
CO	0,2 – 0,4	3,0	жоқ

* ШРК б.м. – күкірт диоксиді үшін РШШ т.о. мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін ШРК б.м. қолданылады.

Барлық қолжетімді 18 ЭМС төрт негізгі ластаушылар (H₂S, SO₂, NO₂, CO) бойынша үздіксіз, яғни тәулігіне 24 сағат бойы, өлшеулерді жасайды.

Экологиялық мониторинг станцияларынан 2015 жылы алынған мәлімет бойынша, H₂S үшін нақты орташа

тәулік мөлшері РШШ деңгейінен аспады. Сонымен қатар, қысқа уақыт ішінде – 20 минут ШРК б.м. мөлшерінің артуы тіркелген.

2015 жылы басқа компоненттер бойынша ШРК деңгейінен асқан жағдайлар тіркелмеді.

30-КЕСТЕ 2015 жылы күкіртті сутегі (H₂S) мөлшерінің бір мезгіл ШРК артуының ЭМС арқылы тіркелуі

ЭМС №	2015 ж. тіркелген нақты бір мезгіл шоғырлану, мг/м ³		Арту саны	ШРК артуының жиілігі, бір мезгіл
	Мин	Макс		
ЭМС-005	0	0,016	5	1,125 – 2,0
ЭМС-006	0	0,017	4	1,25 – 2,125
ЭМС-012	0	0,010	1	1,25
ЭМС-017	0	0,037	3	1,125 – 4,625
ЭМС-018	0	0,051	4	1,25 – 6,375

ШРК б.м. – 0,008 мг/м³

Парниктік газдардың тікелей шығарындылары

Компаниядағы парниктік газдардың (ПГ) тікелей шығаратын шығарындылары, қолданыста 2013 жылдан бастау алған квоталарының ішкі ұлттық сауда жүйесі аясында реттеледі. КПО парниктік газдарды шығаруға арналған квотаны 2013 жылдан бері алып келеді.

Парниктік газдарды шығаруға берілген ВС сериялы № 100258 сертификатына сәйкес, КПО-ның 2014-2015 жылдары ПГ шығаруға алынған квота 3 557 440 тонна көміртек диоксидін (CO₂) құрайды. Қосымша алынған 240 000 тонна көміртек диоксидін (CO₂) қосқанда, КПО-ның жалпы квота мөлшері бүгінде 3 797 440 тонна CO₂-ны құрайды. 2014-2015 жылдарға арналған ҚР квотасын үйлестіру ұлттық жоспарына сәйкес, ПГ шығарындыларына арналған квота тек CO₂ шығарындыларын көздейді.

Парниктік газдардың шығарындылар деңгейінің берілген квотаға сәйкестігін бақылау мақсатында, 2014-2015 жылға бекітілген мониторинг жоспарының толық сәйкестігі ПГ шығарындыларының көміртек диоксиді (CO₂) мен метан (CH₄) бойынша бағалау тоқсан сайын жүргізіледі. Шығарындыларды бағалау жұмыстары, кәсіпорынның қызмет жөніндегі деректер негізіндегі есептеу әдісі мен уәкілетті орган бекіткен 05.11.2010 күнгі № 280 қолданыстағы Әдістемелікті нұсқауларды пайдалану арқылы жүзеге асады.

ПГ шығарындыларының 92%-ы үшін бақылаудың таңдалған әдісі, тұрақты өзгеріс нәтижелері негізінде алынған өзіндік коэффициенттерді пайдалану есебінен, шығарындыларды әдістеменің үшінші деңгейінде есептеуге мүмкіндік береді.

2015 жылы жүргізілген парниктік газдар шығарындыларын түгендеу қорытындылары бойынша CO₂ эквивалентінде 1 944 165 тонна көлеміндегі парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі есептелді, оның ішінде CO₂ эквивалентінде 1 786 951,4 тонна (91,9%), CH₄ – 148 854,4 тонна CO₂ эквивалентінде, 7,7%, N₂O – 8 359,1 тонна CO₂ эквивалентінде (0,4%).

ПГ шығарындыларын көмірсутек диоксиді эквивалентіне (CO₂ экв.) айналдырып қайта есептеу үшін, 100 жылдық мерзімдегі парниктік газдардың климаттық әсеріне негізделген 1995 жылғы БҰҰ Климаттың өзгеруі бойынша үкіметаралық сарапшылар тобының Жаһандық жылыну әлеуеттері қолданылды.

Жыл соңында, есептік кезең мониторинг қорытындылары (инвентаризациялау жөніндегі есеп) тәуелсіз аккредиттелген ұйыммен расталады.

Есептік жыл бойынша инвентаризациялау жөніндегі расталған есепті өкілетті органға берудің бекітілген мерзімі – 2016 жылдың 1 сәуірі.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы есептік жыл деректеріне сәйкес, КПО үшін 2015 жылға берілген квотаның қалдығы 132 259,6 тонна CO₂ құрады.

ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы туралы ақпарат 31-кестеде көрсетілген. ПГ жалпы шығарындыларының негізгі үлесін (77%): газды кері айдау газтурбиналық қондырғыларында, электр станциясының газтурбиналық қондырғыларында және жоғарғы қысым бу генераторларында жанармай газын жағу кезінде шығатын қалдықтар құрайды.

Осыған сәйкес, 2015 жылы, 2014 жылға қарағанда, ПГ шығарындыларының азаюы байқалады. Бұл азаю, Қарашығанақ кен орнын игеру барысында сұйық көмірсутегісін шығару деңгейінің төмендеуімен байланысты.

31-КЕСТЕ

Кәсіпорынның өндірістік қызметі салдарынан ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы

Парниктік газ шығарындыларының жалпы көлемі (CO ₂ эквивалентінде тоннамен)					
Отынды алаулар мен инсинераторларда жағудан	Отынды тұрақты көздерде жағудан	Бақыланбайтын мардымсыз шығарындылар	2015 жылғы ПГ жалпы шығарындылары	2014 жылғы ПГ жалпы шығарындылары	2013 жылғы ПГ жалпы шығарындылары
226 226	1 571 958	145 981	1 944 165³	2 027 367 ⁴	1 730 694

Ескерту: 2013, 2014, 2015 жылдардағы деректер тәуелсіз аккредиттелген ұйымымен бекітілді.

Парниктік газдың жанама шығарындылары

КПО компаниясының газтурбиналық электр станциясы кен орнының бүкіл өндірістік кешенін және оған жақын орналасқан елді мекендерді өз электр энергиясымен қамту мақсатында қолданылады. Батыс Қазақстан облысының аймақтық электр энергия жүйесін тұтыну нәтижесінде шығатын, Қарашығанақ кен орнындағы ПГ жанама шығарындыларының мөлшері (КПО ПГ жалпы шығарындыларының 0,005%-ы) немесе CO₂-эквивалентіндегі 69 тонна мардымсыз болып келеді. Аталған шығарындылар есепке алынбайды және ҚР ПГ шығарындыларын квоталау ішкі жүйесі аясында есептілікке қосылмайды. Бұл жөніндегі мәліметтер КПО-ның негізгі компанияларының есептерінде көрсетіледі.



³ көлемнің ішінде CO₂ эквивалентінде 1 786 951,4 тонна (91,9%), CH₄ – 148 854,4 тонна CO₂ эквивалентінде, 7,7%, N₂O – 8 359,1 тонна CO₂ эквивалентінде (0,4%).

⁴ көлемнің ішінде CO₂ – 1 878 229 тонна CO₂- эквивалентінде (92,6%), CH₄ – 149 138 тонна CO₂- эквивалентінде (7,4%).

Парниктік газ шығарындыларының салыстырмалы салмағы


2015 жылы алынған өнім бірлігіне ПГ меншіктік шығарындылары алынған мың көмірсутекті шикізат өніміне 72 тоннаны құрады. Шығарындылардың салыстырмалы салмағының 2014 жылға қарағанда төмендеуі, мына негізгі себептерге байланысты:

- Ұңғыма операциялары кезінде көмірсутек шикізатын жағу көлемінің төмендеуі (газ бойынша – 30%, сұйық көмірсутек бойынша – 12%);
- ҚӨК газтурбиналық электр станциясында электр энергиясын өндірулуінің 11%-ға азаюы.

ПГ шығарындыларының салыстырмалы мәнінің динамикасы 23-сызбада берілген.

23-СЫЗБА

Көмірсутек шикізаты өндіріс бірлігіне шаққандағы ПГ меншіктік шығарындыларының динамикасы



Ескерту:
Деректер көзі – Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP) жыл сайынғы «ҚОҚ қызметі нәтижелігінің көрсеткіштері бойынша 2013 жылғы деректер» және «ҚОҚ қызметі нәтижелігінің көрсеткіштері бойынша 2014 жылғы деректер» есептері. 2015 жылғы есеп, бұл басылымды дайындау кезінде әлі шығарылмағандықтан, салыстыру үшін 2014 жылғы деректер қолданылады.

32-кестеде келтірілгендей, КПО ПГ шығарындыларының көмірсутегіні өндіру бірлігіне шаққандағы салыстырмалы мәні еуропалық көрсеткіштер деңгейінен 23%-29%-ға және мұнай өндіруші өнеркәсіптің орташа халықаралық көрсеткіштерінен 49-56%-ға төмен (IOGP).

32-КЕСТЕ

Көмірсутек өндіру бірлігіне шаққандағы ПГ меншіктік шығарындыларына салыстырмалы талдау

Қоршаған орта жағдайы көрсеткіштерінің санаттары	КПО Мәліметтері			IOGP мәліметтері (Еуропа)*	IOGP мәліметтері (барлығы)*
	2013	2014	2015	2014	2014
CO₂+CH₄ (CO₂e)					
Алынған КСШ мың тоннасына шаққанда тоннамен	68	75	72	96	153
CO₂					
Алынған КСШ мың тоннасына шаққанда тоннамен	62	69	67	86	134

* Деректер көзі – Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының жыл сайынғы «ҚОҚ қызметінің нәтижелігінің көрсеткіштері бойынша 2014 жылғы деректер» есебі. 2015 жылғы есеп, бұл басылымды дайындау кезінде әлі шығарылмағандықтан, салыстыру үшін 2014 жылғы деректер қолданылады.

Парниктік газ шығарындыларын азайту

ҚР заң талаптарына сай ПГ шығарындыларын жүйелі түрде азайту мақсатында, КПО 2014-2015 жылдарға ПГ шығарындыларын азайту бағдарламасында белгіленген мақсаттарды орындауды көздеді, соның ішінде:

- оңтайландыру және қуат тиімділігімен қамтамасыз ету жөніндегі бірқатар жобалар арқылы ПГ шығарындыларын (CO₂) 198 555 тоннаға азайту;
- меншікті шығарындыларды өндірілген КСШ өнімінің мың тоннасына шаққанда CO₂ 70 тонна көлемінен немесе өндірістің CO₂ көлемі мұнай баррелінің миллионға шаққандағы эквивалентінің 14 тоннасынан асырмауды қамтамасыз ету.

2015 жылы КПО шығарындылардың меншікті көрсеткіші өндірілген КСШ мың тоннасына шаққанда 67 тонна CO₂ құрады (32-кесте). ПГ шығарындыларының нақты қысқаруы 4 жобаны іске асыру нәтижесінде жоспарлы көрсеткіштің 76%-ын құрады (33-кесте).

33-КЕСТЕ 2015 жылы ПГ шығарындыларын қысқарту жөніндегі шаралар

№	Шаралар	Шығарындылардың қысқаруы, тонна/жыл		Орындалу %
		Жоспар	Іс жүзінде	
1	Ұңғымаларды тазарту кезінде мұнайды бөлшектеп қайтару	173 400	113 856	66
2	ҚӨК алау коллекторларының қақпақшаларын жөндеу	10 279	22 746	221
3	№4 технологиялық желісіндегі бу шығыны өлшегішін реттеу	6 645	11 977	180
4	Көктем-жазғы маусымда газ турбиналарының іске қосылған осьтік компрессорларын ай сайын сумен шаю	8 231	2 013	24
Барлығы:		198 555	150 592	76



ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУДЫ РЕТТЕУ



34-КЕСТЕ Энергетикалық басқару саласындағы біздің міндеттер

2015 жылға қойылған міндеттер	Міндеттердің орындалуы	2015 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2016 жылға қойылған міндеттер
<ul style="list-style-type: none"> Тәуелсіз энергетикалық бағалау өткізу (ҚР заңы талаптарына сәйкес міндетті энергетикалық аудит), қуатты үнемдеу және оның тиімділігін арттыру бойынша тұжырымдаманы алу және соған байланысты іс-әрекеттерді жоспарлау; Қуат тұтынуын жоспарлауға, жүзеге асыруға және пайдалануға арналған энергияны басқару жүйесі элементтерін дайындау және қолданысқа енгізу; 	Орындалуы жалғасуда	<ul style="list-style-type: none"> Энергоаудит өткізіліп, Қаулы шығарылды. 2015 жылы КПО меншікті қуат тұтыну көрсеткіші өндіріске қатысты бірлікке шаққанда 2,4% құрады. Қуат басқару жүйесін енгізу жалғасуда. Энергияны мәселелері бойынша қайта қарау орындалды жәнеоның негізгі жоспары анықталды. Энергияны мәселелері бойынша қайта қарау негізінде, 2016 жылға арналған энергия мақсаттары мен міндеттері және қуат басқару әрекет жоспары дайындалды, маңызды қуат пайдалануды бақылаумен байланысты оқытулар қажеттілігі және энергетикалық басқару жүйесі жұмысы анықталды. Ықтимал жеткізушінің энергетикалық бақылауға арналған талаптармен сұраныс жасау және тендер өткізу тәртібіне өзгерістер енгізілді. 	<ul style="list-style-type: none"> Энергетикалық аудит нәтижелеріне негізделген 2016-2020 жылдарға арналған қуатты үнемдеу және қуат тиімділігін арттыру әрекеті жоспарының енгізілуін бақылау. ISO 50001 стандарты талаптарына сәйкес энергетикалық басқару жүйесін енгізуді жалғастыру
<ul style="list-style-type: none"> Энергетикалық басқару жүйесін енгізу курсы бойынша қызметкерлерді оқытуды жалғастыру. 	Орындалды	<p>2015 жылы КПО-ның жұмыстары қуат пайдалануымен байланысты және энергетикалық басқару жүйесін пайдаланатын көптеген негізгі оперативті қызметкерлеріне оқытулар жүргізілді. 2015 жылы қуат басқарудың алты ақпараттық сессиялары өткізілді.</p>	

Энергетикалық басқару жүйесін енгізу

КПО Энергетика Саясаты туралы есепте 2014 жылы берілген мақсаттарға жету жолында, 2015 жылы КПО Энергетикалық басқару жүйесін енгізу жұмыстарын жалғастырды.

Энергияны қайта қарау, оның негізін анықтаумен орындалды. Осы қайта қараудың негізінде қуатты пайдалану мақсаттары жасақталды және 2016 жылға арналған энергетикалық басқару шараларының жоспары жасақталды. Бұл шаралар, қуат пайдалануды

бақылау қажеттіліктері мен айқындалған энергетикалық басқару жүйесі жұмысын қамтитын оқулардың қажеттілігіне сүйене отырып өңделді.

Шаралардың жоспарында қойылған мақсаттармен қатар, ықтимал жеткізушімен орындалатын энергетикалық бақылау талабын ескеру арқылы сұраныс жасау және тендер өткізу тәртібіне 2015 жылы өзгерістер енгізілді.

Энергоаудит

ҚР «Қуатты үнемдеу және қуат тиімділігін арттыру туралы» заңына сәйкес, КПО 2015 жылы Энергоаудит (немесе Бағалау) өткізді. Аудиттің нәтижелеріне сүйене отырып, қуатты үнемдеу және қуат тиімділігін арттыру бойынша 2015 жылдың 23 қарашасында КПО №27 Шешім қабылдады.

Бағалаудың нәтижесі бойынша, КПО-ның өндіріске шаққандағы меншікті энергия пайдалану үлесі 2,4%-ды құрады. Дүниежүзілік мұнай-газ өндірісі саласындағы ұйымдар үшін озық техникалық кеңесші болып табылатын «Performance Improvements Ltd» компаниясының мәліметтеріне сай, бұл көрсеткіш 2-ден 6%-ға дейінгі аралықта орналасқан. КПО-ның меншікті қуат пайдалану көрсеткіші оның мұнай-газ саласындағы энергия тиімділігінің деңгейін көрсетіп отыр.

Энергоаудит кезіндегі бағалау бойынша жалпы қуатты үнемдеу мүмкіндігі негізгі көрсеткіштермен салыстырғанда 12,57%-ды құрады. Одан әрі жүзеге асыруға бекітілген 2016-2020 жылдарға арналған КПО-ның қуат үнемдеу шаралары жалпы энергия пайдалануға қарағанда 4% болуы жоспарланды. Ең маңызды қуат тиімділігі тізімі, 2016-2020 жылдары жүзеге асуы тиіс шаралар қатары, электр қозғалтқыштардың өңдегіштерін орнату, жылууды оңтайландыру, қысымдалған ауа және сумен жабдықтау жүйелерін қамтиды.

2016-2020 жылдарға арналған қуатты үнемдеу және қуат тиімділігін арттыру туралы әрекет жоспары Энергоаудит нәтижелері негізінде ресми бекітілген процедураға сәйкес жасақталды және келісілді.

Электр энергиясын тұтыну

2015 жылы электр энергиясын тұтыну отын эквивалентінде, 2014 жылғы 1 028 498 тоннамен салыстырғанда, 994 590 тоннаны құрады. 35-ші кестеде энергия түрлері бойынша электр энергиясын пайдалану көрсетілген.

35-КЕСТЕ 2015 жылы электр энергиясын тұтыну


Энергия түрі	Өлшем бірлігі	Электр энергиясын тұтыну, физикалық өлшем бірлігі			Электр энергиясын тұтыну, отын эквивалентінде, тоннамен			Электр энергиясын тұтыну, ГДж		
		2013	2014	2015	2013	2014	2015	2013	2014	2015
Отын газы	мың м³	774964	831050	804002	954756	1023854	990531	27983895	30009149	29032455
Электр энергиясы (сатып алынған)	МВт/сағ	8544	6672	7575	1051	821	932	30801	24055	27308
Дизель	м³	1094	1779	1215	1380	2244	1532	40449	65767	44901
Газолин	м³	395	351	321	436	387	354	12783	11344	10386
Жылу (жалға алынған кеңселерде)	Гкал	9579	8338	8678	1370	1192	1241	40148	34949	36373
БАРЛЫҒЫ				958993	1028498	994590	28108076	30145264	29151423	

Ескерту: 2013 және 2014 жылдары энергия тұтыну мәліметтері, өткен жылғы Тұрақты даму туралы есепте берілген мәліметтерден өзгешелігі, өткізілген энергетикалық аудит нәтижелері бойынша, жалға берілген ғимараттардың энергия тұтыну көрсеткіштерін есепке қосу керектігі ұсынысынан болып отыр. Белгіленген нысандардағы электр энергиясын пайдаланудың нақты мәні КПО-да жалпы электр энергиясын пайдалану индексында бұрын есепке алынбаған болатын.

2015 жылдың 2-ші тоқсанында ҚӨК электр станциясындағы №3 газтурбиналық генераторы трансформатордың істен шығуына байланысты қолданылмады. Бұл жайт, 2014 жылмен салыстырғанда, 2015 жылы отын газын пайдаланудың төмендеуіне әкелді. Сонымен қатар, газтурбиналық электр станциясында дизель отынын пайдаланудың да азайғаны байқалды.

24-ші сызбада көрсетілгендей, 2014 жылмен салыстырғанда энергияның қарқындылық көрсеткіші немесе пайдаланылған энергия көлемінің қатынасы, ГДж және өндірілген өнімнің көлемі тоннадағы КСШ, жоғарыда айтылған қуатты тұтыну азаюынан, сәл төмендеді.

24-СЫЗБА Энергия тұтыну қарқынының динамикасы, 2013-2015 жылдар



Ескерту: 2013-2014 жылдарға арналған энергия тұтыну қарқыны есептеу әдістерінің өзгеруіне байланысты, КПО-ның 2014 жылға арналған есебімен салыстырғанда аздап өзгертілгені, геологиялық шығындар және технологиялық қашып құтылуға келмейтін газ жағылуы энергоаудит есебіне сәйкес келісімділікті қамтамасыз ету үшін қосылмағандықтан болатын. Сонымен қатар, 2014 және 2015 жылдарға арналған мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымы мәліметтері "ҚОҚ қызметі нәтижелігінің көрсеткіштері бойынша 2014 жылғы деректер" есебі негізінде жаңартылды. Тұрақты даму туралы есепті дайындау кезінде, 2015 жылғы мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымы есебі әлі шықпаған болатын.






СУ ҚОРЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Су тіршіліктің көзі болып табылады. Біздің мақсатымыз су қорларын қорғау және тиімді пайдалану болып табылады. КПО ұйымда таза су қолдану мәселелерін су қорларын сақтау шараларымен реттей отырып, мүмкіндігінше, таза суды екі рет қолдануын реттейді.

2015 жылы КПО-ның жалпы су тұтынуы 481 684 м³ құрады, оның ішінде 379 672 м³ – техникалық су, ал 102 012 м³ – ауыз су болып табылады.

25-СЫЗБА 2013-2015 жылдардағы КПО-ның су тұтынуы



36-КЕСТЕ 2013-2015 жылдардағы КПО-ның су тұтыну көздері, м³

№	Су көздері	Нысандар	Су сапасы	Тұтыну		
				2013	2014	2015
1	Жарсуат су тоғаны	Қарашығанақ кен орны	ауыз су	86 820	97 359	100 304
	<i>Ішкі қажеттіліктер үшін</i>			86 820	97 359	100 304
2	Серебряков су тоғаны	Үлкен Шаған МАС	ауыз су	2 468	1 507	1 708
	<i>Ішкі қажеттіліктер үшін</i>			1 703	1 144	1 454
	<i>Өндірістік қажеттіліктер үшін</i>			765	363	254
3	Қоншыбай су қоймасы*	Қарашығанақ кен орны	техникалық су	391 752	389 026	377 020
	<i>Өндірістік қажеттіліктер</i>			391 752	389 026	377 020
4	Қиғаш су тоғаны	Атырау мұнай айдау станциясы	техникалық су	4 601	2 829	2 652
	<i>Ішкі қажеттіліктер үшін</i>			1 044	1 118	845
	<i>Өндірістік қажеттіліктер үшін</i>			3 557	1 711	1 807

* ҚР-ның өндірістік қажеттіліктерге арнайы су тұтыну рұқсаттамасына сәйкес шектеу – 578 904 м³ мөлшерді құрайды.

36-кестеде су көздері бойынша КПО-ның су тұтынуы көрсетілген.

Су қабылдау мөлшерін шектейтін өндірістік қажеттіліктерге Суды тұтыну рұқсаттамасы белгіленгендей, КПО-да техникалық мақсаттарға пайдаланылатын су көзі – Қоншыбай сайы болып та-

былады. Бұл жағдайда КПО алғашқы су тұтынушы болып табылады. Жарсуат, Серебряков және Қиғаш су қабылдау құрылғылары сияқты су қабылдаудың басқа көздері, ауыз су жеткізушілермен келісім-шарт арқылы қамтамасыз етілген. Бұл жағдайларда Компания қосымша тұтынушы болып табылады.

Тұрмыстық қажеттілікке арналған су

КПО компаниясы тұрмыстық қажеттіліктер үшін суды қайтара пайдаланады. КПО-ның тұрмыстық қажеттіліктер үшін сумен қамтамасыз ету көздері: Қарашығанақ кен орнында – Жарсуат су тоғаны, Үлкен Шаған мұнай айдау станциясында – Серебряков су тоғаны, Атырау мұнай айдау станциясында – Қиғаш су тоғаны пайдаланылады.

2015 жылы КПО бойынша тұрмыстық қажеттіліктер үшін су тұтыну көлемі 102 603 м³ құрады, бұл, 2014 жылмен салыстырғанда, 3%-ға артық (99 621 м³).

Техникалық сападағы су

Қарашығанақ кен орнындағы техникалық мақсаттарға қажетті сумен қамтамасыз етуші негізгі көз Қоншыбай жырасындағы №1 су қоймасы болып табылады. Арнайы суды пайдалану рұқсаттамасына сәйкес, КПО компаниясы 2015 жылдың қалған уақытына дейін техникалық судың бастапқы пайдаланушысы болып табылады және жыл сайынғы су алу шегі 578 904 м³ құрайды. 2015 жылғы жалпы су алу көлемі 377 020 м³ құрады.

Қоншыбай жырасы 25.12.2012 күні берілген №269 Батыс Қазақстан облысы әкімінің Қаулысы бойынша жергілікті деңгейдегі балық шаруашылығы су қоймаларының тізіміне енбейді. Қоншыбай жырасы суларынан қоректенбейді, ол көктемгі қар еру мен жауын-шашындардан толтырылып отырады.

Қысқы уақытта жауын-шашынның аз болуына байланысты, Қарашығанақ кен орнының қажеттіліктеріне су алуға керекті су деңгейінің төмендеп кетуі мүмкін. Су жетіспеген жағдайда және компанияның жұмыстарын тоқтап қалуын болдырмау мақсатында, Компания-

Нысандардағы ауыз су тұтыну мөлшері өлшегіш құралдар арқылы есептеледі және ҚР Бастапқы өлшеу ережелеріне сәйкес есеп журналдарына тіркеледі.

Ауыз су, нысандардың шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін ғана пайдаланылады. Басқа су көзінің болмауына байланысты Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы ғана суды өрт резервуарларын толтыру үшін қолданады.

да техникалық сападағы суы бар № W-9 бен W-4 екі резервтік ұңғымасы бар.

Мұнай айдау станциясының шаруашылық-тұрмыстық және техникалық қажеттіліктері үшін, Астрахань-Атырау су таратқышы арқылы Қиғаш су тоғанындағы техникалық сападағы су жеткізіледі.

2015 жылы КПО бойынша техникалық қажеттіліктер үшін су тұтыну көлемі 379 081 м³ құрады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 3%-ға артық (391 100 м³).

Таза су алуды қысқарту мақсатында бұрғылау ерітінділерін дайындау, ағаштарды суару, жолдар мен құрылыс алаңдарындағы шаңды басу, бұрғылау кезінде қыртысаралық ажырауды болдырмау үшін компания тазартылған тұрмыстық, өндірістік сұйық қалдықтарды және нөсерлі ағынды суларды қолданады.

2015 жылы КПО-ның қайта пайдаланған тазартылған техникалық су көлемі Қоншыбай жырасынан алынған техникалық судың 8%-ын құрады. 37-ші кестеде КПО-ның тазартылған ағынды суларды өз жұмыстарында пайдалануы көрсетілген.

37-КЕСТЕ 2013-2015 жылдары тазартылған ағын суларды қайта пайдалану, м³

	2013	2014	2015
Тазартылған ағын суларды қайта пайдаланудың жалпы көлемі, соның ішінде:	64 343	123 419	31 213
Бұрғылау қажеттіліктері және бұрғылау ерітінділерін дайындау үшін	33 579	108 799	23 744
Суару мақсаттары мен гидросынақтар	13 335	2 555	-
Шаңды басу мақсатында	17 429	12 065	7 469

2015 жылы Компания техникалық мақсаттарға 31 213 м³ тазартылған ағын суды қайта пайдаланды, оның көбі бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін пайдаланылды. 2014 жылы қайта пайдаланылған ағын судың көлемі 2015 жылмен салыстырғанда көбірек болды, себебі

тазартылған тұрмыстық су №9816D ұңғымасында ағын сулар тоғанымен қайта толтырылды, одан кейін гидравликалық жарылуды болдырмау үшін Қарашығанақ кен орны батыс бөлігінде ұңғымаларды бұрғылауды сумен қамтамасыз ету мақсатында қолданылды.

Тазартылған ағын суларды ағызу

2015 жылы КПО Қарашығанақ кен орны, Үлкен Шаған және Атырау Терминалы мұнай айдау станциялары үшін үш (3) қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат құжатын алды. 2015 жылғы Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазы суларды ағызу көлемі шектеулерін анықтамайды. Зиянды заттардың шоғырлану шегінің көрсеткіші тоннада анықталған болатын. 2015 жылы ағынды сулармен зиянды заттарды ағызу көлемі мынадай:

Нысан	Шектеу, тоннада	Нақты, тоннада
Қарашығанақ кен орны	31 915,92	14 780,25
Үлкен Шаған станциясы	6,37	1,81
Атырау Терминалы станциясы	5,99	0,78

Тазартылған тұрмыстық және өндірістік ағын су және жаңбыр ағындары үшін КПО арнайы салынған құрылғыларын пайдаланады: жинақтаушы тоғандар (Пилот қалашығанда), буландырғыш тоғын (Атырау Терминалы және Үлкен Шаған), маусымдық тоғандар (ГКДҚ-3), суландыру тоғаны (ГКДҚ-2). Бұл құрылғылар топырақ және жер асты суларына ластаушы заттардың жайылуын болдырмауға, сонымен қатар техникалық

қажеттіліктерге қайта пайдалану үшін тазартылған ағын суларды жинауға, осы арқылы тұщы судың шығынын төмендетуге мүмкіндік береді.

Тазартылған ілеспе-қабат технологиялық ағын сулары №1 және №2 полигондардың жерасты қабаттарына айдалады. Тазартылған ағын суларды ағызу рұқсат етілген шекті шығару жобасына сәйкес жүзеге асырылады.

КПО-ның шаруашылық және өндірістік іс-шаралар нәтижесінде пайда болатын тазартылған ағын сулар табиғи су қоймаларына (өзен-көл) ағызылмайды. 37-ші кестеде ағынды суларды пайдалану және кәдеге жарату жолдары көрсетілді. Тазартылған ағын суларды ағызу рұқсат етілген шекті шығару жобасына сәйкес жүзеге асырылады.

2015 жылы Қарашығанақ кен орнының 2016-2017, 2016-2020 жылдарға арналған Үлкен Шаған және Атырау мұнай айдау станцияларының рұқсат етілген шекті шығару жобаларын және ағынды сулардың сапасын бақылау кестесі әзірленді және бұл бақылаушы органдармен келісілді.

38-шы кестеде ағын сутүрлері мен қабылдаушы нысандар көрсетілген КПО-ның 2013-2015 жылдарға арналған ағызу көлемдері берілген.

38-КЕСТЕ Ағын сулардың санаттары мен қабылдаушы нысан көрсетілген шығарындылардың жалпы көлемі, м³

ҚАБЫЛДАУШЫ НЫСАН	АҒЫН СУЛАР САНАТЫ	2013	2014	2015
Жинаушы-көлшіктер	Тұрмыстық ағын сулар	78 383	75 858	66 213
Өндірістік су шығарындыларын жерасты көму полигондары	Технологиялық және ілеспе-қабат ағын сулары	342 458	330 636	377 086
Қарашығанақ кен орнындағы жер рельефі*	Өндірістік-жаңбыр, еріген және жаңбыр ағын сулары	5 090	-	-
Үлкен Шаған және Атырау терминалы станцияларында жер рельефі	Өндірістік-жаңбыр, еріген және жаңбыр ағын сулары	539	1 945	3 297
Шығарындылардың жалпы көлемі		426 470	408 439	446 596

* Жер үсті көздерінен су тұтынуды азайту және қайта пайдалануға су көлемін арттыру мақсатында, Қарашығанақ кен орны рельефінде 2014 жылы зиянды заттар шектеуі алынып тасталды.

КПО өз нысандарында пайда болған және тазартылған ағын судағы зиянды заттардың құрамына бақылау жасайды:

Тұрмыстық ағын сулар	Өндірістік, жауын, еріген және жаңбырдың ағын сулары	Технологиялық және іле-спе-қабат ағын сулары
pH, өлшенген заттар, мұнай өнімдері, аммоний азоты, нитраттар, нитриттер, БПК5 пен БПК20, жалпы темір, СББЗ, сульфаттар, хлоридтер, фосфаттар, құрғақ қалдық, ерітілген кислород	pH, өлшенген заттар, мұнай өнімдері, құрғақ қалдық	өлшенген заттар, мұнай өнімдері, сульфидтер, сульфаттар, хлоридтер, күкірт сутегі, метанол, темір, мыс, мырыш, алюминий

Көмірсутек шикізатымен бірге өндірілетін ілеспе-қабат суы және технологиялық су тазартылып, Қарашығанақ кен орны полигондарының тереңде орналасқан жерасты су қабаттарына жіберіледі. Ағынды суларды қайта айдау – тұз шығарындыларын бетінде болдырмай, жоғары минералданған сарқынды суларды шығару мәселелерін шешуге бағытталған халықаралық тәжірибе болып табылады. Ағынды суларды дайындау және айдау үшін өте қолайлы болып табылатын судың сенімді оқшаулануы және топырақтың қасиеттеріне байланысты судың су сақтағыш жоғарғы қабаттарға көшуі мүмкін емес.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы ағынды суларды қайта айдау көлемі 14% -ға, зиянды заттардың көлемі 28%-ға өсті. Көмірсутекпен өндірілетін ілеспе қабат суы және кейінгі жерасты қабаттарға айдалатын ағын суы құрамында еритін тұздардың көп болуы бұл өсуге себепкер болды. Жер қабатында шаруашылық-ауыз су, бальнеологиялық, техникалық қажеттіліктер, суару мен мал шаруашылығына пайдаланылмайтын немесе пайдалануға келмейтін жоғары дәрежеде минералданған жерасты сулар бар. Сол себепті айдалған су топырақ, өсімдіктер және жануарлар дүниесі секілді қоршаған ортаға компоненттеріне әсерін тигізе алмайды.

2015 жылы ағын сулармен зиянды заттарды ағызу шегі 14 782,84 тоннаны құрады: бұл 2014 жылмен салыстырғанда 11 544,49 тоннаға, яғни, 28%-ға жоғары. Бұдан басқа, нормативке сәйкес 11 258,5 тонна, нормадан тыс – 3 775,54 тонна шығарылды. Нормадан тыс шоғырланулар негізінен хлоридтер, мұнай өнімдері, темір, өлшенген қатты бөлшектер, нитраттар, сульфаттар, алюминий және фосфаттар тобы бойынша тіркелген. Осыған байланысты зиянды заттардың нормадан тыс тонналары пайда болуы салдарынан, Компания ҚР заңнамасына сәйкес он есе артық төлем төледі.

2015 жылы ШРК деңгейінен сәл асып кету жағдайы тұрмыстық сарқынды сулардың құрамындағы темір, нитраттар және фосфаттардың су сақтау тоғандарына ағызылуынан байқалды. Су сақтау тоғандары су суару жұмыстары үшін пайдаланылды. Мұндай судың темір тұздары, нитраттар мен фосфаттар шоғырлануының рұқсат етілген деңгейі, су ағызу бойынша белгіленген шектеулерге қарағанда айтарлықтай жоғары. Қайта айдалған су құрамында негізінен шамадан тыс шоғырлан хлоридтер мен сульфаттар, сонымен қатар, сирек жағдайларда өлшенген қатты заттар мен алюминий болды.

ҚАЛДЫҚТАР МӘСЕЛЕСІН БАСҚАРУ

Өндіріс қуаттылығы салдарынан, қалдықтарды қауіпсіз және тиімді қолдану жүйесін ұйымдастыру, түзілетін шығарындылардың адамдар мен қоршаған ортаға шынайы және ықтимал қаупін азайту мақсатында, компанияда қалдықтарды өңдеудің негізгі әдістері қабылданған, атап айтқанда:


- қалдықтарды өндірістік үдеріске қайта жіберу;
- Экоорталық қондырғыларында қалдықтарды өңдеу;
- қалдықтарды орналастыруға, өңдеуге және жоюға қабылдайтын мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға келісімшарт негізінде жіберу;
- қалдықтарды КПО қалдықтар орналастыратын нысандарына орналастыру;

26-ші сызбада түзілген қалдықтар мөлшерінің динамикасы көрсетілген. 2015 жылы КПО нысандарында түзілген қалдықтардың жалпы мөлшері 44 201 тоннаны құрады.



26-СЫЗБА

2013-2015 жылдары КПО нысандарында түзілген қалдықтар мөлшерінің динамикасы, тоннамен алғанда



2015 жылы КПО нысандарында түзілген қалдықтар көлемі шамамен 2014 жылдағыдай қалды.

Қалдықтарды өңдеу

Көмуге арналған қалдықтарды полигонға жібермес бұрын, олар Экоорталық қондырғыларында өңделеді: мұнда олардың мөлшері азайып, қауіпті құрамы төмендейді. Қалдықтарды өндіріс үдерісіне кері қайтару – қалдықтарды қайта қолданудың тиімді әдісі болып табылады.

КПО Экоорталығы құрылғыларында өндіріс қалдықтарын өңдеу, қалдықтарды басқарудың көрнекі мысалы бола алады. КПО Экоорталығында бар технологиялардың арқасында қалдықтарды орналастыру мөлшері азайып келеді.

<p>БҰРҒЫЛАУ ҚАЛДЫҚТАРЫН ТЕРМОМЕХАНИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН ТАЗАЛАУ ҚОНДЫРҒЫСЫ</p>	<p>МІНДЕТІ</p> <p>Мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтарын шикі мұнай мен суды бөлу арқылы тазалау</p>	<p>2015 ЖЫЛДАҒЫ КӨРСЕТКІШІ</p> <p>2015 жылы 18 227 тонна қалдық өңделіп, 2 759 тонна шикі май мен су бөлініп алынды және термомеханикалық өңдеуден өткен 15 750 тонна қалдық, қалдықтарды көметін полигонға тасталды.</p>
--	---	--

Мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтарынан бөлінетін мұнай мен су, КПО тастайтын қалдықтар мөлшерін 15%-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ оқу орнымен бірлесе отырып, 2013 жылы басталған мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің карбонатты бұрғылау қалдықтарын (КБҚ) утилизациялау әдістерін баламалы дамыту жолында жасалған ғылыми зерттеулер, 2015 жылы осы КБҚ пайдалану саласында жағымды нәтиже берді:

1. ҚБҚ-ны қоғамдық пайдалану жолдарын салу өнеркәсібінде асфальтобетон қоспаларын дайындауда қолданылатын белсендірілген минералды толтырғыш ретінде қолдану;
2. Көлік жолдары шеттерін беріктендіру үшін пайдаланылатын құрамды материалдарға қоспа ретінде қолдану;
3. Көлік жолдары бойындағы минералданған өртке қарсы негізгі материал ретінде қолдану.

Қарашығанақ кен орнында карбонатты бұрғылау қалдықтарын пайдаланудың пилоттық сынау жұмыстарын өткізу үшін, республикалық және БҚО құзыретті мемлекеттік органдарынан рұқсат қағаздары алынды.

<p>СҰЙЫҚТЫҚТЫ ТАЗАЛАУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ ҚОНДЫРҒЫСЫ</p>	<p>МІНДЕТІ</p> <p>Бұрғылау ерітінділерін және тұздықтар өндірісінде қайта пайдалану үшін сұйық қалдықтар мен сарқынды суларды өңдеу</p>	<p>2015 ЖЫЛДАҒЫ КӨРСЕТКІШІ</p> <p>2015 жылы сұйық қалдықтардың 9 430 тоннасы өңделді. Тазалаудың нәтижесінде 6 109 тонна қайта пайдаланылатын ерітінді мен тұздық өндірілген.</p>
---	--	--

<p>ҚАЛДЫҚТАРДЫ СҰРЫПТАУ ҚОНДЫРҒЫСЫ</p>	<p>МІНДЕТІ</p> <p>Компанияның тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауға, көмілетін қалдықтар мөлшерін, қағаз, тоқыма, пластикалық бөтелкелер, шыны, полиэтилен, қара және түсті металдар сияқты қайта пайдалануға келетін бөліктеріді бөлу арқылы азайтуға бағытталған</p>	<p>2015 ЖЫЛДАҒЫ КӨРСЕТКІШІ</p> <p>2015 жылы 560 тонна қатты тұрмыстық қалдық сұрыптауға жіберілді, 342 тонна жалпы мақсаттағы қалдық жағуға арналған пештерге жіберілді, 41 тоннасы оның ішінде макулатура, металл сынықтары мен пластмассаны қоса алғанда, барлығы өңдеу және қайта пайдалану үшін мамандандырылған ұйымдарға жіберілді.</p>
---	--	--

Көп жағдайда, арнайы мердігерлік ұйымдар КПО-дан қабылданатын қалдықтарды әрі қарай қолдану әдістерін таңдауды өз бетінше шешеді және қалдықтарды үшінші тарапқа өткізгені туралы тоқсан сайын есеп береді.

Макулатураны бөліп жинау әдісі, қаланың қоқыс үйіндісіне апарылған КПО коммуналдық қалдықтарының мөлшерін 2015 жылы 16 тоннаға дейін азайтуға мүмкіндік берді. Жиналған макулатура БҚО-дағы әжетхана қағаздарын өндіретін жергілікті кәсіпорындарға қайта өңдеуге жіберілді.

Қалдықтарды басқару

КПО нысандарында, оның ішінде, Экоцентр қатты өнеркәсіптік қалдықтарын жоюға арналған полигонда, қалдықтарды басқару халықаралық стандарттар бойынша жасалады. Қалдықтарды сақтау полигондары ұяшықтарының толып тұруы ағымдарға төзімді оқшаулағыш сілтілік қабат қызметін атқарады. Қоршаған ортаға ықтимал әсерін азайтатын балшық қабаттарынан тұратын және жоғары тығыздығы бар полиэтилен, геомембранадан құралған сүзілуге қарсы экран полигон ұяшықтарының төменгі бөлігінде жатады.

Алдыңғы жылдары жинақталған қалдықтар, қауіпсіз көму мақсатында, 2015 жылы қатты қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау ерітіндісін жою аймағынан Экологиялық орталықтың қатты өндірістік қалдықтарды көму полигонына ауыстырылды. Жалпы алғанда, 2013 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде жинақталған қалдықтардың 36% жойылды.

39-КЕСТЕ 2015 жыл ішіндегі КПО-ның өңделген, орналастырылған, пайдалануға қайта жіберілген және жойылған қалдықтардың мөлшері

2015 жылы КПО қалдықтарымен жұмыс істеу әдістері		Есептік мерзім ішінде пайда болған қалдықтар	Өткен жылдары кәсіпорында жиналған қалдықтар	2015 жылы пайдалануға қайта жіберілген өнімдер (құрамында мұнай бар қалдықтар, мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтары)	БАРЛЫҒЫ
1. Пеште жағу	Жалпы міндеттерді атқарытын пешке жағуға жіберілген қалдықтар	340	2	0	342
	Оның ішінде				
	Жағу барысындағы жоғалтулар (соның ішінде қалдықтар)		299	2	
	Нысандағы жыл аяғындағы баланс		1	0	
	Жағылғаннан кейін полигонға көмілген (Айналмалы пештің (АП) қатты қалдықтары, АП жеңді шаң сүзгісінен шыққан қатты қалдықтар, жалпы мақсаттағы пеш (ЖМП) күлі)		42	0	
2. Өңдеу	Қайта пайдалану үшін АП, термомеханикалық өңдеу қондырғысына (ТӨҚ), сұйық қалдықтарды өңдеу қондырғысына (СҚӨҚ) өңдеуге жіберілген қалдықтар	24 837	14 129	797	39 762
	Оның ішінде				
	Өңдеуден кейін қайта қолданылған (шығарып алынған мұнай негізі, тазартылған тұздықтар мен ертінділер) қалдықтар			8 867	
	Одан әрі тазалау және қосымша тазалау			2 618	
	Құрамында мұнай бар қалдықты ары қарай айналмалы пеште өртеу			2 990	
	Өңдеуден кейін полигонға көмілген (ТӨҚ қатты қалдықтары, су негізіндегі бұрғылау қалдықтары) қалдықтар			25 287	

39-кесте (жалғасы)

2015 жылы КПО қалдықтарымен жұмыс істеу әдістері	Есептік мерзім ішінде пайда болған қалдықтар	Өткен жылдары кәсіпорында жиналған қалдықтар	2015 жылы пайдалануға қайта жіберілген өнімдер (құрамында мұнай бар қалдықтар, мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтары)	БАРЛЫҒЫ
3. Қайта пайдалану (қолданылған май, тазарту сұйықтықтары).		8		8
4. Полигонға өңдеусіз көму	1 200	52 244	0	53 443
5. Кәсіпорында жиналған (2015 ж. тұнбалық алаңдарға, 35 А/Б ұяшықтарына, қалдық сақтау аймақтарына тасталған қалдықтар, сонымен қоса келесі 2016 жылға дейін сақталатын қалдықтар) қалдықтар	14 063	378	0	14 441
6. 2015 ж. ары қарай өңдеу, пайдалану, жағу және көму үшін үшінші тарапқа жіберілген қалдықтар	3 754	1 530	0	5 284

Компания қалдықтарының негізгі мөлшері ұңғымаларды бұрғылау және жөндеу кезінде пайда болады. Бұл ретте бұрғылау ертіндісінің қандай түрі қолданылғанына байланысты, су және мұнай негізіндегі бұрғылау ертінділерінің бұрғылау қалдықтары түзілетінін атап өту керек. 2015 жылдың ішінде 36 719 тонна қатты және сұйық бұрғылау қалдықтары жинақталды, бұл компания қалдықтарының жалпы санының 83%-ын құрайды.

Төмендегі кестеде ұңғымалық операциялардың негізгі қалдықтары оларды қолдану әдісі бойынша бөлініп көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей, су негізіндегі ертінділер мен қалдықтар ғана орналастырылады. Мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтары алдын ала өңделіп, құрамынан мұнай негізін алып тастағаннан кейін ғана көмуге жіберіледі.

40-КЕСТЕ 2015 жылы қолдану әдісіне қарай ұңғымалық операциялардан шыққан қалдықтар

Қалдық	Көлемі, тоннамен алғанда	Қолдану тәсілі
Пайдаланылған су негізіндегі бұрғылау ертінділері	392	СҚӨҚ-да өңдеуге
	3 413	Орналастыру
Су негізіндегі бұрғылау ертіндісінің бұрғылау қалдықтары	1 199	Көму
	6	СҚӨҚ-да өңдеу
Пайдаланылған мұнай негізіндегі бұрғылау ертінділері	2 216	ТӨҚ пен СҚӨҚ-да өңдеу
	7	АП-де жылумен өңдеу
Мұнай негізіндегі бұрғылау ертіндісінің бұрғылау қалдығы	17 688	Мұнай негізін, суды шығару және кейін қатты бөлігін көму арқылы СҚӨҚ-да өңдеу
Пайдаланылған тұздықтар	9 280	СҚӨҚ-да өңдеу
	2 371	Орналастыру
Мұнай қалдықтары	133	АП-да өңдеу
	12	ТӨҚ-да өңдеу

БИОЛОГИЯЛЫҚ АЛУАН ТҮРЛІЛІК



Биологиялық алуан түрлікті және экожүйелерді сақтау – тұрақты дамуға көшудің қазіргі кезеңіндегі ең маңызды мәселерінің бірі екені даусыз. Қарашығанақ кен орны флора мен фаунаының көптеген түрлері, соның ішінде Қызыл кітапқа енгізілген түрлері мекендейтін аймақ болып табылады.

КПО Қарашығанақ кен орнындағы өнеркәсіп жұмыстарын әрқашан биотүрлілік пен экожүйелерге минималды әсер ету арқылы жүзеге асыруға ұмтылады. Осы мақсатта, КПО компаниясы биотүрлілікті сақтауға бағытталған ғылыми зерттеулерді тұрақты түрде жүргізеді. Бұл зерттеулер биологиялық түрліліктің жалпы жағдайына баға бере отырып, компанияның осы алуантүрлілікке тигізетін әсерін бағалау шараларын қамтиды және бұл Биологиялық түрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары болып табылады (БСЖ). БСЖ негізгі мақсаты – КПО қызметі және осы саладағы басқа да мүдделі тараптардың жер пайдалануын өзара келісу арқылы фауна мен флора түрлерін және Қарашығанақ кен орнындағы олардың тіршілік ету ортасын сақтау. 2011 жылы КПО дайындаған БСЖ компания өндіріс аймағының айналасындағы биотүрлілік бойынша бақылау және деректер сақтау шараларын анықтайды. 2013 және 2014 жылғы Тұрақты даму туралы есептерде қызметтеріміз БСЖ-ға сәйкес екі кезеңде сипатталған. Бірінші кезең 2012 жылы аяқталса, екіншісі – 2013 жылы аяқталды. 2012-2013 жылдары Қарашығанақ кен орнында жасалған жұмыс қорытындылары биотүрлілікке кері әсерін тигізбегендігін көрсетті. Қарашығанақ кен орнында мекендейтін өсімдіктер мен жануарлардың түрі мен саны бойынша өзгерістерін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында, КПО өз қызметінің биологиялық әсер етуі мүмкіндігін уақтылы бағалау үшін флора мен фаунаының бақылап қадағалау шараларын жалғастырады.

2014 жылы Компания 2015-2016 жылдарға арналған Биотүрлілікті сақтау жоспарын жасап шығарды. 2015 жылы осы жоспардың бөлігі ретінде келесі жұмыстар жүзеге асырылды:

- Атмосфераға шығарылған қалдықтар мен топырақтағы зиянды заттардың Қарашығанақ кен орнында таралуын картаға түсіру;
- Қарашығанақ кен орнындағы жануарлар әлемінің (сүтқоректілер, құстар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар) әртүрлілігін зерттей отырып, КПО өндірістік қызметінің оған тигізетін әсерін және динамикасын анықтау;
- Қоншыбай жырасы мен Березовка өзені аумағындағы жануарлардың маңызды түрлерін, оның ішінде күзендерді зерттеу;
- Жануарлар әлемінің бақылануы нәтижесінде Қарашығанақ кен орны аумағын мекен ететін жануарлардың дерекқорын жаңарту.

2015 жылы ғылыми зерттеулер жүргізу барысында ерекше бағаланатын жануарлар түрлеріне көңіл аударылды. Бағалы жануарлар санатына Қарашығанақ кен орны үшін зерттелуі және түрлерін сақтау өте маңызды болып табылатын жануарлардың барлық түрлері кіреді. 41-кесте 1990-2015 жылдар кезеңіндегі зерттеулер барысында Қарашығанақта тіркелген негізгі маңызды түрлерді көрсетеді. Осы түрлердің барлығын Қарашығанақ кен орнынан тыс жерде де кездестіруге болады.

КПО қызметін жоспарлау және жүзеге асыру кезінде бұл түрлерді ескерген өте маңызды, бірақ кен орнында осы түрлердің болуы, болмауы немесе санының өзгеруі аймақтың экологиялық өркендеуінің тікелей көрсеткіші емес екенін атап өткен жөн. Биотүрліліктің жай-күйін бағалау мақсатында оның экожүйесін күрделі географиялық бірлік ретінде қарастырған дұрыс. Кейбір түрлердің көбейуіне КПО-ға қатысы жоқ жергілікті және ғаламдық себептер әсер етуі мүмкін. Осындай түрлер санының қандайда бір өзгеруі орын алса, олардың ауқымды даму динамикасы күрделі зерттелуі қажет. Дегенмен, КПО өз қызметтерін осы түрлердің, әсіресе қосымша сақтау шараларын талап ететін ең негізгілерінің және эндемикалық түрлердің көбейуіне тікелей және жанама әсер етуді болдырмайтындай жоспарлайды және ұйымдастырады.

41-КЕСТЕ

Қарашығанақ кен орны аймағында тіркелген табиғатты сақтауда маңызды болып табылатын жануарлар түрлері

№	Түрлері	Халықаралық табиғатты қорғау одағы бойынша категориясы	Қазақстанның Қызыл кітабы	Жергілікті сирек түрлері (Қарашығанақ кен орнында)	Тіркелген жылы
ГҮЛДЕЙТІН ӨСІМДІК					
1	Андржеевский қалампыры (Dianthus andrzejowski)	-	ҚҚК	✓	2008, 2010
2	Биберштейн қызғалдағы (Tulipa Biebersteiniana)	-	ҚҚК I	✓	2007, 2008, 2010, 2013, 2015
3	Ұйқы шөбі (Pulsatilla patens)	-	-	✓	2010, 2015
4	Бұлдырық (Fritillaria ruthenica)	-	-	✓	2010, 2013, 2015
5	Шренк қызғалдағы (Tulipa shrenkii)	-	ҚҚК	✓	2007, 2008, 2010, 2013, 2015
ҚҰСТАР					
6	Тырна (Anthropoides virgo)	-	ҚҚК VI	✓	1990, 1991, 2003, 2004, 2005, 2008, 2010, 2015
7	Жапалақ (Bubo bubo)	LC	ҚҚК II	-	1991
8	Екі басты қыран (Aquila heliaca)	VU	ҚҚК III	✓	2002, 2003, 2010
9	Көк қарға (Coracias garrulus)	NT	-	✓	2001, 2010
10	Дала күйкентайы (Falco naumanni)	LC	-	✓	2004
11	Кішкентай дуадақ (Tetrax tetrax)	NT	ҚҚК III	✓	1990-1991, 2002, 2004, 2008, 2010, 2015
12	Сыбырлауық аққу (Cygnus olor)	LC	-	✓	2003, 2004, 2008, 2010
13	Балықшы құс (Pandion haliaetus)	LC	ҚҚК I	-	1990
14	Құладың (Circus macrourus)	NT	-	✓	2002, 2003, 2004, 2005
15	Сұңқар (Falco vespertinus)	NT	-	✓	2001, 2002, 2003, 2004, 2005, 2008, 2010, 2015
16	Дала қыраны (Aquila nipalensis)	LC	ҚҚК VI	-	2002, 2008, 2010
17	Аққұйрықты қыран (Haliaeetus albicilla)	-	ҚҚК III	✓	2004, 2008, 2010, 2015
СҮТҚОРЕКТІЛЕР					
18	Құндыз (Castor fiber)	-	-	-	2003, 2005, 2008, 2010, 2012, 2015
БАУЫРЫМЕН ЖОРҒАЛАУШЫЛАР					
19	Сұр жылан (Vipera ursini renardii)	VU	-	✓	2001, 2002, 2003, 2008, 2010
ЖӘНДІКТЕР					
20	Әмірші инелік Anax imperator)	-	ҚҚК	-	2010
21	Қысқақанатты боливария дәуіті (Boli-varia brachyptera)	-	ҚҚК	-	2010



2015 жылы ғылыми-зерттеу және түрлер санының жыл бойынша талдауы, Компанияның өндірістік қызметі Қарашығанақ кен орны маңайында мекендейтін жануарлар әлеміне қолайсыз әсерін көрсеткен жоқ. Керісінше, 2015 жылдың көктемінде Қоншыбай жырасы көпірінде сұр құтанның үлкен мекені байқалған болса, сол аймақта үлкен ақ құтан да кездесті – осы ендік үшін бұл сирек кездесетін түрлер. Сондай-ақ, кейбір сүтқоректілердің саны артты. Қарашығанақ кен орны ішінде және жақын маңда еуропалық құндыз саны жоғары деңгейде қалып отыр. Бұның барлығы кен орнындағы табиғатты сақтау шаралары мен шарттарының жергілікті фаунаның өмірі үшін қолайлы екенін көрсетеді.

2016 жылы Қарашығанақ кен орны флорасын сақтауға бағытталған ғылыми-зерттеу жоспарына кіретіндер:

- Қарашығанақ кен орнының өсімдіктерге ықпал ету аймағындағы төрт әсер ету факторы бойынша бақылау жүргізу;
- Қоншыбай жырасы мен Березовка өзеніндегі сирек кездесетін қарабауырдың (*Fritillaria ruthenica*) таралуына зерттеулер жүргізуді жалғастыру.
- Өсімдіктерді бақылауға байланысты флораның мәліметтерін жаңартып отыру.

Кестеде келесі категориялар қолданылады:

- *NT: қатерлі жағдайға жақын түрлері – әдетте, түрлердің саны азайғандығы соншалық, жақын арада ХТҚО-ның жоғары қатерлі категориясына жатқызылатын түрлер. ХТҚО – Халықаралық табиғатты қорғау одағы.*
- *VU: құрып кету қаупі төнген – жабайы табиғатта жойылып кетудің жоғары қаупі бар түрлері.*
- *LC: ең төмен қаупі бар – ХТҚО категориясы бойынша қауіпті жағдайда, құрып кету жағдайында немесе қатерлі жағдайға жақын түрлері ретінде бағаланбайды. Кең таралған және таксондар (бұл топтағы түрлер халықаралық сирек түрлер қатарына қосылмаған), осы категорияға енгізілген.*
- *KRDB: Қазақстанның Қызыл кітабы – ұлттық сирек кездесетін түрлер тіркелген кітап, Римдік нөмірлермен сиректіктің категориялары белгіленген: Категория I – ең сирек кездесетін түрлері, және категория V – сиректігі төмен.*

ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫҚПАЛ

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ДЕМЕУ



Тұрақты дамуға ұмтыла отырып, КПО Батыс Қазақстан облысында әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жұмыстарын жалғастыруда. ӨБТК 5-қосымшасына сәйкес, КПО компаниясы Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің әлеуметтік дамыту басымдықтарының тізімімен келісілген әлеуметтік инфрақұрылым жобаларына 10 млн. АҚШ долларын бөлу міндеттемелерін орындап отырды.

Алдыңғы жылдарғы Есептерде атап өткендей, 2010 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін КПО компаниясы, Басқару жөніндегі бірлескен комитетінің шешіміне сәйкес, Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жылына 20 млн. АҚШ долларын бөлуде.

Сонымен бірге 2014 жылдан 2016 жылға дейінгі мерзімде тек Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданының әлеуметтік және инфрақұрылымдық

жобаларына ғана қосымша 10 млн. АҚШ долларын бөлу туралы шешім 2014 жылы қабылданды.

ӨБТК 5-қосымшасының ережелеріне сәйкес, жобаны жыл аяғына дейін толық орындамаған жағдайда, игерілмеген қаржы келесі жылға өткізіледі. Бұл дерек төмендегі кестелерде көрсетілген қаржының қомақтылығын түсіндіреді.

КПО ББК резолюциясы негізінде, БҚО әкімдігі мен КПО арасында келісілген әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады. КПО жобалау, сатып алу, жобалардың толық аяқталуына және кейінгі ҚР теңгеріміне өткізілуіне дейінгі барлық үдерісіне толықтай жауапты. Барлық әлеуметтік жобалар қазақстандық мердігерлермен орындалуы тиіс.

2015 жылы орындалған әлеуметтік жобалардың тізімі төмендегі 42-43-кестелерде көрсетілген.

42-КЕСТЕ 2015 жылы КПО орындаған Орал қаласындағы әлеуметтік және инфрақұрылымды дамыту жобалары

Жобаның атауы	Жобаның сипаты	Бюджет (млн теңге)*
ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ АТЫНДАҒЫ ӨНЕР ҮЙІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ	Өнер үйі шығармашылық әдеби кештер мен шаралар өткізу орны болып табылады. Ол жерде концерттер, өнер шеберлерінің көрсетілімдері, бейнелеу өнері жұмыстарының көрмелері өткізіледі. Сондай-ақ жобада облыс ақын-жазушылары шығармаларының кітапханасы қарастырылған.	991,4
САРАЙШЫҚ КӨШЕСІ ЖОЛДАРЫН ЖӨНДЕУ	Жоба қаланың орталық көшелерінің бірі – Сарайшық көшесіндегі жолдарды жөндеп, жаңа жол жабынын салуды, жаяу жүргінші жолдарын жөндеуді көздейді.	397
СЫРЫМ ДАТОВ АТЫНДАҒЫ КӨШЕНІҢ ЖОЛДАРЫН ЖӨНДЕУ	Жоба Сырым Датов атындағы көшенің жолын және Орал өзені арқылы өтетін көпірді жөндеуді, жол жабындарының бастапқы пайдалану сапасын қалпына келтіруді, кедергі қоршаулары мен жаяу жүргінші жолдарын жөндеуді қамтиды.	620,4
КИРОВ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫНДА ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР КӨПІРІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ	Мәдениет және демалыс саябағындағы көпір Шаған өзені арқылы өтетін жаяу жүргіншілер қозғалысын қамтамасыз етеді.	91,1
	Барлығы	2099,9



Орал қаласындағы Сырым Датов көшесінің жолы мен Орал өзені арқылы өтетін көпірдің жөнделуі

43-КЕСТЕ

2015 жылы КПО орындаған Бөрлі және БҚО-ның басқа аудандарындағы әлеуметтік және инфрақұрылымды дамыту жобалары

Жобаның атауы	Жобаның сипаты	Бюджет (млн теңге)*
ЖӘНІБЕК АУДАНЫНДАҒЫ 290 ОРЫНДЫҚ БАЛАБАҚША ҚҰРЫЛЫСЫ	290 балаға арналған екі қабатты ғимарат, көлеңкелі шатырлары мен ойын жабдықтары бар 13 топтық алаңды, дене шынықтыруға арналған алаңды және егінді-жиделік жерді қамтиды. Балабақша толығымен жабдықталып, қолданысқа берілді.	550,1
АҚСАЙ ҚАЛАСЫНДА КОНЕЧНАЯ КӨШЕСІН, ИХСАНОВА КӨШЕСІНЕН ОВРАЖНАЯ КӨШЕСІНЕ ДЕЙІН ЖАЙЛАСТЫРУ	Жоба жолдардың сапасын жақсартуды, бұрыннан бар жолдарды жөндеп, жаңа жол жабынын салуды көздейді. Жоба жол жабындарының бастапқы пайдалану сапасын қалпына келтіруге бағытталған.	152,5
АҚСАЙ ҚАЛАСЫНДА ОКТЯБРЬСКАЯ КӨШЕСІН, АБАЙ АТЫНДАҒЫ ДАҒҒЫЛЫНАН ВАЩУК АТ. КӨШЕСІНЕ ДЕЙІН ЖАЙЛАСТЫРУ	Жоба жол жабындарының бастапқы пайдалану сапасын қалпына келтіруге, кедергі қоршаулары мен жаяу жүргінші жолдарын жөндеуге, қалалық инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған.	240,4



Қадыр Мырза Әлі атындағы өнер орталығы

43-кесте жалғасы

Жобаның атауы	Жобаның сипаты	Бюджет (в млн теңге)*
АҚСАЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ БӨРЛІ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗУ	Жоба аурухананың бас ғимаратын, шаруашылық-тұрмыстық нысандарын күрделі жөндеуді, жылыту желілер мен су құбырын және т.б. ауыстыруды көздейді. Жөнделген аудандық орталық ауруханасы Бөрлі ауданы тұрғындарына медициналық қызмет көрсетіп, өңірдегі медициналық көмектің сапасын арттырады.	763,2
БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ ЖАҒАТАЛАП АУЫЛЫНДА СУ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ	Жоба жеке үйлерде тұратын халықты сумен жабдықтауға, су құбырын орнатуға, ауыл әкімдігі ғимаратына, мектепке, аурухана мен мәдениет үйіне суды жеткізу және есептеуіштерді қондыруға бағытталған.	144,2
БҚО БӨРЛІ АУДАНЫНЫ ҚАНАЙ АУЫЛЫНЫҢ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҒАРТУ	Жоба Қанай ауылының дамуын қолдау мақсатында, оның сумен жабдықтау жүйесін жетілдіруге, жеткізілетін судың санитарлық нормаларға сәйкестігін қамтамасыз етуге, орталықтандырылған сумен жабдықтауды ұйымдастыруға бағытталған.	156,2
	Барлығы	2 006,6

* ҚҚС-ты есептегенде алынған сома

Ескерту: Ағымдағы жылда және 2016 жылдың аяғында аяқталатын, атқарылу кезеңіндегі әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар 2016 жылға арналған Есепке енгізіледі.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК



Жергілікті қоғамдастықтармен жұмыс істеу стратегиясы

КПО жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынасын нығайтудың арқасында, қоғам дамуына мүмкіндіктер тудырып, компания қызметінің теріс әсерін алдын алу немесе азайту арқылы барынша пайдалы болуы мақсатында еңбек етуде.

2015 жылы КПО өзінің коммерциялық мақсаттарының мемлекеттік бағдарламалармен және өндірістік қызмет орнының маңында орналасқан тұрғындардың қажеттіліктерімен сәйкестігін реттеуге бағытталған Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын шығарды. КПО-ның бұл жоспары жергілікті қоғам мүдделерінің компания үшін маңызын және әлеуметтік ықтимал

қауіп-қатерлерді болдырмау немесе шешу мақсатына көзделген халықтың даму басымдықтарын қолдау деңгейін айқындайды.

КПО-ның Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспары халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына (соғыс және еңбек ардагерлері, мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі және қиын жағдайға тап болған балалар) білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік жәрдем көрсету саласындағы бағдарламаларды жүзеге асыруды қамтиды. Сонымен бірге, аталмыш жоспар жергілікті халыққа қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша кеңес беру, арыз-шағым мен ұсыныстар түсіру үдерісін қадағалау шараларын қарастырады.

44-КЕСТЕ

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу саласындағы міндеттеріміз

2015 жылға қойылған міндеттер	Міндеттердің орындалуы	2015 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2016 жылға қойылған міндеттер
2015 ж. 1-тоқсанына арналған жергілікті қоғамдастықтардың дамуы бағдарламаларын жүзеге асыру үшін 2015 жылдың қаражат мөлшерінің бекітілуін қамтамасыз ету және 2015 жылға арналған әлеуметтік жобалар жоспарын дайындау.	Орындалды	2015 жылға арналған Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспары 2015 жылдың маусым айында шығарылып, толығымен орындалды. Бөрлі ауданы әкімдігі, мәслихаты және КПО арасында 3 жақты ынтымақтастық және өзара түсіністік жөніндегі меморандумға қол қойылды.	2016 жылға арналған жергілікті қоғамдастықтардың дамуы бағдарламаларын жүзеге асыру үшін 2016 жылдың қаражат мөлшерінің бекітілуін қамтамасыз ету.
КПО қызметі жөнінде ақпаратпен алмасу мақсатында тоқсан сайын Сабағаттық кеңеспен кездесулер өткізіп отыру.	Орындалды	Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан бес ауылдық округтің сегіз ауылында 18 Сабағаттық кеңес отырысы өткізілді. Жергілікті тұрғындармен кездесулердің тақырыбы КПО-ның әлеуметтік бағдарламаларын және экологиялық мәселелерді қамтыды.	КПО қызметі жөнінде ақпаратпен алмасу мақсатында тоқсан сайынғы Сабағаттық кеңеспен кездесулерді жалғастыру.
Арыз-шағымдар және ұсыныстарды қабылдауды басқару тәртібін қадағалауды жалғастыру.	Орындалды	КПО жергілікті тұрғындардан түскен Арыз-шағымдар және ұсыныстар қабылдау үдерісін бақылауды 2015 жылы жалғастырды. Жыл ішінде КПО-ға жергілікті тұрғындардан 35 шағым түсті, оның 22-і газ иісіне қатысты болды. Арыз-шағымдар процедураға сәйкес қарастырылып, арызданушыға уақытылы жауап берілді.	Жергілікті тұрғындардың арыз-шағымдары және ұсыныстары қабылдауды басқару үдерісін бақылауды жалғастыру.
Есептеме жөніндегі жаһандық бастамасының (GRI) G4 нұсқаулығына сәйкес 2014 жылға арналған Тұрақты даму туралы есепті шығару.	Орындалды	2014 жылға арналған Тұрақты даму туралы КПО есебі GRI G4 нұсқаулығының талаптарына сәйкес шығарылды.	

44-кесте (жалғасы)

2015 жылға қойылған міндеттер	Міндеттердің орындалуы	2015 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2016 жылға қойылған міндеттер
	ЖАҢА МІНДЕТ		2016 жылы Березов және Бестау тұрғындарын көшіру жобасының екінші кезеңін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес іске асыру.

Нәтижелі диалог құру

Бірлескен әлеуметтік жауапкершілігі аясындағы КПО қызметінің негізі – жиналыстар мен кеңестер. 2015 жылы кеңес беру мен кездесулер форматында Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан төрт ауылдық округте құрылған Сабағаттық кеңестердің бірқатар отырыстары өткізілді. КПО үшін жергілікті халықпен жүргізілетін диалог тәжірибесі сұрақтарға жауап беруге, пайда болуына қарай ұсыныстар мен мәселелерді талқылау арқылы жергілікті қоғамдастықтардың мәселелерін шешуде қолдау көрсетуге мүмкіндік туғызады. Атап айтқанда, 2015 жылы КПО компаниясы Сабағаттық кеңестің қатысуымен 18 отырыс өткізді. Осы жиналыстар барысында Сабағаттық кеңес мүшелері мен Компанияның халықпен жұмыс істеу бөлімінің өкілдері жергілікті қоғамдастықтардың даму инфрақұрылымы бағдарламасын талқылады.

2015 жылдың ақпан айында КПО мамандары әр ауылдық округтің тұрғындарына 2014 жылға арналған

КПО-ның Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарының орындалуы туралы толық есеп берді. 2015 жылдың бюджеті бекітілгеннен кейін, сәуір айында КПО қоғамдастықтармен бірлесіп отырып, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын талқылады. Ауыл тұрғындарының ұсыныстары мен арыз-шағымдары тиісті Кездесулер хаттамаларына енгізіліп, КПО Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын орындау барысында назарға алынды. Мысалы, Жарсуат, Березов және Успеннов ауылдық округ әкімдерінің әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына көмек көрсету жөніндегі ұсыныстарын қолдау мақсатында, 2015 жылдың қазан айында әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан тоғыз балаға жылы қысқы киім, аяқ киім және азық-түлік тағамдарын сатып алуға қаражат жинау мақсатында, КПО жоғары басшылығының ұйымдастыруымен қайырымдылық футбол матчы өткізілді. Басқа да осы жөніндегі шаралар бастамасы төмендегі бөлімдерде көрсетілген

Қоғамдық тыңдаулар

2015 жылы Бөрлі ауданы әкімдігінің қолдауымен КПО екі қоғамдық тыңдау өткізіп, жергілікті қоғамдастықтарды, үкіметтік органдар мен халық өкілдерін 2015 жылдың шілде-желтоқсан айларына және 2016 жылға арналған Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарымен (ҚОҚШЖ) таныстырды.

ҚОҚШЖ ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес және КПО-ның қоршаған ортаны қорғау міндеттемелері шеңберінде дайындалды. Осы жоспар қоршаған ортаны қорғауға және жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық, логистикалық, әлеуметтік және экономикалық шараларының кең ауқымын көздейді.

Бұл зиянды заттардың және парникті газдардың атмосфераға шығарылуын азайтуды, энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануды, ұңғымаларды бұрғылау және өнеркәсіптік нысандардың құрылысы аяқталғаннан соң топырақты қалпына келтіруді, өнеркәсіптік қалдықтарды бақылауды қамтиды. Сонымен қатар, осы жоспар Қарашығанақ кен орны және оған іргелес аудандарындағы сирек кездесетін флора мен фауна популяциясын қалпына келтіруге септігін тигізеді.

Тыңдауға аудандық Мәслихат, Бөрлі ауданының әкімдігі мен кен орнына жақын орналасқан ауыл



Ауыл өкілдерінің кеңесінде

округтерінің өкілдері, қоғамдастық, халық өкілдері, ынталы топтар мен бұқаралық ақпарат құралдарының мүшелері қатысты.

Экологиялық зерттеулер

КПО алдыңғы жылдарғы Тұрақты даму туралы Есептерде аталған Березов ауылындағы көкөністер сапасын, топырақ пен су күйін, сонымен бірге мал бастарының физиологиялық жағдайын зерттеу жұмыстарын 2014 жылдың соңында аяқтады.

Зерттеу нәтижелері Березов ауылының экологиялық жағдайы, бақыланатын елді мекен ретінде таңдалған және КПО өндірістік нысандарынан 80 км қашықтықта орналасқан Долинный ауылының экологиялық жағдайынан ерекшеленбейтінін көрсетті.

Шағымдар және ұсыныстармен жұмыстану

ВКПО-да Қарашығанақ кен орнының өндірісіне қатысты арыз-шағымдармен жұмыс істеу бойынша ресми процедура қабылданған. Кен орнына жақын орналасқан ауылдардың кез келген тұрғынының КПО-ның жергілікті тұрғындармен жұмыс істейтін қызметкеріне ауызша түрде, немесе, барлық жақын ауылдың қоғамдық орындарында орнатылған арнайы формалар мен жәшіктерді пайдаланып, жазбаша түрде шағым түсіру құқығы бар. Кейін компания шағымды/өтінішті қарастырып, оны реттеудің шешімін шығарады.

КПО-ның «Жергілікті тұрғындардың арыз-талаптары мен ұсыныстарын түсіруді басқару тәртібіне» сәйкес, 2015 жылда 35 шағым түсті, оның ішінде:

- 22 шағым газ иісіне қатысты Жаңаталап ауылы тұрғындарынан жолданды (тексеру үдерісінің толық сипаттамасы төменде берілген);
- 10 арыз жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жәрдемдесу бағдарламаларының критерийлеріне сәйкес келмеді;
- 2 шағым жұмысқа орналастыру мүмкіндіктеріне байланысты болды;
- 1 шағым мердігер маманның нашар жұмысына қатысты болды.

Газ иісіне байланысты тіркелген шағымдар туралы толық мәлімет төмендегі кестеде берілген:

45-КЕСТЕ 2015 жылда тіркелген тұрғындардың шағымдары

Елді мекен	Арыздар саны	2015 ж. арыздар тіркелген күні
Бестау	1	10 ақпан
Березов	1	8 тамыз
Қарашығанақ	1	12 қаңтар
Успеннов	2	22 қаңтар; 26 қазан
Жаңаталап	15	6, 15, 21, 26 қаңтар, 20 ақпан; 13*, 23 шілде; 18, 19 қыркүйек; 15 қазан; 3 қараша; 8, 10, 23 желтоқсан
Жарсуат	2	15, 23 шілде

Ескерту: 2015 жылы 13 шілде күні бойына Жаңаталап ауылының тұрғындарынан түскен шағымның саны- 2 болды.

КПО жоғарыдағы газ иісіне байланысты барлық шағымдарға мұқият талдау жасап, КПО-ның Қоршаған ортаның корпоративтік мәселелері жөніндегі бөлімінің өкілдері, Төтенше жағдай тобы және жергілікті тұрғындармен жұмыс істейтін бөлім қызметкерлері телефон немесе жеке кездесу арқылы шағым айтушы тұлғалардың келісімдерін алып, шағымдарды тиісті түрде шешті. Ұсынылған ақпарат Қарашығанақ кен орнының санитарлық қорғаныс аймағының айналасында және Березов ауы-

лында орнатылған автоматты экологиялық бақылау станциясынан алынған мәліметтерге сәйкес дайындалды; бақыланатын компоненттер бойынша рұқсат етілген шекті шоғырлану деңгейінен асқан жағдайлар тіркелген жоқ.

Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес КПО толық ауқымдағы экологиялық мониторинг өткізеді. Атмосфера және ауадағы газ шоғырлануы бойынша мониторинг станциялары жұмысының нәтижелері туралы толық ақпарат осы Есептің «Қоршаған ортаға қамқорлық» тарауында берілген.

Березов ауылындағы оқушылардың науқастануы

2014 жылдың Тұрақты даму туралы Есебінде атап өткендей, 2014 жылдың қараша айында Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнынан шамамен бес километр қашықтықта орналасқан Березов ауылының бірқатар оқушылары мен мұғалімдері ауруханаға бас айналу, талып қалу белгілерімен жатқызылды. Кейбір мемлекеттік емес ұйымдар және бұқаралық ақпарат көздері (БАҚ) КПО компаниясын бұл жағдайға кінәлі екендігін көрсетіп, мақала шығарды. Бұл мәселе бірнеше республикалық және аймақтық БАҚ-де жарияланды.

Березов ауылындағы жаппай науқастану себебін анықтау мақсатында республикалық ведомствоаралық комиссия құрылды. КПО тергеу жүргізген құзыретті органдарға барынша көмек көрсетті. Ведомствоаралық комиссия жүргізілген тергеулердің нәтижелерін хабарлады, оған сәйкес Березов ауылы тұрғындарының улануына КПО өндірістік қызметі себеп болғандығы жөнінде белгілер анықталмаған.

Березов және Бестау ауылдарын көшіру

2015 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі КПО-ның өндірістік кешендерінің болашақ дамуын қолдау мақсатымен, мұнай-газ конденсаты кен орнының санитарлық-қорғау аймағының шекарасын кеңіту туралы Оң шешім шығарды.

2015 ж. 28 шілде айында ҚР Үкіметі кеңейтілген санитарлық-қорғау аймағының шекарасы ішінде қалған Березов және Бестау ауылдары тұрғындарын көшіру туралы Қаулы қабылдады. Көшіру үдерісі Өнімі бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) нормаларына, ҚР ағымдағы заңнамасына және халықаралық көшіру стандарттарына – Халықаралық Қаржы Корпорациясының Орындау Стандарты 5 құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

Екі ауылды көшіру БҚО аймақтық үкімет орындарының басшылығымен, КПО консорциумының көшіру жобасын қаржыландыруы арқасында жүзеге асырылып жатыр. Березов және Бестау ауылдарының жұртшылығынан келіп түскен шағымдар мен арыздарды қарастыру үшін Бөрлі аудандық басшылығы, Маслихат депутаттары, КПО және қоғамдық ұйымдар өкілдерінен құралған арнайы көшіру/шағымдарды қарастыру Комиссиясы құрылды.

Көшіру жобасы екі кезеңде өтеді; өз еркімен бірінші кезекте көшуге ниет білдірген әлеуметтік жағдайы төмен жанұялар Ақсай қаласына 2015 жылдың аяғында көшірілді. Бірінші кезеңге іріктеу жүргізілген кезде мүгедектерге, Ұлы Отан Соғысы (ҰОС) ардагерлеріне, 1, 2 категориялы мүгедектерге, ауру балалары бар жанұяларға және ҚР Үкіметі бекіткен тізімдегі созыл-



Бестау ауылындағы ашық есік күндері, ауыл тұрғындарымен кездесу

малы аурулардың қатты түріне шалдыққан адамдарға басымдық берілді.

2015 жылдың аяғында, Березов және Бестау ауылдарының 82 жанұясы Ақсай қаласындағы екі үлкен көп қабатты үйлерге көшірілді.

2016 жылға жоспарланған екінші кезеңде ұсынылатын таңдау нұсқалары: көп қабатты үйлердегі пәтерлерге және Аралтал ауылында салынған жеке үйлерге көшіру.

Көшіру жобасында ауыл тұрғындарымен біраз әңгімелесулер, пікір алмасулар және кеңестер өткізілді. 2015 жылдың тамыз айында КПО ауыл тұрғындарымен кеңесуді «Ашық Күндер» форматында өткізді. Березов және Бестау ауылдарынан 600 астам тұрғындар қатынасты. Жергілікті өкімет басшылары, КПО және тәуелсіз кеңесшілер көшіру жобасы туралы ақпарат тақталары мен кітапшаларды қолдана отырып, көшірудің ұсынылған әр түрлі нұсқаларын көрсетті және әрбір тұрғынмен жеке түрде талқылау өткізді.

2015 жылдың қазан айында жергілікті басшылық КПО-мен әрекеттесіп, көшіру жобасының екінші кезеңіне арналған пәтерлер мен үйлердің сипаттамасы бар ақпарат кітапшалар мен жар газеттерін Березов және Бестау ауылдарының қоғамдық жерлеріне таратты.

2015 жылдың қазан –қараша айларында 1-кезеңде көшірілуге құқылы Березов және Бестау ауылдарының жанұяларымен, жоғарыда аталған Көшіру комиссия-



сының қатысуымен арнайы жеке жиналыстар өткізді. Жиналыстар кезінде, әрбір жанұя өкілдері көшірілуге ұсынылған пәтерлер мен берілетін өтемақы түрлері, дүние-мүліктері жайлы және тағы да басқа сұрақтар қойды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына жіберілген шағым

2013 және 2014 жылдардағы Тұрақты даму туралы есептерімізде атап өткендей, 2013 жылдың ортасында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Ұлыбританиядағы, Италиядағы және Құрама Штаттардағы байланыс бөлімдеріне "Круд Эккаунтбилити" ұйымы КПО және құрушы компанияларға (BG, Eni, Chevron) қатысты Березов ауылы тұрғындарының азаматтық құқығы бұзылды деген шағым түсірді. 2013 жылдың 19 тамызында бұл жөнінде КПО толық ақпарат берді. Ұлыбританиядағы ЭЫДҰ-ның Ұлттық Координациялық Бюросы (ҰКБ) бұл негізсіз арыздардың көбін жоққа шығарды,

бірақ, «кәсіпорынның санитарлық-қорғау аймағында орналасқан үйлерге қатысты көтерілген сұрақтарды әрі қарай зерттеуге шешім қабылдады...».

Ұлыбританиялық ҰКБ тараптарға КПО-ның санитарлық-қорғау аймағында орналасқан екі жанұяны көшіру туралы дау-жанжалды делдалмен реттеу/келісу үдерісін жүзеге асыруды ұсынды. Ұсынысты КПО және Құрушы компаниялар қабылдады. 2014 жылы үш делдалдық кездесулер өткізілді.

2015 жылдың аяғында КПО ҰКБ-ға олардың өтініші бойынша қосымша ақпарат ұсынды. ҰКБ өзінің ақтық бағасын 2016 жылы шығарады деп күтілуде.

Ауыл тұрғындарын апатқа қарсы әрекет етуге дайындау

Апатқа қарсы тиімді әрекет етуді қамтамасыз ету үшін, КПО жергілікті атқарушы органдармен және Бөрлі ауданының азаматтық қорғаныс және өндірістік қауіпсіздік саласындағы аймақтық органдармен жұмыс істейді. 2015 жылы бұл органдар КПО компаниясымен бірігіп, Қоршаған ортаны бақылау және байланыс жүйесін қолдану туралы Нұсқау әзірледі. Кестеге сәйкес, 2015 жылдың ішінде дыбыстық дабыл қолдану арқылы елді мекендерде апаттық хабарлау станциясы ай сайын сыналып тұрды.

Осыған қоса, жыл бойына КПО мамандары жергілікті үкімет органдарына, фермерлерге, ауыл тұрғындарына қоғамдық апаттық дабыл беру жүйесін пайдалану туралы кеңестер берді. Барлығы, 600-ден артық жергілікті тұрғынмен кездесулер өткізілді. Сонымен қатар, жергілікті әкімшіліктердің көмегімен, КПО мамандары ҚӨК – Үлкен Шаған – Атырау экспорттық құбыр желісінің бойында орналасқан 51 ауылда тұратын 431

жергілікті тұрғынмен төтенше шұғыл әрекет ету және бірігіп шара қолдану мәселелері жөнінде кездесулер өткізді.

Барлық апаттық әрекет ету жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін қадағалау мақсатында, КПО Эвакуациялық іс-шаралар жоспарына сәйкес ауылдарда жүйелі түрде дайындық жұмыстарын жүргізеді. Бөрлі ауданы әкімдігінің Төтенше жағдайлар бойынша аудандық комиссиясының ұсыныстарына сәйкес, оқыту-жаттығу жұмыстарын жүргізу кезіндегі басымдылық ауылдың трансшекаралық орналасуы ескерілген, кен орнына жақын орналасқан, тұрғындар саны мейлінше жоғары ауылдарға берілуі керек.

Дабыл жүйесінің жұмысын жетілдіру мақсатында, 2015 жылы Березов ауылында дауысты хабарламаларды жіберу үшін дауысты байланыс жүйесін құру және орнату пилоттық жобасы жүзеге асырылды.


Жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жәрдемдесу бағдарламалары

Қарашығанақ кен орны айналасында тұратын жергілікті халықтың негізгі ынтасы – өмір жағдайлары мен ауқаттылықтарын жақсарту болып табылады, бұл орайда, КПО жергілікті билік органдарына қолдау көрсете отырып, ұзақ мерзімді экономикалық дамуға үлесін қосу арқылы осы қажеттіліктерді қанағаттандыру бағытында күш салуда.

Сабағаттық кеңестер арқылы ауыл жұртшылығы өз елді мекендерінің инфрақұрылымы мен әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталған жобаларын ұсынады. КПО, өз кезегінде, ұсыныстарды сараптап, олардың тұрғындардың мұқтаждығына, жалпы басымдықтарға қарай, өзара сәйкестігін және оның бөлінген бюджет аясында жүзеге асыру мүмкіндігін бағалайды. Төмендегі сызбада КПО-ның жергілікті қауымдастықтардың даму бағдарламаларына 2015 жылы қосқан үлесі көрсетілген.

27-СЫЗБА

Жергілікті қоғамдастықтардың дамыту бағдарламаларын 2015 жылы қаржыландыру



КПО-ның 2015 жылы денсаулық сақтау, білім беру және өнер саласында жергілікті қоғамды қолдау мақсатында жүзеге асырған бастамалары туралы ақпарат төменде бөлімдерде берілген.

Жасы үлкендер мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету

Жергілікті халықты әлеуметтік қолдау бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын КПО-ның маңызды жобаларының бірі – зейнеткерлерге шипажайлық-курорттық емделу мен Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан ауылдарда (Бөрлі ауданының Березов, Успеннов, Жарсуат, Приуральный және Пугачев ауылдық аймақтары) тұратын балаларға жазғы лагер ұйымдастыру болып табылады.

2015 жылы КПО ауыл зейнеткерлері мен Бөрлі ауданының Соғыс және Еңбек ардагерлеріне «Ақжайық» шипажайына 200 жолдама бөлді. Бөрлі ауданының жоғарыда аталған ауылдық аймақтарының 150 оқушысы «Талап» жазғы лагерінде 10 күн демалып қайтты.

Бұған қоса, 2015 жылы КПО табысы төмен отбасылардың балаларына 1 қыркүйек – Білім күні мерекесі аясында, негізгі мектептік керек-жарақтары салынған 100 арқақоржын мен Жаңа жыл мерекесіне орай, 14 жасқа дейінгі балаға 1 186 кәмпит пен тәттілер толтырылған сыйлықтар табыстады.

Жеңіс күні ардагерлерге құрмет көрсету

КПО-да 2003 жылдан бері Қарашығанақ кен орнының маңайындағы ауылдарда тұратын Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен соғыс ардагерлерінің тұл әйелдерін Ұлы жеңіс күні қарсаңында құттықтау дәстүрі қалыптасқан. 2015 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстағы Ұлы жеңістің 70 жылдығына арнап, КПО ардагерлері мен ардагерлердің тұл әйелдеріне 14 азық-түлік қоржындарын сыйға тартты.

Білім беру

КПО-ның жергілікті қоғамның әлеуметтік даму бағдарламалары жергілікті жастардың дамуын да көздейді. Еңбек ресурстарына ұзақ мерзімді инвестициялар салу, жергілікті қоғамдастықтардың экономикалық жағынан өркендеуіне көмектесу арқылы компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуге септігін тигізеді.

2014 жылғы Тұрақты даму туралы Есебінде сипатталған КПО-ның қоғамдық стипендия бағдарламасын және «Жас дарын» атты қоғамдық мекемені қолдау жөніндегі шаралар 2015 жылы да өз жалғасын тапты.

ЭКОНОМИКА ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ



КПО компаниясы Қарашығанақ кен орынына үздік тауарлардың, қызметтердің және жұмыстардың жеткізілуін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстандағы және бүкіл дүниежүзіндегі көптеген мердігерлік ұйымдармен, сатушылармен және әріптестерімен өзара әрекет жасайды. Қызметіміздің Батыс Қазақстан аймағына әсерін мойындаймыз және жергілікті қатысымды дамыту мен жабдықтау мүмкіндіктері арқылы жергілікті тұрақты даму мақсатына үлесімізді қосамыз.

Жабдықтауды ұйымдастыру жүйесі

КПО-ның тауарлар мен қызметтерді сатып алу саласындағы әрекеттері бекітілген тендерлік процедураларға және ӨБТК талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Сатып алулар бәсекелестік, әділдік және құпиялылық қағидаттарының сақталуы қарастырылған тендерлік сауда-саттық жүргізу арқылы бәсекелестік негізде өткізіледі.

Мердігер жұмысы бойынша білдірілетін соңғы пікірде – оның келісімшарттық міндеттерін орындауына, соның ішінде көрсетілген қызметтер сапасына, саудалық басқаруына, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аясында КПО-мен өзара әрекеттестігіне және тағы басқа қасиеттеріне баға беріледі. Бұл талдау, жеткізушінің біліктілік деңгейін жаңартуға және қайта қарауға мүмкіндік береді.



Сатып алуды жоспарлау үдерісі шығындар мен қаражатты үнемдеуге, қорлардың мақсатты көрсеткіштері мен сапаға қатысты нақты шаралардың бағдарламалық жобалануын қамтиды. Келісімшарттық бағдарлама тиісті ережелер мен саясаттарды сақтай отырып, КПО тұтынушы бөлімдерінің сатып алу қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыруды қамтамасыз ететін қажетті әрекеттерді анықтауға бағытталған.

Тауар санаты және жеткізушілер мәселелерін басқару жүйесі КПО-ның этикалық қағидаларына, жергілікті қамту және қаржылық тұрақтылық саласындағы талаптарына сәйкес, келісімшарттық жұмыс пен сатып алуларды жүзеге асыруға бағытталған.

Өтінім беру үдерісі, тұтынушы бөлімнің келісімшарттық жұмыс және сатып алулар бөліміне тауарлар және/немесе жұмыстар және/немесе қызметтер алу мақсатында сатып алу әрекетін бастау жөнінде сұраным жіберуден басталады.

Тендерлік сауда-саттық жүргізу мен келісімшарт беру кезеңі – өтініштерді дайындау, тиісті жеткізушілерді анықтау және тендерлік сауда-саттыққа шақыру, түскен ұсыныстарға талдау жасау, сондай-ақ келісімшарт беру және жасау үдерістерін қамтиды.

Содан соң, келісімшартты басқару және әкімшілік ету үдерісінде келісімшарт бойынша рөлдер мен орындауға жауапты жақтар, соның ішіне Келісімшартты ұстаушы, Келісімшарт бойынша әкімшілік жасау маманы және КПО Келісімшарттық жұмыс және сатып алулар бөлімінің өкілдері анықталады.

Қарашығанақ кен орнын игеруді бастау уақытынан 2015 жылдың соңына дейінгі аралықта КПО-ның жеткізушілер туралы мәліметтер базасында 7 673 ықтимал тауар, жұмыс және қызмет түрін жеткізуші тіркелген. 2015 жылы барлығы 499 компания тіркеліп, оның 242 компаниясы этикалық жағынан құжаттық сараптамадан өтті.

2015 жылдың қорытындысы бойынша КПО 1,1 млрд астам АҚШ долларына 1 787 келісімшарт және оған қосымшалар жасады. Келісімшарттар мен оған қосымшалар 597 жеткізушіге ұсынылды, оның 341-і (57%) – жергілікті жеткізуші (Қазақстан Республикасында тіркелген), ал 256-сы (43%) – шетелдік компаниялар.

Сатып алулар санатына сәйкес, 2015 жылы КПО 166 млн-нан астам АҚШ долларына 1 160 тауарлар жеткізу келісімшартын, 998 млн-нан астам АҚШ долларына 627 қызметтер көрсету келісімшартын жасады.

Қарашығанақ кен орнында құрылыс, бұрғылау операцияларын, тасымалдау және техникалық қызмет көрсету әрекеттерін қамтитын негізгі жұмыс пен қызмет түрлерін орындауға біз көптеген мердігерлерді жұмысқа тартамыз.

Тауарларды жеткізу келісімшарттарының негізгі санаттары: құбырлық өнімдер, компрессорлар, әр түрлі бекіту арматуралары, сағалық атқыма құрылғылар, жылу алмастырғыштар, электр тауарлары және осы қондырғылардың қосалқы бөлшектері.

Қызмет көрсету жөніндегі негізгі келісімшарттар: құрылыс, тамақтандыру қызметтері, ГҚДҚ-2 нысанында газды кері айдау компрессорларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, ҚӨК нысанында газтурбиналық станцияға техникалық қызмет көрсету және жөндеу, логистика және жүктерді жөнелту қызметтері, бұрғылау және ұңғымалық операциялар, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау қызметтері, күзет қызметтері, жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі қосалқы қызметтер сияқты қызмет түрлерін қамтиды.

2015 жылы қызмет көрсету бойынша келісімшарттың басым көпшілігі, жоғарыда аталып өткендей, Қазақстан Республикасында тіркелген компаниялармен жасалынды. Сонымен бірге, тауарлар мен қызмет көрсету бойынша келісімшарт жасалынған мемлекеттер саны көп. Оған Қазақстаннан басқа Италия, Ұлыбритания, Франция, Венгрия, Германия, БАӘ, Ресей, АҚШ, Нидерланд, Чех Республикасы кіреді.

Қазақстандық қамтуды дамыту

Қарашығанақ кен орнын игеруді бастағаннан бері КПО Қарашығанақ бойынша серіктестерінің Қазақстанда бизнес жүргізу үшін сатып алатын жалпы жергілікті тауар, жұмыс және қызмет үлесін арттырып, импортты азайтуды мақсат ететін жергілікті қамтуды дамыту бағытында белсенді қызмет етіп келеді.

КПО-ның жергілікті қамтуды дамыту саясаты келесі мақсаттарды орындау арқылы Батыс Қазақстан аймағында және бүкіл елде бизнесті қолдауды көздейді:

- КПО-ның ағымдағы жұмыстарына және кеңею жобаларына ашықтық және қарым-қатынас орнату арқылы жетілдірілген қолжетімділік;
- Жергілікті тауар өндірушілердің және жеткізушілердің дағдысы мен мүмкіндіктерін дамыта отырып, қолайлы бәсекелестік орта ұйымдастыру;
- Тек жергілікті компаниялар арасында тендерлік сауда-саттық жүргізуде ұсынылатын жергілікті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді анықтау (Қазақстандық тендерлік сауда- саттықтар).

Сатып алу үдерісіміздің ашықтығын жетілдіру мақсатында, жабдықтаудың жылдық, орта және ұзақ

мерзімдік жоспарлары компанияның интернет сайтында орналастырылған. Сонымен қатар, тендерлік талаптарды жариялау мақсатында жеткізушілердің бастапқы бағалануы және тіркелуі туралы мәліметтер Компанияның деректер базасында жаңартылып тұрады. Бұл жергілікті компаниялардың КПО талаптарына сай өз жеткізу стратегиясын дайындауға мүмкіндік береді.

Жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасына сай, КПО ұлттық және салалық даму бағдарламаларын қолдайды. 2015 жылы КПО бұл бағдарлама жолында келесі маңызды келісімдерге негізделген біраз бастамаларды жүзеге асырды:

- 2012 жылы қыркүйек айында Теңізшевройл, Норт Каспиан Оперейтинг Компани және ҚазМұнайГаз Ұлттық Компаниясымен бірлесіп жасасқан Ақтау декларациясы.
- Ұлттық өнеркәсіпті дамыту бойынша 2014 шілде айында КПО, «PSA», «KAZENERGY» ассоциясы қол қойған Түсіністік туралы үш жақты меморандум.
- 2015 жылдың желтоқсан айында Қарағанды облысы әкімшілігімен жасасқан Түсіністік туралы меморандум.



КПО басшылығы Атыраудағы "Жігермұнайсервис" машина жасау зауытына сапары барысында

Сонымен қатар, КПО жыл бойына бірнеше арнайы форумдар мен семинарлар өткізді:

- Қарашығанақ жобасын кеңейтудің 1-кезеңіне қажет металқұрылғылар мен құбыр өнімдерін Батыс Қазақстанда өндіретін БҚО және халықаралық ұжымдардың қатысуымен «Болаттан жасалған өнімдерді өндіру саласын қолдау» семинары 2015 жылдың маусым айында Орал қаласында өткізілді;
- Жалпы техникалық қызмет көрсететін ұйымдарға арналған «Техникалық Семинар» 2015 жылдың тамыз айында Орал қаласында өткізілді;
- Ақтау декларациясының аясында Жеткізушілердің бірлескен форумы Алматы қаласында 2015 жылдың қазан айында өткізілді;
- Қарашығанақ жобасын кеңейтудің 1-кезеңіне қажетті электр жабдықтар мен кабель өнімдерін өндірушілердің жергілікті және халықаралық өкілдері арасындағы серіктестік қарым-қатынасты дамыту мақсатында «Электрика бойынша семинар» Алматы қаласында 2015 жылдың қараша айында өткізілді;
- Қарағанды облысының компаниялары үшін КПО Форумы Қарағанды қаласында 2015 жылдың желтоқсан айында өткізілді.

ӨБТК ережелері мен шарттарына және жергілікті қамтуды дамыту саясатына сәйкес, КПО өз өндірісінде

жергілікті үлесті барынша көбейтуге тырысады, бірақ бұл салада ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ, сапа және тиімділік мәселелері әрдайым ескеріліп отырады. Бірлескен кәсіпорын айқындаған қатаң техникалық стандарттарға сай болу мақсатын қолдау үшін КПО компаниясы жергілікті сатушылардың дағдысын жақсарту, олардың біліктілігін арттыру, мұнай және газ өндірісі саласында бәсекелестік қабілетін шыңдау бойынша арнайы оқыту бағдарламаларын ұсынды.


Сатушыларды кәсіби дамыту жұмыстары аясында өткізілген жергілікті қамту семинарларында 125-ке жуық жергілікті компанияға біліктілік және жабдықтау үдерісі таныстырылып, хабарланды. Сонымен қатар, 2015 жылы жергілікті 30 мердігерлік ұйым үшін, бәсекелестік қабілетін және іскерлік дағдыларын дамыту мақсатында ISO Басқару жүйелеріне сәйкестік (9001, 14001, 18001, 29001) және Жобаны Басқару (IPMA) бойынша 63 оқыту курстары ұйымдастырылды.

Бұрынғы жылдардағы есептерде көрсетілгендей, КПО арнайы маңызды тауарлар өндірісін дамыту мақсатында, халықаралық және жергілікті компаниялардың арасындағы серіктестік қарым-қатынас құруды қолдау шараларын жалғастыруда. Бұндай ұстаным жергілікті қамтуды дамыту тұрғысынан алғанда тиімді болтынына сенеміз.

2015 жылы Қарашығанақ жобасында қазақстандық қамтудың үлесі төмендегі сызбада көрсетілгендей 48,78%-ды (581 млн АҚШ долларын) құрады.

28-СЫЗБА

2013-2015 жылдары КПО жалпы шығыны көлеміндегі жергілікті қатысымның үлесі



Ұлттық өндірісті дамыту

Қазақстанда жаңа тауарлар өндіру, жұмыстар мен қызмет көрсетуді (ТЖҚ) қолдау, жергілікті компанияларды ұдайы дамыту, олардың мүмкіндіктерінің артуына көмектесу, бәсекелестік қабілетін және олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін жетілдіру – КПО үшін аса маңызды.

Өндірісті орталықтандыру жобалары дегеніміз – шетел және жергілікті өндірушілердің өзара тиімді қарым-қатынасын дамыту, ішкі инвестицияларды көбейту, жаңа жұмыс орындарын ашу және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қолайлы ықпал ету. Осындай жобалардың үлгілері төменде көрсетіледі.

№ 1 МЫСАЛ

Ұлттық өндірісті дамыту бойынша Түсіністік туралы Меморандум аясында мезгілден ерте тендерлік сауда-саттық және Сынама тапсырыстарды іске асыру**Мақсаты:**

Қарашығанақ кен орнында жаңа өндірістік нысандар құру немесе бұрынғы кәсіпорындарды жаңарту арқылы жаңа тауарлар мен қызметтерді дамытуды қолдай отырып, жергілікті азаматтарға жаңа жұмыс орындарын ашу мүмкіндігін туғызу.

Шешімі:

ҚР Үкіметінің өндірістік және қызмет көрсету кластерлерін құру туралы бастамаларын қолдау үшін және Қарашығанақты ұлғайту жобаларының қажеттіліктерінің ықтимал өсуін еске ала отырып, КПО жобаларының алғашқы сатыларында қажет тауарлар, жұмыстар және қызметтерді анықтау, жергілікті жеткізушілер арасында олардың кластерлерін ашу және мезгілден ерте тендерлік сауда-саттық және сынама тапсырыстарды іске асыру мақсатында КПО, «PSA» ЖШС және KAZENERGY ассоциациясы ұлттық өндірісті дамыту бойынша Түсіністік туралы Меморандумға 2014 жылдың шілде айында қол қойды. Бұл бастама, жергілікті өнім жеткізушілерге Қазақстанда жаңа тауарлар, жұмыстар және қызметтерді өндіруге уақыт және мүмкіндіктер береді.

Қорытынды:

Түсіністік туралы Меморандумның тараптары тауарлар, жұмыстар және қызметтерді жергілікті нұсқалармен алмастыру мүмкіндігін анықтау мақсатында жұмыс тобы (ЖТ) құрылды. ЖТ тексеріс өткізіп, жергілікті нұсқалармен алмастырылуы ықтимал және КПО үшін мезгілден ерте тендерлік сауда-саттық пен сынама тапсырыстарды іске асыруда ұзақ уақытты талап ететін тауар, жұмыс және қызмет (ТЖҚ) көрсетудің 15 түрін анықтады. Анықталған 15 ТЖҚ үш топтамаға бөлінді – қысқа, орта және ұзақ мерзімді. Мезгілден ерте тендерлік сауда-саттықтар мен сынама тапсырыстарға міндетті талап – олардың Қазақстанда жасалынуы. 2015 жылы КПО 1-топтама бойынша жұмыстар бастады. Мезгілден ерте тендерлік сауда-саттықтар және сынама тапсырыстардың әрбір мысалы бойынша, КПО ықтимал жеткізушілер - жергілікті компаниялардың мезгілден ерте тендерлік сауда-саттық пен сынама тапсырыстарға қатысуын әзірлеу үшін, Түсіністік туралы меморандум мақсатын, мезгілден ерте тендерлік сауда-саттықтар және сынама тапсырыстардың қағидаларын және КПО-ның тауарлар мен материалдардың әрбір түріне қоятын талаптарын түсіндіру жиналыстары өткізілді.

1-топтама бойынша сатып алулар үшін КПО мезгілден ерте тендерлік сауда-саттықтар жариялады:

- Жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ);
- Қоршаулар мен қақпалар.

Келесі сатып алуларда іске асырылуы жоспарланған Сынама тапсырыстар:

- Қазақстанда жасалған бұрғылау қашауы, сынақтан 2016 жылдың екінші тоқсанында өткізіледі деп жоспарлануда;
- Далалық және лабораториялық сынақтан өткізу үшін жергілікті жеткізушілерден сатып алынған барит үлгілері;
- Мұнай ұңғымасы цементінің жергілікті жеткізушімен қамсыздандырылу мүмкіндігі зерттелді;
- Сынақтан жақсы өткен жергілікті өндірілген каустикалық сода.

№ 2 МЫСАЛ:

«Ұңғыма операцияларының Жол картасы» бастамасы

Мақсаты:

Сұңғыма операциясы қызмет көрсету саласында ҚР ұлттық компаниялары мен халықаралық мердігерлердің арасындағы серіктестікті дамытуды алға жылжыту және қолдау.

Шешімі:

Таңдалып алынған бірнеше қызмет үшін, ұңғыма операцияларына қызмет көрсетушілер тендерлік сауда-саттық сатысынан ерте шақырылып, ҚР ұлттық компанияларының ұңғыма операцияларында қызмет көрсету қабілеттерін арттыру мақсатында, консорциум немесе бірлестік/серіктестіктің басқа да формасын құру мүмкіндігі қарастырылды.

Қорытынды:

Қазіргі кезде КПО жергілікті меншікті немесе серіктестікті талап ететін келесі ұңғыма операциялары қызметтеріне бәсекелестік тендер жариялап отыр:

- Ұңғымаға кері айдауға арналған бұрғылау сұйықтықтарын ұсыну,
- Ұңғыманың стандартты сынағы мен тазалығы,
- Иілгіш құбырларды қолдана отырып қызмет көрсету,
- Құбырды түсіру,
- Газды каротажды өткізу,
- Бұрғылау қондырғысын ұсыну.

КПО болашақта бұрғылау қондырғысы бойынша қосымша тендер бастауды жоспарлап отыр. Келісімшарттың орташа ұзақтығы - 3 жыл және оның ұзартылуы қарастырылған.

Осындай бағдарлама арқасында жергілікті және халықаралық компаниялар арасында ұңғыма операцияларына қызмет көрсетуге байланысты тендерлік сауда-саттыққа қатысатын 16 серіктестік қарым-қатынас орнауына себебі болды.

Қазақстандағы мұнай және газ операторларының бірлескен іс-қимыл туралы Ақтау декларациясы

Есептің алдыңғы нұсқаларында біз отандық өндірісті бірегей басымдықта дамыту бойынша операторлардың, инвесторлардың және мемлекеттік мекемелердің жеке бағдарламаларын біріктіру мақсатында, 2012 жылы қол қойылған мұнай-газ операторларының бірлескен іс-қимыл туралы Ақтау декларациясы аясындағы бастамалар жөнінде айтып кеткенбіз. Осы бастамаға қатысушылар – Теңізшевройл, Норт Каспиан Оперейтинг Компани, КПО және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы бірлесіп әрекет етуді жалғастырып, 2015 жылы жергілікті қамтуды дамытуды қолдау жұмыстарында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

2015 жылы ҚР үш үлкен мұнай және газ операторлары жеткізушілерді тіркеудің бірегей базасын жасаудың техникалық талаптары жөнінде келісімге келіп, «Алаш» атты мәліметтер қорын құруға қол

жеткізді: бұл дерекқор жергілікті жеткізушілердің қажеттіліктерінің негізгі қақпасына айналды.

2015 жылдың қараша айында өзінің сатып алу үдерісінде қатыстырылатын жергілікті компаниялардың профайлдарын пайдалану мақсатында КПО «Алаш» мәліметтер қорымен жұмыс істей бастаған алғашқылардың бірі болды. Елдің өнеркәсіп секторын қолдау мақсатында, үш Оператор тауар, жұмыс және қызметтердің 10 негізгі тобына назар аударуды ұйғарды. Бұл топтар әр Оператор жасаған тарихи мәліметтерді талдау үдерісінің нәтижесінде және жергілікті нұсқалармен алмастыру жобалары аясындағы жұмыстарының, экономикалық және қаржылық тиімділігінің ұзақ мерзімді талабының белгілерін салыстыру арқылы анықталды.

КПО 2015 жылдың 6 қазанында Алматы қаласында Операторлардың бірлескен Форумын ұйымдастырды және бұл жиында 10 негізгі ТЖҚ техникалық талаптары мен сипаттамалары туралы толық ақпарат ықтимал сатушыларға жеткізілді. Бұл біркүндік жоғары сатылы мәжіліс әртүрлі ҚР мемлекеттік қызметкерлері, Энергетика және Инвестициялар мен Даму министрліктері,

70-тен астам машина жасау және инженерлік кәсіпорындары, 30-дан астам шетелдік өндірушілер, агенттіктер мен қаржы институттары сияқты саудасаттыққа қатысушылар мен мүдделі тұлғалар арасында ТЖҚ-ді жергілікті нұсқалармен алмастыру мүмкіндіктерін талқылауда тиімді алаң болды.

Батыс Қазақстан облысына энергия ресурстарын жеткізу көздері

2014 жылдың Тұрақты даму туралы есебінде атап өткеніміздей (139-бет), КПО компаниясы БҚО түпкілікті тұтынушыларын қамтамасыз ететін екі жеткізу ұйымдарына – «Ақсайэнерго» ЖШС және «Батыс Энергоресурсы» ЖШС электр қуатын өндіріп, жеткізеді.

КПО компаниясының электр энергиясын өндірудің алғашқы мақсаты – Қарашығанақ кен орнының қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар, Батыс Қазақстан аймағының тұтынушыларын да электр қуатымен қамтамасыз ету. 2013-2014 жылдары КПО ҚӨК нысанының газ-турбиналық электр станциясындағы төртінші генератордың жұмысы аймақтық желілерге 45-48 МВт-қа дейін электр қуатын беруге мүмкіндік берді. Бұл, өз жағынан, аймақтың экономикасына айтарлықтай үлес қосты.

2015 жылы КПО-ның аймақтық желілерге электр қуатын жеткізу мүмкіндігі азайып, жыл мезгіліне қарай, БҚО пайдаланған жалпы электр қуаты мөлшерінің 20-35% үлесін құрады. Өткен жылдармен салыстырғанда, 2015 жылы жеткізілген қуат мөлшері төмендеу болды. Бұның себебі – инженерлік шектеулерге әкелген 2015 жылдың маусым айында орын алған ҚӨК-тегі ГТЭС-тің үшінші генератор трансформатордағы өрт оқиғасы. Дегенмен, өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) бойынша алынған міндеттемелерге сәйкес, КПО Батыс Қазақстан аймағының тұтынушыларына 20 МВт-қа дейін электр қуатын жеткізуді жүзеге асыра алды.

Электр қуатымен қамтамасыз ету сенімділігін арттыру және Батыс Қазақстан облысының басшылығы мен Батыс Қазақстан аймақтық электр желілерін тарату компаниясының өтінішіне жауап ретінде, КПО аймақтық электр желілерін жетілдіру жобасын қолдап, 2014 жылы 326 млн теңгеден астам қаражат бөлді. 2015 жылы электр желілерін жетілдіру жобасы өз жалғасын тауып, жұмсалған қаржы көлемі 574 млн теңгеге жетті.

Жетілдіру бағдарламасында ҚӨК ГТЭС-нан Пойма станциясына дейінгі төрт 110 кВ жоғары кернеулі әуе желісі мен төрт 110 кВ қосалқы станциялар құрылғысының ішінара жаңарту, жоғары кернеулі әуе желісіне қосымша элементтер қосу, сонымен қатар қондырғының кейбір ескірген бөліктерін алмастыру мен қосалқы станцияларда жаңартылған ерекшеліктері бар қорғаныс құралдарын орнату қарастырылған. Жетілдірудің бірінші кезеңі 2014 жылы орындалса, екінші кезеңі 2015 жылдың қыркүйек айында басталып, қараша айының аяғында толығымен бітеді.

2015 жылы КПО БҚО желілеріне 233,94 ГВт электр қуатын жіберді, оның ішінде 29,62 ГВт «АқсайЭнерго» ЖШС және 204,32 ГВт «Батыс Энергоресурсы» ЖШС ұжымдарына өткізілді. 2015 жылы БҚО тұтынушылары үшін ҚӨК ГТЭС-те электр қуатын өндіруге арналған отындық газ көлемі 68,05 млн м³ құрады.

45-КЕСТЕ 2015 жылдағы КПО-ның отын газы мен электр қуатын жеткізуі

	2013	2014	2015
БҚО-на жеткізілетін отын газ, млн м ³ , оның ішінде:	98,7	114,3	68,05
• «КазТрансГаз Аймаққа» тікелей сату	0	0	0
• БҚО үшін электр қуатын өндіру	98,7	114,3	68,05
БҚО жеткізілген электр қуаты, ГВт-сағ	325,9	345,5	233,94

ЕСЕП БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ЕСЕП ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ



Есеп беру аясы мен қамту шегі

КПО Тұрақты даму туралы есебі, компанияның тұрақты даму аспектілерін және оның экологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы негізгі жетістіктерін көрсетеді.

2015 жылы КПО, Қазақстандағы 2013 және 2014 жылдарға арналған Тұрақты даму туралы есептерді есептілік жөніндегі жаһандық бастамасының (GRI) жаңа G4 нұсқаулығына сәйкес шығарған алғашқы компаниялардың бірі болып келеді.

Бұл есеп 2015 жылы қол жеткізген көрсеткіштерімізді және алдағы жылға қойылған жоспарларымызды қамтиды. Бұл есепте соңғы үш жыл ішінде қол жеткізген көрсеткіштердің 3 жылдық салыстыру тәсілі бойынша алынған қорытынды ақпараттары берілді.

Есеп жыл сайын жарияланып келеді. Өткен жылдың есебі 2015 жылдың шілде айында жарияланған болатын. Біз 2015 жылғы есептің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ете отырып, сапасын арттыруға тырысамыз.

Есептілік жөніндегі жаһандық бастамасы

2013 жылдан бастап есепті, Есептілік жөніндегі жаһандық бастамасының (GRI) жаңа 4-ші (G4) нұсқаулығының талаптарына сай беріп келеміз. КПО GRI жаңа 4-ші (G4) нұсқаулығының талаптарын Қазақстан Республикасындағы алғашқы компаниялардың бірі болып қолдана бастаған.

2015 жылға арналған Тұрақты даму туралы есебімізде GRI жаңа 4-ші (G4) нұсқаулығының талаптарын қолдануын жалғастыра отырып, оның ашықтық пен айқындық деңгейін сақтап келеміз. Бұл есеп G4 нұсқаулығының «Негізгі» нұсқасына сай дайындалып, шығарылды.

Біз басқару саласындағы амал-тәсілдер туралы ақпаратты ұсына отырып, корпоративтік басқару,

экологиялық нормалар мен еңбек қатынастары туралы мағлұматтар беруді жалғастырудамыз.

Мүдделі тараптарымыз бен материалдық мәселелер

Тұрақты даму туралы есеп, біз және біздің мүдделі тараптарымыз арасындағы өзара қатынас құралы деп саналады. Бұған байланысты егжей-тегжейлі ақпарат 6-11 беттеріндегі тиісті тарауларда берілген.

Біз мүдделі тараптарымыздан дәстүр ретінде қалыптасып кеткендей, біздің www.kpo.kz элетрондық сайтымызда орналасқан, 2015 жылға арналған есебіміз туралы ой пікірлерімен бөлісуін сұраймыз.

Ақпаратты тәуелсіз растау

КПО Тұрақты даму туралы есепте ұсынылған ақпараттың ашықтығы мен сенімділігін растау үшін тәуелсіз тарапты қатыстырады.

Ұсынылған ақпараттың сенімділігін сырттай растау процесі, ISAE 3000 (ақпарат деректілігінің растығын дәлелдейтін халықаралық стандарт) халықаралық стандартына сәйкес есептің мазмұнын растау ұйымының шектеулі талдауын қамтамасыз етеді. КПО Тұрақты даму туралы есепте ұсынылған ақпараттың шынайлығын дәлелдеу үшін, растау ұйымының аудиторлық сараптау тобын өндірістік нысандарға келуін жыл сайын ұйымдастырады. Бекітілген Тұрақты даму туралы есеп, жариялану алдында растау ұйымының тексеруінен өткізіледі, содан соң, растау ұйымы Тұрақты даму туралы есепке енгізілетін ақпараттың сенімділігін растау жөніндегі есепті дайындап, шығарады.

